

<p>«Фридом Финанс» АҚ 2018 ж. 02 қазандағы № 3.2.238/15 Бағалы қағаздар нарығында мына қызметтер түрлерін: 1) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бірге брокерлік және дилерлік қызметті; 2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметін іске асыруға лицензия. 2020 ж. 04 ақпандағы № 4.3.12 шетелдік валютамен банк операцияларын жүргізуге (қолма-қол шетелдік валютамен операцияларды қоспағанда шетелдік валютамен айырбастау операциялары) іске асыруға лицензия.</p>	15 код	04 редакция	Парақтар саны: 62
2020 ж. 09 қазанда қолданысқа енгізілді			

**Басқарманың
2020 ж. 05 қазандағы
Шешімімен (№10/05 хаттама)
Келісілді**

**2020 ж. 05 қазанда
Директорлар кеңесі
Бекіткен
(№ 10/05 хаттама)**

**БРОКЕРЛІК ЖӘНЕ ДИЛЕРЛІК ҚЫЗМЕТ
РЕГЛАМЕНТІ**

<i>Әзірлеген</i>	Тәуекелдер және комплаенс-бақылау жөніндегі басқарушы директор Жусупова К.А.	<i>Келісілді</i>	Сауда операциялары департаменті Игнатовский Р.В.
	Құқықтық мәселелер жөніндегі Басқарушы директор Кизатов А.Т.		Тәуекелдерді басқару Департаменті
	Тәуекелдерді басқару Департаментінің директоры Умираниева А.Ж.		Заң департаменті
<i>Күні</i>	2020 ж. 05 қазан		

Алматы, 2020

Ішкі құжатты өзгерту тізімдемесі

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы Брокерлік және дилерлік қызмет регламенті

Версиясы	Қолданысқа енгізілген күні	Өзгертулер толықтырулар және/немесе	Орган, құжат және бекітілген күні
01, жаңа редакция	2019 жылғы 26 шілде	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 ж. 26 қазандағы шешімімен бекітілгеннің орнына, «№10/26 хаттама»	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 26 шілдедегі шешімімен бекітілген (07/26 хаттама)
02 версия	2019 жылғы 26 қазан	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларға байланысты өзгертулер мен толықтырулар.	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 21 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 10/21 хаттама)
03 версия	2020 жылғы 17 сәуір	Уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілеріне және қор биржасында мәмілелер және мәмілелер бойынша есеп айырысулар жүргізу шарттарына өзгерістер мен толықтыруларға байланысты өзгертулер мен толықтырулар.	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі шешімімен бекітілген (№ 04/17 хаттама)
04 версия	2020 жылғы 09 қазан	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыруларға байланысты өзгертулер мен толықтырулар.	«Фридом Финанс» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 05 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 10/05 хаттама)

Мазмұны

I	Жалпы ақпарат	4
1 тарау	Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі	5
1.1	Жалпы ережелер	5
1.2	Брокерлік қызметтерді көрсету туралы шарт. Клиенттік тапсырыс	11
1.3	Қаржылық құралдармен мәмілелер жасау	18
1.4	Шетелдік валютамен қолма-қол ақшасыз айырбастау операцияларын жүргізу тәртібі	21
1.5	Есепке алуды ұйымдастыру	21
1.6	Андеррайтингтік қызмет	22
1.7	Маркет-мейкерлік қызметтер	23
1.8	Облигацияларды ұстаушылардың мүдделері өкілінің қызметтері	24
1.9	Қаржылық консультация беру және оқыту	24
1.10	Ішкі бақылау	25
2 тарау	Бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде операциялар жасау тәртібі	26
2.1	Жалпы ережелер	26
2.2	Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу шарттары мен тәртібі	30
2.3	Орталық депозитарий мен эмитенттің талап етуімен нақтылы ұстаушының бағалы қағаздары өзінің нақтылы ұстауындағы клиенттер туралы ақпаратты ұсыну тәртібі	41
3 тарау	Электрондық қызметтерді ұсыну тәртібі	42
4 тарау	Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде Құрылымдық бөлімшелердің жекелеген функцияларды орындау шарттары	45
II	Қорытынды ережелер	46
III	Қосымшалар	47
	1 Қосымша	47
	2 Қосымша	49
	3 Қосымша	51
	4 Қосымша	54
	5 Қосымша	56

I. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Толық атауы:

мемлекеттік тілде - «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде – Акционерное общество «Фридом Финанс».

Қысқарған атауы:

мемлекеттік тілде - «Фридом Финанс» АҚ;
орыс тілінде – АО «Фридом Финанс».

Заңды мекенжайы және почталық мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050040, әл-Фараби даңғ., 77/7, «Есентай Тауэрс» БО, 3а. т.ү.

Тіркеу туралы деректер:

Алматы қаласы әділет департаментінде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, 2013 ж. 09 қыркүйек, тіркеу нөмірі 5350-1910-01-АҚ.
БСН: 061140003010.

Лицензиялар туралы деректер:

«Фридом Финанс» АҚ өз қызметін мыналардың негізінде жүзеге асырады:
- 2018 ж. 02 қазандағы Бағалы қағаздар нарығында мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға № 3.2.238/15 лицензия:
1) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызмет;
2) ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметі,
- 2020 ж. 04 ақпандағы банк операцияларын жүргізуге (қолма-қол шетелдік валютамен айырбастау операцияларын қоспағанда шетелдік валютамен айырбастау операциялары) № 4.3.12 лицензия.

Интернет ресурс: www.almaty-ffin.kz

Электронды почта: info@ffin.kz

Қаржы нарықтарындағы қызметтерді көрсетумен байланысты мәселелер бойынша анықтамаларды «Фридом Финанс» АҚ уәкілетті тұлғалары +7 (727) 311 10 64/65 телефоны арқылы ұсынады.

Call center:

7555 (Қазақстанның мобилді операторларынан тегін);
8 800 080 31 31 (Қазақстанның стационарлық және мобилді операторларынан тегін).

1 ТАРАУ. БРОКЕРЛІК ЖӘНЕ ДИЛЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

1.1. Жалпы ережелер

1. «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Брокерлік және дилерлік қызмет регламенті (бұдан әрі – Регламент) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Осы Регламент:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне;
- Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына (бұдан әрі – БҚН туралы Заң);
- Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі – АҚ туралы Заң);
- Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына (бұдан әрі – ЭҚЖЭЦҚ туралы Заң);
- Қазақстан Республикасының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңына;

- Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – ҚКЗТҚ туралы Заң);

- Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыру, брокердің және/немесе дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібі қағидаларына», Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысы (бұдан әрі – №9 Қағидалар);

- Қазақстан Республикасының, соның ішінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (және/немесе Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің) (бұдан әрі – уәкілетті орган) өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілерімен реттелмеген бөлікте брокерлік және/немесе дилерлік қызмет Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам мен клиенттердің арасында жасалған брокерлік қызметтерді көрсету туралы шарттарға және іскерлік айналым ғұрыптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Биржа немесе KASE), Астана Халықаралық биржасының (бұдан әрі - AIX), «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық депозитарий) қағидаларында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен мәмілелер жасау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Қоғам Freedom Holding Corp. халықаралық холдингінің құрамына кіреді. Холдингтік компанияның акциялары KASE-де, Санкт-Петербург биржасында, Nasdaq Capital Market биржасында орналастырылған. Холдингтің қызметі АҚШ Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясымен (SEC) реттеледі.

4. Регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) андеррайтер – брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызметтер көрсететін бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

2) бұғаттау – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде және бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу;

3) брокер – клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де бағалы қағаздармен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

4) АХҚО биржасы (Астана Халықаралық биржасы (бұдан әрі - AIX) – АХҚО-да қаржылық құралдармен сауда-саттықтарды ұйымдық және техникалық қамсыздандыруды жүзеге асыратын акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға.

5) Қоғамның ішкі құжаттары (бұдан әрі - ІНҚ) – осы Регламент және Қоғамның, оның органдарының, құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдарының, өкілдіктерінің),

қызметкерлерінің қызмет жағдайлары мен тәртібін, қызметтер көрсетуін және оларға ақы төлеу тәртібін реттейтін Қоғамның өзге де құжаттары;

6) бағалы қағаздардың қайталама нарығы – орналастырылған бағалы қағаздардың айналысы барысында бағалы қағаздар нарығының субъектілері арасында қалыптасатын құқықтық қатынастар;

7) жеке шоттан үзінді – орталық депозитарий немесе нақтылы ұстаушы беретін және белгілі бір уақыт кезінде қаржы құралдары бойынша тіркелген тұлғаның құқықтарын растайтын, бағалы қағаз болып табылмайтын құжат;

8) бағалы қағазды ұстаушы – бағалы қағаздарды ұстаушылар тізімдерінің жүйесінде немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, бағалы қағаздар бойынша құқықтарға ие тұлға, сондай-ақ пайларын ұстаушылар ортақ үлестік меншік құқығында инвестициялық пай қоры активтерінің құрамына кіретін бағалы қағаздар бойынша құқықтарды иеленетін инвестициялық пай қоры;

9) дилер – ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де бағалы қағаздармен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

10) Брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт – Қоғам мен клиенттің арасында нақтылы ұстау немесе онсыз қызметтер ұсына отырып, брокерлік қызметтер ұсыну шарты;

11) заңнама – Қазақстан Республикасының заңдары, соның ішінде уәкілетті органның өзге нормативтік құқықтық актілері;

12) Қосылу туралы өтініш/шарт – жеке тұлғаға брокерлік қызметтер (нақтылы ұстаумен бірге) көрсету туралы Шартқа қосылу туралы өтініш/шарт. Брокерлік қызметтерді көрсету туралы өтінішке/шартқа клиент өз қолымен қол қояды, ал электрондық құжат түрінде берген жағдайда электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітіледі, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электронды көшірмелері және/немесе заңды тұлғаның құжаттарының көшірмелері қоса тіркеледі (заңнама және уәкілетті органның талаптарына сәйкес).

13) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар, (туынды қаржылық құралдар), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржылық құралдарды) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

14) Кастодиан – қаржылық құралдар мен клиенттер ақшаларын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық бағалы қағаздардың сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;

15) клиент – Қоғам көрсететін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдаланғысы келетін тұлға. «Клиент» анықтамасына инвестициялық пай қорларының басқарушы компаниялары да жатады.

16) клиенттік тапсырыс – Қоғамның клиентінің ұсынатын және осындай құжатта белгіленген шарттармен осы клиенттің есебінен және мүдделеріне қаржылық құралдармен/бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы нұсқау бар құжат;

17) клирингтік ұйым – клирингтік қызметті (бағалы қағаздар нарығында қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет) іске асыруға лицензияның негізінде клирингтік қызметті заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға;

18) мүдделер қақтығысы – Қоғамның мүдделері мен клиенттің мүдделері бір-біріне сай келмейтін жағдай;

19) бағалы қағаздардың бағасын белгілеу – ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында белгілі бір уақыт кезінде бағалы қағаз бойынша сұраныстың және (немесе) ұсыныстың жарияланған бағасы;

20) екі жақты баға белгілеу – Қоғамның биржада жарияланған сатып алу мен сатудың өзі олар бойынша осы қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелерді өзі жариялаған немесе қабылдаған шарттармен жасауға дайын болатын бағалары;

21) листинг – қор биржасының тізіміне енгізу және онда болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы

(листингтік) талаптар белгіленген осы тізімнің санатына және/немесе секторына бағалы қағаздарды енгізу;

22) Жеке шот – Қоғамның есепке алу жүйесінде қамтылатын, эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де бағалы қағаздар бойынша мәмілелерді тіркеу және құқықтарды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны біржақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;

23) Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты – клиентке ашылған және оның бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) есепке алуға арналған жеке шот;

24) Эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты – ол бойынша пайларды қоспағанда, орналастырылмаған бағалы қағаздарды есепке алу жүргізілетін нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде эмитентке ашылған жеке шот;

25) Эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты – ол бойынша пайларды қоспағанда бағалы қағаздардың қайталама нарығында эмитенттің сатып алған бағалы қағаздарды есепке алу жүргізілетін нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде эмитентке ашылған жеке шот.

26) Нақтылы ұстаушының жеке шоты – нақтылы ұстаушыға ашылған және оның клиенттерінің бағалы қағаздарын (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) есепке алуға арналған жеке шот;

27) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау – қаржы нарығы субъектілерінің және өзге тұлғалардың бағалы қағаздарға және өзге де қаржылық құралдарға, оның ішінде шетелдік валюталар мен қаржылық құралдарға ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде орныққан бағалардан (бағамдардан) жоғары немесе төмен бағаларды (бағамдарды) белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржылық құралмен сауда көрінісін жасауға бағытталған іс-әрекеттері;

28) Маркет-мейкер – осындай қаржы биржасы ретінде танылған және өзіне белгілі бір түрдегі қаржылық құралдар бойынша екі жақты баға белгілеуді тұрақты жаңартуға және қолдауға міндеттеме алған және мұндай мәртебені иеленуден туындайтын барлық міндеттерді орындайтын компания;

29) «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) - Нұр-Сұлтан қаласының шегінде Қазақстан Президенті анықтайтын дәл белгіленген шекаралары бар аумақ, онда қаржы саласындағы айрықша құқықтық режим қолданылады.

30) Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) – бағалы қағаздарды және басқа да қаржылық құралдарды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында оларға орталық депозитарий беретін әріптік-цифрлық код;

31) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздардың және өзге де қаржылық құралдардың айналым саласы, онда бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен, оның ішінде шетелдік валюталармен және туынды қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады;

32) бейрезиденттер – олар 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI ҚРЗ «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 4 тармағында белгіленгендей;

33) бағалы қағаздарды нақтылы ұстау – бағалы қағаздарды ұстаушылардың атынан және есебінен нақтылы ұстау шартына сәйкес не болмаса БҚН туралы Заңға сәйкес белгілі бір заңды іс-әрекеттер жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу және растау және мұндай ұстаушылардың бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерін тіркеу;

34) қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбас операциясы (операция және/немесе айырбас операциясы) – Брокердің қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату (соның ішінде қор биржасының ішкі құжаттарына сай валюталық своп операцияларына жататын мәмілелер) бойынша жасайтын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен валюта айырбастау (қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу, сату және айырбастау бойынша) операциясы немесе Брокердің клиенттерінің тапсырмасымен және (немесе) меншікті активтері есебінен және (немесе) басқаруындағы активтердің есебінен ұлттық валютаны шетелдік валютаға айырбастау және шетелдік валютаны ұлттық валютаға айырбастау (конвертация) операциялары;

35) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі операция – нәтижесі нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіне деректерді енгізу (өзгерту) және/немесе нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын ақпаратты дайындау және ұсыну болып табылатын нақтылы ұстаушының іс-әрекеттерінің жиынтығы;

36) операциялық күн – нақтылы ұстаушының бұйрықтарды қабылдауды, өңдеуді, жеке шоттар бойынша операцияларды тіркеуді және ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын уақыт кезеңі;

37) репо операциясы – тараптары екі бір және сол тұлға (репо операциясының қатысушылары) болып табылатын репо операциясының мәні болатын, орындау мерзімі бойынша ерекшеленетін және бағыты бойынша біріне бірі қарсы бір мезгілде жасалатын бір шығарылымдағы екі бағалы қағазбен жасалатын мәмілелердің жиынтығы;

Биржаның сауда жүйелерінде репо операцияларын екі тәсілмен жүзеге асыру көзделген:

– «тікелей» тәсілмен – тікелей мәмілелерді жасау әдісімен жүргізілетін сауда-саттықтарда;

- «автоматты» тәсілмен – үздіксіз қарсы аукцион тәсілімен жүргізілетін сауда-саттықтарда;

38) репо мәмілесін қамтамасыз ету – клиенттердің репо мәмілелері бойынша есеп айырысу жүргізу және міндеттемелерін орындау үшін қабылданатын клиенттің активтері;

39) сауда-саттықты ұйымдастырушы – БҚН туралы Заңға сәйкес орталық депозитарийдің клиенттері арасындағы баға белгілеулермен алмасу жүйесін пайдалану және оған қолдау көрсету арқылы сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруы кезіндегі қор биржасы немесе орталық депозитарий;

40) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржылық құралдардың айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер қор биржасының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

41) бағалы қағаздардың бастапқы нарығы - эмитенттің бағалы қағаздардың қайталама рыногында өзі бұрын сатып алған эмиссиялық бағалы қағаздарын бұдан әрі орналастыруын қоспағанда, эмитенттің (андеррайтердің немесе эмиссиялық консорциумның) жарияланған эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруы;

42) мерзімді есеп беру – клиентке тұрақты негізде берілетін оның белгілі бір уақыт кезеңіндегі жеке шотының жағдайы туралы стандартталған үлгідегі жазбаша хабарлама, оның мерзімділігі Регламентпен және/немесе Қоғамның өзге ішкі құжаттарымен белгіленеді;

43) Клиенттің бұйрығы – Қоғамның клиентінің өзіне тиесілі бағалы қағаздарға немесе қаржылық құралдар сатып алуға арналған ақшаларға (клиенттің жеке шотындағы) белгіленген әрекет жасау туралы нұсқау бар Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген стандартталған үлгідегі және Қоғамның клиенті ұсынатын құжат;

44) тіркеу қызметі – Орталық депозитарийдің өзі іске асыратын тіркеу қызметі шегінде көрсететін қызметі (бағалы қағазды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыру, сақтау және жүргізу);

45) репо мәмілесін қамтамасыз ету - клиенттердің репо мәмілелері бойынша есеп айырысу жүргізу және міндеттемелерін орындау үшін қабылданатын клиенттің активтері;

46) кәсіптік ұйым – бағалы қағаздар нарығында өз қызметінің бірыңғай қағидалары мен стандарттарын белгілеу мақсатымен қауымдастық (одақ) нысанында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар құрған заңды тұлға;

47) есепке алу жүйесі – нақтылы ұстаушы ретінде танылатын Қоғамның есепке алу жүйесі, ол бағалы қағаздарды ұстаушылар мен оларға тиесілі бағалы қағаздар туралы мәліметтер қамтылған, белгілі бір уақыт аралығында оларды сәйкестендіруді, бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер мен операцияларды, сондай-ақ айналымға немесе осы бағалы қағаздар бойынша құқықтарды жүзеге асыруға тіркелген шектеулердің сипатын тіркеуді қамтамасыз етеді және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге мәліметтерді қамтиды;

48) спрэд – екі жақты баға белгілеу бойынша бағалардың арасындағы айырма;

49) қор биржасының сауда жүйесі – осы қор биржасының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржылық құралдармен мәмілелер оларды пайдалана отырып жасалатын қор биржасының материалдық-техникалық құралдарының, ішкі құжаттарының және өзге де қажетті активтері мен рәсімдерінің кешені;

50) сауда күні – күнтізбелік күннің шегінде қор биржасы белгілеген кезең, оның ішінде қор биржасының сауда жүйесінде қаржылық құралдармен мәмілелер жасалады;

51) бағалы қағаздар мен ақшалар қозғалысын есепке алу – Қоғамға сеніп тапсырылған клиенттердің бағалы қағаздары мен ақшаларының қозғалысын есепке алу бойынша бухгалтерлік есеп стандарттарымен және нормаларымен, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен және осы Регламентпен белгіленген, кіріс және шығыс ақшалар төлемдерін және бағалы қағаздардың берілгенін көрсететін арнаулы рәсімдер;

52) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және/немесе Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

53) уәкілетті өкіл – өзіне жүктелген функцияларға байланысты заңнамаға сәйкес өкілдік ететін клиенттің атынан және оның мүдделерін көздеп, қандай да бір іс-әрекеттер жасауға құқылы тұлға;

54) қаржылық құрал – ақшалар, туынды бағалы қағаздарды, туынды қаржылық құралдарды және басқа қаржылық құралдарды қоса алғанда бағалы қағаздар, олармен операциялар жасау нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржылық актив және қаржылық міндеттеме немесе екінші тұлғада үлестік құрал пайда болады;

55) қаржы нарығы – қаржы қызметін көрсету мен тұтынуға және қаржылық құралдардың айналымына байланысты қатынастар жиынтығы;

56) Биржа – дауыс беру акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес пайызы сауда-саттықты осы ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдаланып, сауда-саттықты тікелей өткізу арқылы оны ұйымдастыру және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын уәкілетті органға тиесілі, акционерлік қоғам ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға;

57) бағалы қағаз – мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы;

58) Орталық депозитарий – негізгі функциясы депозитарлық қызметті жүзеге асыру (БҚН туралы Заңның 45-бабының 2-1-тармағында көзделген) болып табылатын мамандандырылған коммерциялық емес ұйым;

59) **Орталық контрагент (бұдан әрі - ОК)** – Биржаның сауда жүйесінде клирингтік қатысушылардың немесе олардың сауда-саттыққа уәкілетті қатысушыларының қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелер бойынша тарап болып табылатын заңды ұйым;

ОК-сіз мәмілелер – Биржалық қызмет Қағидаларымен белгіленген мәмілелер, олар бойынша Биржа орталық контрагент функцияларын атқармайды;

ОК-мен бірге мәмілелер – Биржалық қызмет Қағидаларымен белгіленген мәмілелер, олар бойынша Биржа орталық контрагент функцияларын атқарады;

60) ақпаратты және құжаттарды жүргізу мен сақтаудың электрондық нысаны – ақпарат пен құжаттарды электрондық байланыс құралдарының көмегімен және электрондық тасығыштарда сақтау және беру;

61) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

62) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

63) эмиссиялық бағалы қағаздар – бір шығарылым шегінде біртекті белгілері мен деректемелері болатын, осы шығарылым үшін бірыңғай жағдайлар негізінде орналастырылатын және айналымға түсетін бағалы қағаздар;

64) эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаратын тұлға;

65) AIX CSD – АХҚО аумағында бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркейтін ұйым.

66) биометриялық сәйкестендіру – «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын ескеріп, клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық қызметтерді алуын біржақты растау мақсатында жеке басын анықтау рәсімі;

67) Қоғамның сауда платформасы – брокердің қор биржасының сауда жүйесіндегі қаржылық құралдармен жасалатын операциялар туралы, қор биржасының сауда жүйесінде шетелдік валютамен жасалатын операциялар (қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру бөлігінде) туралы, клиенттің бағалы қағаздар портфелі мен өзге қаржылық құралдары туралы ақпарат, өзге ақпарат алуды, сондай-ақ

клиентке электрондық қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерін қоса алғанда, оның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;

68) бір мәртелік (біржолғы) код – клиенттің сұранысы бойынша бағдармалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Қоғамның электрондық қызметтеріне қолжетімділік берген кезде бір мәрте пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей тізбектілігі;

69) жеке кабинет – брокердің сауда платформасындағы интерактивтік сервис, оның көмегімен клиент Қоғамға электрондық қызметтер ұсынуға тапсырмалар жолдайды, электрондық қызметтерді алады.

70) клиентті динамикалық сәйкестендіру – бір мәртелік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы клиенттің электрондық қызметтер алу құқығын біржақты растау мақсатында оның түпнұсқалылығын анықтау рәсімі;

71) көп мәртелік код - клиенттің сұранысы бойынша бағдармалық-аппараттық құралдармен жасалатын және клиентке Қоғамның электрондық қызметтеріне қолжетімділік берген кезде белгілі бір уақыт аралығында көп мәрте пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей тізбектілігі;

72) қауіпсіздік рәсімі - Клиентті тапсырмаларын әзірлеу, беру және алу кезінде оның электрондық қызметтерді алу құқықтарын белгілеу және Клиенттің беретін және алатын тапсырмаларының мазмұнында қателіктерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында Клиентті сәйкестендіруге арналған ұйымдық шаралар мен ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдары кешені;

73) сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (бұдан әрі – СДАО) – брокерлермен және (немесе) дилерлермен клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді көздерден клиенттердің деректерін алмасу бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ақшалар аударымдарының банкаралық жүйесінің операциялық орталығы;

74) электрондық қызметтер – Брокердің Клиентке Сауда платформасы немесе Брокердің Мобилді қосымшасы арқылы сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және (немесе) ақпараттық операцияларды іске асыру бойынша ұсынатын қызметтері, сондай-ақ Брокердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес ұсынатын өзге қызметтері.

5. Қоғам мен оның клиенттерінің арасындағы қарым-қатынастар брокерлік қызметтерді көрсету шартының негізінде туындайды. Шартқа Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жүктеу шарттары немесе комиссия нормалары қолданылады. Жүктеу шартының нормалары нақтылы ұстау қызметтерін ұсыну бөлігінде, ал комиссия шартының нормалары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметтер көрсету бөлігінде қолданылады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметтер жүктеу немесе комиссия шартының негізінде брокерлік шарт тараптарының келісімі бойынша ұсынылады.

6. Қоғам өз клиенттеріне электрондық қызметтерді уәкілетті органмен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен және талаптармен ұсынады.

7. Қоғамның ұйымдық құрылымы мынадай құрылымдық бөлімшелерді қамтиды:

Сауда операциялары департаменті (бұдан әрі - СОД) – қаржылық құралдармен мәмілелер жасауды жүзеге асыратын бөлімше;

2) Қазынашылық департаменті (бұдан әрі – ҚД) - қаржылық құралдармен мәмілелер жасауды жүзеге асыратын бөлімше;

3) Есеп және есептілік департаменті (бұдан әрі – ЕжЕД немесе бэк-офис) - қаржылық құралдармен мәмілелерді орындауды, Қоғам мен клиенттердің қаржылық құралдары мен ақшаларының есебін, брокерлік қызмет көрсету шарттарының, клиенттердің бұйрықтарының есебін, клиенттерге есептер ұсынуды жүзеге асыратын бөлімше;

4) Клиенттерді тарту департаменті (бұдан әрі – КТД) және филиалдары - клиенттерді тартуды және клиенттік базаны дамытуды, консультацияны және клиенттермен Қоғам қызметінің мәселелері бойынша жұмыс істеуді жүзеге асыратын бөлімшелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге құрылымдық бөлімшелер.

8. Брокерлік және/дилерлік қызметті жүзеге асыруға жетекшілік ететін Қоғамның бірінші басшысы мен оның орынбасары лауазымдарын СОД немесе ЕжЕД басшысы лауазымымен қоса атқаруға рұқсат етіледі. СОД қызметкерлерінің ЕжЕД құзырына жататын функциялар мен міндеттерді атқаруына, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген бөлімшелерінің бірінің қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін басқа бөлімшенің қызметкерлеріне беруге жол берілмейді.

Қоғам брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса атқарған кезде Қоғамның бірінші басшысын қоспағанда, инвестициялық портфельді

басқару қызметі мен брокерлік және (немесе) дилерлік қызмет мәселелеріне лауазымды тұлғаның бір мезгілде жетекшілік етуіне жол берілмейді.

Орталық депозитарийдің, Биржаның, АІХ-нің, клирингтік ұйымның және/немесе есеп айырысу және/немесе өзге ұйымның және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымының электрондық құжаттармен алмасу жүйесіне кіруге рұқсаты бар (парольдарын пайдаланушы) жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіптік және мүліктік жауапкершілік алады.

9. Қоғам жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүргізеді.

Аудитті жүргізген кезде Қоғам аудиторлық ұйым сұрайтын бүкіл қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынады.

10. Қоғам заңнамамен белгіленген тәртіппен үлестес тұлғалардың есебін жүргізеді.

11. Регламенттің мақсаттары үшін шетелдік есеп айырысу ұйымы болып:

- ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі;

- ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар бас бейрезидент банкінің еншілес банкі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі;

шыққан елінің шетелдік қадағалау органы Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялар Халықаралық ұйымының Консультациялар, ынтымақтастық және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қойған орталық депозитарий мәртебесі бар ұйым;

- өзі заңды тұлға ретінде тіркелген елдің заңнамасына сәйкес БҚН туралы Заңның 59-бабының 1 тармағымен белгіленген функцияларды жүзеге асыратын, келесі талаптарға сәйкес келетін шетелдік ұйым:

1) осы заңды тұлғаның шыққан елінде бағалы қағаздар нарығын реттеу, бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – шетелдік қадағалау органы) берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы (рұқсаттамасы) бар;

2) осы заңды тұлға шыққан елдің шетелдік қадағалау органы Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялар Халықаралық ұйымының Консультациялар, ынтымақтастық және ақпарат алмасу мәселелері бойынша өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумға қол қойған;

3) рейтингтік бағасы Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елде тіркелген заңды тұлға болып табылған.

Standard & Poor's агенттігінің рейтингтік бағасынан бөлек уәкілетті орган Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағаларын да таниды.

12. Қоғам интернет-ресурсқа (БҚН туралы Заңның 3-бабының 1 тармағында белгіленген уәкілетті органның ресми интернет-ресурсына сілтемелерді қоса алғанда) Қоғамға берілген брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясы бар екені туралы ақпарат орналастырады.

13. Қоғам клиенттің, сондай-ақ Қоғаммен шарттық қатынастарға түсуге ниеттенген тұлғаның бірінші талап етуімен клиенттің (Қоғаммен шарттық қатынастарға түсуге ниеттенген тұлғаның) талабы алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қоғамның ішкі құжаттарын танысуға ұсынады.

14. Қоғам клиентке, сондай-ақ Қоғаммен шарттық қатынастарға түсуге ниеттенген тұлғаға Регламенттің 13 тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсырудан бас тартуға құқығы жоқ. Қоғам көшірмелерді дайындағаны үшін оларды дайындау шығыстарының мөлшерінен аспайтын көлемде ақы алады.

15. Қоғам клиентке осы клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулер мен айрықша жағдайлар туралы хабарлайды.

Клиентке осы клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысты шектеулер мен айрықша жағдайлар туралы хабарлама Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда ресімделеді және Қоғамның ресми интернет-ресурсында және/немесе Қоғамның сауда платформасында (бағдарламалық жасақтамасында)

орналастырылады және/немесе мұндай хабарламаны жолдауға негіздеме туындаған күні электрондық почтамен немесе мүмкін болған өзге байланыс құралдарымен жолданады.

Егер клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалған не болмаса клиенттің клиенттік тапсырысы негізінде жасалған мәміленің талаптары БҚН туралы Заңның 56-бабымен (Жосықсыз мінез-құлыққа тыйым салу. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау) белгіленген талаптарға сәйкес келсе, Қоғам клиентке осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жолдаумен бір мезгілде уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жолдайды.

Осы Регламенттің 1 Қосымшасында Қоғамның ресми интернет-ресурсында және/немесе Қоғамның сауда платформасында (бағдарламалық жасақтамасында) орналастырылатын Клиенттерге хабарламалар келтіріледі.

Регламенттің 2 Қосымшасында репо операцияларын жасау кезінде туындайтын тәуекелдер туралы хабарлама келтірілген.

Регламенттің 3 Қосымшасында Қоғам клиенттің бірінші талап етуімен танысуға ұсынатын құжаттардың тізбесі келтірілген.

Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның өзінің клиенттері алдында ақпаратты ашып көрсету туралы қосымша міндеттері (көрсетілген міндеттерден бөлек) белгіленуі мүмкін.

16. Қоғамның жарнамалық ақпаратты таратуы 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Қоғам, сонымен бірге оның жұмыскерлері қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелердің параметрлері, соның ішінде бағалары, көлемдері мен контрагенттер туралы расталмаған, дәйексіз немесе шатастыратын мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламайды және кез келген тәсілмен таратпайды.

18. Өз қызметі туралы хабарландыруларды бұқаралық ақпарат құралдарында немесе өзгелей түрде жариялаған кезде Қоғам өзінің толық атауын, сондай-ақ брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияның берілген күні мен нөмірін көрсетеді.

1.2. Брокерлік қызметтерді көрсету шарты. Клиенттік тапсырыс

19. Брокерлік қызметтерді көрсету шарты (бұдан әрі – брокерлік шарт) жазбаша нысанда жасалады.

Брокерлік шарт клиенттің типтік брокерлік шарттың талаптарына қосылуы жолымен жасалады.

Клиенттің брокерлік шарттың талаптарына мыналарды:

1) заңды немесе жеке тұлға болып табылатын клиент үшін - электрондық цифрлық қолтаңбаны;

2) жеке тұлға болып табылатын клиент үшін - биометриялық немесе динамикалық сәйкестендіру құралдарын пайдаланып қосылуына рұқсат етіледі.

20. Типтік брокерлік шарт және оған барлық өзгерістер және (немесе) толықтыруларды, сондай-ақ Қоғамның тарифтерін Қоғамның атқару органдарының бекітуі тиіс және оның интернет-ресурсында орналастырылады.

Қоғам өзінің барлық клиенттеріне типтік брокерлік шартқа болжамды өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілерден кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын хабарлайды.

Ерекше жағдайларда, Қоғам мен клиент мазмұны Қоғамның типтік брокерлік шарттарының талаптарынан ерекшеленетін брокерлік шарттарға қол қоюы мүмкін.

21. Клиентпен брокерлік шарт Қоғамның ҚКЗТҚ туралы Заңмен көзделген тиісті түрде тексеру шараларын қабылдағаннан кейін жасалады.

Электрондық түрдегі типтік брокерлік шарттың талаптарына қосылған кезде клиентпен іскерлік қатынастар Ұлттық Банктің/уәкілетті органның қаулысымен бекітілген қаржы мониторингі субъектілерінің іскерлік қатынастарды қашықтан орнатқан жағдайда клиенттерді тиісті тексеруге қойылатын Талаптарды ескере отырып қашықтық тәсілімен орнатылады.

Қоғам электрондық түрдегі брокерлік шартты жасаған және клиентпен қашықтық тәсілімен іскерлік қатынастар орнатқан кезде клиенттерді сәйкестендіру талаптары мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Жеке тұлға болып табылатын клиентті сәйкестендірген кезде биометриялық сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының (бұдан әрі - СДАО) қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Жеке тұлға болып табылатын клиентті сәйкестендірген кезде мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюролардың қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Қоғамның СДАО-мен немесе мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюролармен өзара әрекеттестік олармен арада жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Шартта мынадай талаптар қамтылады, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) қызметті ұсыну және алу тәртібі мен мерзімдері;
- 2) қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері;
- 3) алынатын комиссияның мөлшері, оны алу тәртібі;
- 4) тараптардың, соның ішінде құпиялылықты сақтау, бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны сақтау және клиенттердің дербес деректерін қорғау бөлігіндегі жауапкершілігі;
- 5) тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- 6) алынған сәйкестендіру нәтижелерін және (немесе) мәліметтерді сақтау тәртібі;
- 7) арыз-шағымдарды ұсыну тәртібі және даулы жағдайларды шешу тәсілдері.

СДАО қызметтерін пайдаланған жағдайда, клиенттің сәйкестендіру құралы арқылы алынған дербес деректерін жинақтауға, өңдеуге, сақтауға және қажет болған жағдайда үшінші тұлғаларға ұсынуға алынған оның келісімі негізінде Қоғам клиентте бар құрылғыларды және (немесе) брокердің және (немесе) дилердің құрылғыларын пайдаланып, клиентпен бейнеконференцбайланыс сеансын жүргізеді. Бейнеконференцбайланыс сеансының мазмұндық бөлігін (бақылау сұрақтары тізбесін), сондай-ақ клиенттерді қашықтан сәйкестендірген кезде брокермен және (немесе) дилермен көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен көлемін Қоғам дербес белгілейді.

Қоғам СДАО-ға клиенттің жеке не болмаса бизнес сәйкестендіру нөмірін және бейнеконференцбайланыс сеансы барысында алынған клиенттің бейнекескіндемесін жібереді.

СДАО бағдарламалық жасақтаманың көмегімен өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес биометриялық көрсеткіштер бойынша сәйкестік дәрежесін анықтайды. Клиенттердің жүгінулерінің бейнежазбалары Қоғамда сақталады.

СДАО-ның қолжетімді көздерден алынған клиенттің фотокескіндемелері мен сәйкестендіру деректерінің биометриялық көрсеткіштер бойынша сәйкестік дәрежесінің нәтижелері Қоғамға беріледі.

Қоғам іскерлік қатынастар қашықтан орнатылған жағдайда бекітілген Клиенттерді тиісті түрде тексеру рәсіміне сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін (бұдан әрі – ҚКЗТҚ тәуекелі) дәрежесін бағалауды есепке ала отырып, клиенттермен іскерлік қатынастарды қашықтан орнату туралы шешімді дербес қабылдайды. Бұл ретте, Қоғам клиентпен қашықтық тәсілімен іскерлік қатынастарды келесі талаптарды бір мезгілде сақтай отырып, орнатады:

1) ҚКЗТҚ туралы Заңның 5-бабының 3 тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларымен көзделген мәліметтерді тіркеу;

2) жеке тұлға-клиенттің сәйкестендіру құралының көмегімен расталған оның дербес деректерін жинақтауға, өңдеуге, сақтауға және ұсынуға, соның ішінде қажет болған жағдайда үшінші тұлғаларға ұсынуға келісімінің бар болуы;

3) жеке тұлға-клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иелерінің дербес деректерін жинақтауға, өңдеуге, сақтауға, ұсынуға және қорғауға мүмкіндік беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің бар болуы;

4) Қоғамда іскерлік қатынастардың мақсаты операцияларды қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасау болып табылады деген күмән жоқ.

22. Қоғамның Брокерлік шарты бір мезгілде бағалы қағаздарды нақтылы ұстау бойынша қызметтерді көрсету талаптары мен тәртібін қамтиды.

23. Қоғамның Брокерлік шарты БҚН туралы Заңның 63-бабының 3-1 тармағына сәйкес Қоғамның электрондық қызметтерді көрсету тәртібін қамтиды.

24. Брокерлік шартты жасаған кезде клиент Қоғамға типтік брокерлік шарттармен белгіленген құжаттарды ұсынады.

Қоғам клиентпен электронды түрдегі Брокерлік шартты жасаған кезде типтік брокерлік шарттармен көзделген құжаттардың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат деректерінің және оның жеке сәйкестендіру нөмірінің электрондық көшірмелерін ұсынуға болады.

25. Жеке тұлға-клиентпен брокерлік шартты жасаған кезде Қоғам осы жеке тұлға-клиент ұсынған мәліметтер негізінде жеке тұлға-клиенттің салықтық резиденттілігін анықтайды.

26. Брокерлік шарт брокерлік шартпен белгіленген мерзім ішінде клиентке брокерлік қызмет көрсету мақсатында жасалады.

27. Брокерлік шарттың қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде Қоғам өз клиентіне уәкілетті органның кезекті күнтізбелік айлардың соңғы 12 (он екі) айы ішінде Қоғамға қатысты қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, санкциялар туралы хабарлайды. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау аяқталған күннен бастап кезекті күнтізбелік айдың соңғы 12 (он екі) айы ішінде Қоғамға әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер ұсынылады.

28. Осы Регламенттің 27 тармағымен көзделген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және Қоғам оларды мұндай хабарламаны жолдау негіздемесі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның www.almaty-ffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастыру жолымен клиентке жолдайды.

29. Брокерлік шартты жасау және орындау барысында Қоғам клиентке келесі қызметтерді көрсетеді:

- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау үшін клиентке қажетті ақпаратты ұсыну;
- 2) клиентке қаржылық құралдармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар беру;
- 3) ықтимал ақпараттық, талдамалық және консультациялық қызметтер.

30. Брокерлік шартты жасау және орындау барысында Қоғам клиентке мүдделер қақтығысының пайда болу мүмкіндіктері мен фактілері туралы хабарлайды.

Қоғам клиентке егер қаржылық құралдармен мәмілелерді орындау мүдделер қақтығысына әкеп соқтыратын болса, мұндай мәмілені жасамауды ұсынады.

31. Регламенттің 30 тармағының екінші бөлігімен белгіленген талаптар бұзылған жағдайда, Қоғам клиентке оның мұндай бұзушылық салдарынан тартқан залалдарын және брокерлік шартпен белгіленген тұрақсыздық айыбын төлейді.

32. Қоғам брокер ретінде әрекет ете отырып, клиенттің мүдделерінің өз мүдделерінен, өз жұмыскерлерінің, акционерлері мен үлестес тұлғаларының мүдделерінен басымдығына сүйенеді.

33. Брокерлік шартты жасау және орындау барысында Қоғам өз клиенті туралы мәліметтердің құпиялылығын, сондай-ақ БҚН туралы Заңның 43-бабының 3 тармағымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

34. Брокерлік шарттың негізінде қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелер бөлек клиенттік тапсырыстар немесе клиент Қоғамға және/немесе оның жұмыскеріне (жұмыскерлеріне) осы клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп мәмілелер жасау құқығына сенімхат берген жағдайда инвестициялық комитеттің шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Клиенттік тапсырыстардың типтік нысандары Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

Клиенттің Қоғамға және/немесе оның жұмыскеріне (жұмыскерлеріне) осы клиенттің есебінен және мүддесін көздеп қаржылық құралдармен мәмілелер жасауға сенімхат беруі брокерлік шартты тікелей қарастырылады. Мұндай сенімхат нотариатпен куәландырылады, ал оның деректемелері брокерлік шартта көрсетіледі.

35. Клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді Қоғам клиенттік тапсырыстар негізінде брокерлік шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Клиент Қоғамға клиенттік тапсырыс бере алады, онда мәміленің бағасы, орындалу мерзімдері мен орны тұрғысынан түрлі шарттар ескеріледі, сондай-ақ Қоғамның өзінің еркімен іс-әрекеттер ескеріледі.

Клиенттік тапсырыста келесі деректемелер болады:

1) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес қаржылық құралдармен жасалуы тиіс мәміленің түрін көрсету;

2) мүддесін көздеп қаржылық құралдармен мәмілелер жасау болжамдалып отырған клиент туралы мәліметтер:

жеке тұлға үшін:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін емесе жеке сәйкестендіру нөмірі;

заңды тұлға үшін:

атауы;

бизнес сәйкестендіру нөмірі;

3) эмитенттің атауы, қаржылық құралдың түрі, қаржылық құралдың коды немесе осы клиенттік тапсырысқа сәйкес мәміле жасалуы тиіс қаржылық құралдарға берілген халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (айналым мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына қатысты, және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелері орындалмаған – талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш);

4) сатып алынуы немесе сатылуы тиіс қаржылық құралдар саны, қаржылық құралдардың сатып алу немесе сату бағасы, сондай-ақ мәмілені тиісті түрде жасауға қажетті мәліметтер;

- 5) клиенттік тапсырыстың түрін көрсету:
лимиттік тапсырыс – қаржылық құралдарды келісілген бағаға сатып алуға (сатуға);
нарықтық тапсырыс - қаржылық құралдарды нарықтық бағаға сатып алуға (сатуға);
буферлік тапсырыс - қаржылық құралдарды келешекте қалыптасатын бағаға сатып алуға (сатуға);
брокердің және/немесе дилердің ішкі құжаттарымен көзделген клиенттік тапсырыстар;
6) егер клиент өзге мерзім көрсетпесе, клиенттік тапсырыстың қолданылуы мерзімі – ағымдағы сауда сессиясының аяғына дейін;
7) клиенттік тапсырысты қабылдау күні мен уақыты (сағат және минуттар пішімінде);
8) осы клиенттік тапсырысты қабылдаған Қоғам жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
9) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалуы тиіс қаржылық құралдармен жасалатын мәміле туралы ұсынымның болуы туралы мәліметтер;
10) Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген деректемелер.
Регламенттің осы тармағының 8) және 9) тармақшаларында тізбеленген деректемелер егер клиент клиенттік тапсырысты Қоғамның электрондық қызметтерді көрсетуі аясында ұсынған жағдайда көрсетілмейді.

36. Клиенттік тапсырыстың нысаны мен клиенттің Қоғамға ұсынуы тиіс клиенттік тапсырысы даналарының саны Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді. Егер Регламентте өзгелей көзделмесе, клиенттік тапсырысқа клиент немесе оның өкілі қол қояды.

Клиенттік тапсырысты алған кезде Қоғам клиенттік тапсырысқа қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін тексереді, соның ішінде клиенттік тапсырыстардағы (қағаз тасығыштағы) қолтаңбаларды қолтаңбалар үлгілері (соның ішінде клиенттік тапсырыстарға қол қою құқығына ие заңды тұлғалардың өкілдерінің) бар нотариатпен куәландырылған құжатта немесе жеке тұлғаның не болмаса оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға сәйкестігін салыстырып тексереді.

Факспен және/немесе Қоғам клиентінің өз қолымен қойған қолтаңбасының үлгісін механикалық немесе өзге көшірмелеудің көмегімен электрондық көшірмелеу құралдары, сондай-ақ телефон байланысы арқылы не болмаса шынайы уақыт режимінде мәтіндік (дауыстық) хабарламалар алмасу бойынша бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы Қоғамға берілген клиенттік тапсырыстарды Қоғам баламалы байланыс түрлерімен берілген клиенттік тапсырыстар тізіліміне қосады. Көрсетілген тізілім клиенттік тапсырыстарды баламалы байланыс түрлерімен беру құқығы берілген Қоғамның әр клиенті шегінде толтырылады. Тізілім бір айға тең кезең ішінде жүргізіледі және Қоғамның клиенттік тапсырысты алған күнін, тапсырыстың негізінде жасалуы тиіс мәміленің түрі, клиенттің клиенттік тапсырысты берген байланыс түрі қамтылады. Клиенттің баламалы байланыс түрлері арқылы клиенттік тапсырыстар берген есепті ай аяқталғаннан кейін Қоғам көрсетілген тізілімге клиенттің немесе оның уәкілетті өкілінің қолын қойдырады.

Клиенттің немесе оның өкілінің тізілімге қол қоюы клиенттің немесе оның өкілінің баламалы байланыс түрлері арқылы берілген клиенттік тапсырысының ұсынудың түпнұсқалылығын растайды.

Клиенттік тапсырысты электрондық құжат нысанында немесе өзге электрондық цифрлық нысанда, соның ішінде SWIFT жүйесін, Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдамалық жүйелерін, шынайы уақыт режимінде мәтіндік (дауыстық) хабарламалармен алмасу бойынша бағдарламалық жасақтаманы немесе өзге сауда платформаларын (Қоғамның клиенті электрондық қызметтер алуға жүгінген жағдайда) пайдаланып, әзірлеуге және беруге рұқсат етіледі.

37. Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен клиенттік тапсырысты электрондық құжат нысанында немесе өзге электрондық цифрлық нысанда (Қоғамның клиенті электрондық қызметтер алуға жүгінген жағдайда) әзірлеуге және беруге рұқсат етіледі.

Клиенттік тапсырысты Қоғамның Регламенттің 36 тармағының талаптарына сәйкес әрі қарай клиенттік тапсырыстар тізілімін толтыруымен және жүргізуімен телефон байланысы немесе бейнеконференцбайланыс құралдарымен беруге рұқсат етіледі. Клиенттік тапсырысты телефон байланысы немесе бейнеконференцбайланыс құралдарымен берген кезде клиентпен немесе клиенттік тапсырысты клиенттің атынан телефон байланысы немесе бейнеконференцбайланыс құралдарымен, аудиотехниканы және өзге арнайы техникалық құралдарды (бұдан әрі – телефон немесе бейнежазба) пайдаланып беруге уәкілетті оның өкілімен сөйлесуді жазу жүргізіледі.

Клиенттік тапсырыстың телефон немесе бейнежазбасында келесі мәліметтер болады:

- 1) мүддесін көздеп қаржылық құралдармен мәмілелер жасау болжамдалатын клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), атауы;
- 2) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес қаржылық құралдармен жасалуы тиіс мәміленің түрі;

3) осы клиенттік тапсырысқа сәйкес мәміле жасалуы тиіс қаржылық құрал (эмитенттің атауы, қаржылық құралдың түрі, қаржылық құралдың сауда коды және (немесе) ISIN);

4) сатып алынуы немесе сатылуы тиіс қаржылық құралдардың саны және (немесе) көлемі, қаржылық құралдардың сатып алу немесе сатылу бағасы,

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген клиенттік тапсырыстың түрі, соның ішінде лимиттік, нарықтық, буферлік клиенттік тапсырыс;

6) клиенттік тапсырыстың қолданылу мерзімі;

7) клиенттік тапсырысты қабылдау күні мен уақыты (сағат және минуттар пішімінде);

8) осы клиенттік тапсырысты қабылдаған Қоғамның жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

9) Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген мәмілені тиісті түрде жасауға қажетті мәліметтер (бар болса).

Телефон немесе бейнежазбамен берілген клиенттік тапсырыстар тізілімінің деректері сәйкес келмеген кезде Қоғамның және оның клиенттерінің іс-әрекеттері брокерлік шартпен анықталады.

Клиенттік тапсырыстарды телефон байланысы немесе бейнеконференцбайланыс құралдарымен қабылдаған кезде Қоғам клиенттерін сәйкестендіру шарттары мен тәртібі брокерлік шартпен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады және өзіне соның ішінде клиентті келесі ақпараттар бойынша сәйкестендіруді қамтиды:

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі және код сөз (егер код сөзді пайдалану мүмкіндігі осы жеке тұлғамен жасалған брокерлік шартта қарастырылған жағдайда);

заңды тұлға үшін: заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (ол бар болса), заңды тұлғаның клиенттік тапсырысты берген өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы.

Қоғам жоғарыда көрсетілген ақпаратқа кіру рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін анықтайды және ішкі құжаттарға сәйкес олардың есебін жүргізеді.

Қоғам Регламенттің осы тармағының төртінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа кіру рұқсаты бар тұлғалардың тізбесін анықтайды және ішкі құжаттарға сәйкес олардың есебін жүргізеді. Кіру рұқсаты бар тұлғалардың тізбесі мыналар:

- Есеп және есептеме департаментінің;

- Клиенттерді тарту және филиалдар департаментінің;

- телефон жазбасы және оны сақтау бөлігінде Ақпарат технологиялары департаментінің жұмыскерлерін қамтиды.

38. Клиенттік тапсырыстар егер жеке клиенттердің клиенттік тапсырыстарына қатысты брокерлік шартта өзгелей көзделмесе, оларды қабылдаудың хронологиялық тәртібімен орындалуы тиіс.

38-1. Сауда-саттықта бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау және мұндай мәмілелерді орындау тәртібі белгіленген Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттығы қағидаларымен, әдетте, берілген клиенттік тапсырыстар негізінде сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі қаржылық құралдармен мәмілелер жасау сауда күнінің ішінде жүзеге асырылады деп белгіленген.

38-2. Бағалы қағаздармен мәмілелер олар сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде тіркелгеннен кейін жасалған болып есептеледі. Егер клиенттік тапсырыс сауда күні аяқталардан 30 минут бұрын берілген жағдайда (сауда-саттықты ұйымдастырушының регламентімен белгіленген бағалы қағаздармен мәмілелер жасалатын күнтізбелік күннің шегінде), онда клиенттік тапсырысты орындау егер клиент өзінің клиенттік тапсырысының күшін жоймаса, сауда-саттықты ұйымдастырушы келесі жұмыс күніне ауыстыруы мүмкін.

39. Қоғам мына жағдайларда клиенттік тапсырысты орындауға алмайды:

1) клиенттік тапсырыстың мазмұнында Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына және брокерлік шартқа қайшылық бар болғанда;

2) клиенттік тапсырыста қолтаңбаның үлгісі (қағаз тасығышта) қолтаңбалардың үлгілері бар нотариатты түрде куәландырылған құжатта немесе егер клиенттік тапсырысқа клиент Қоғамның жауапты жұмыскерінің көзінше қол қойған жағдайда, жеке тұлғаның (соның ішінде оның өкілінің) жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға көзбе-көз сәйкес келмегенде;

3) клиенттік тапсырыстың Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген типтік нысанға сәйкес келмеген;

4) клиенттік тапсырыстың деректемелерінің жеке шот деректемелеріне сәйкес келмеген немесе бұйрықта қателіктер, түзетулер болған немесе операция жүргізуге қажетті бүкіл ақпарат болмаған;

5) тиісті мемлекеттік органдардың не болмаса соттың бағалы қағаздар айналымын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімдері бар болған;

6) егер клиенттік тапсырыс берілген бағалы қағаздарға ауыртпалық салынса (бағалы қағаздарды аудару туралы бұйрықты қоспағанда, оның орындау кезінде бағалы қағаздардың меншік құқығы ауыспайды);

7) клиенттің жеке шоты бұғатталғанда;

8) клиенттің клиенттік тапсырыста клиенттің өз қолымен қойылған қолтаңбасының үлгісін механикалық немесе өзге көшірмелеудің көмегімен қолтаңбаны факспен көшірмелеу құралдарын пайдаланғанда;

9) клиенттік тапсырыс телефон байланысы құралдарымен берілгенде клиентті Қағидаларға, шарттарға сәйкес және брокерлік шартпен және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда.

Осы Регламенттің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, сондай-ақ, егер Қоғамның жауапты жұмыскерінің көзінше қол қойылмаған клиенттік тапсырысқа сәйкес жасалады деп болжамдалған мәміленің сомасы Қазақстан Республикасының тиісті жылға республикалық бюджеті туралы Заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 2 000 (екі мың) еселенген сомасын құраса,

- жеке тұлға болып табылатын клиент үшін және Қазақстан Республикасының тиісті жылға республикалық бюджеті туралы Заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 2 000 (екі мың) еселенген мөлшері,

- заңды тұлға болып табылатын клиент үшін, Қоғам клиенттен іс-әрекеттер жасау ниетін растауды сұрайды.

Осы тармақтың 2) тармақшасымен белгіленген Брокердің клиенттік тапсырысты қабылдаудан бас тартуы үшін негіздеме электрондық құжат нысанында немесе электрондық цифрлық нысанда, соның ішінде SWIFT, Bloomberg, Reuters жүйелерін пайдаланып берілген клиенттік тапсырыстарға таралмайды.

40. Егер Қоғам клиенттік тапсырысты қабылдауға алмаған жағдайда, онда Қоғам клиентке почтамен немесе электрондық почтамен, немесе мүмкін болған байланыстың өзге түрлерімен хабарлама (ерікті түрде, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен, брокерлік шартпен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен және талаптармен осы Регламенттің 39 тармағымен белгіленген клиенттік тапсырысты орындамау себептерін көрсете отырып) жолдайды.

41. Брокерлік шартпен оның қолданылуын тоқтатудың негіздемелері, сондай-ақ брокерлік шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде тараптардың іс-қимылы тәртібі қарастырылады.

Егер брокерлік шарттың қолданылуы тоқтатылған сәтте Қоғамның шоттарында және кассасында тиісті клиентке тиесілі қаржылық құралдар мен ақшалар қалса (Қоғамның нақтылы ұстауындағы қаржылық құралдарды қоспағанда), олар осы клиентке брокерлік шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Брокерлік шартпен клиенттің қаржылық құралдары мен ақшаларын қайтарудың аса қысқа мерзімі белгіленуі мүмкін.

42. Лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда, Қоғам уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы:

1) өз клиенттеріне жеке хабарлама жолдау және клиенттер үшін оңай қолжетімді жерлерге (бас кеңсенің және филиалдардың үй-жайларында, сондай-ақ Қоғамның www.almaty-ffin.kz ресми интернет-ресурсына) тиісті хабарландыруды орналастыру арқылы.

2) Қоғамның нақтылы ұстау шоттарын ашқан нақтылы ұстаушыларға хабарлайды.

43. Лицензиядан айырылған жағдайда Қоғам уәкілетті органның хабарламасын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы:

1) өз клиенттеріне брокерлік қызметтер көрсету шартын лицензиядан айырылуы себебімен бұзу туралы жеке хабарлама жолдау арқылы;

2) Қоғамның нақтылы ұстау шоттарын ашқан нақтылы ұстаушыларға хабарлайды.

Лицензиядан айырылған жағдайда Қоғам уәкілетті органның хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде клиенттің бұйрығы негізінде активтерді Орталық депозитарийге немесе жасалған жаңа шарт болған кезде жаңа брокерге және/немесе дилерге береді және клиенттер үшін оңай қолжетімді жерлерге (Қоғамның бас кеңсесінің және филиалдарының үй-жайларында) тиісті хабарландыруды орналастырады.

1.3. Қаржылық құралдармен мәмілелер жасау

44. Қоғам қаржылық құралдармен мәмілелерді өз есебінен және өз мүддесін көздеп (дилер ретінде) және өз клиентінің есебінен және оның мүддесін көздеп (брокер ретінде) жасайды.

44-1. Қаржылық құралдармен мәмілелерді өз есебінен және өз мүддесін көздеп (дилер ретінде) және өз клиентінің есебінен және оның мүддесін көздеп (брокер ретінде) жасаған кезде Қоғам Биржаның/AIX-тың, Орталық депозитарийдің қағидаларын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен мәмілелерді жасаудың тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды басшылыққа алады.

44-2. Қор нарығында ОК-мен мәмілелер жасау, сондай-ақ ОК-сыз мәмілелер жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Биржаның ОК-мен сауда-саттық режимінде бағалы қағаздардың түріне және мәмілелер жасаған кезде қамсыздандыру тәсіліне қарай топтарға бөлінетін қаржылық құралдармен сауда-саттық жүргізіледі. Сол немесе басқа топқа кіретін барлық қаржылық құралдар үшін өздері саудаласа алатын сауда-саттық режимдерінің біркелкі жинағы белгіленген.

45. Биржа ОК функцияларын жүзеге асыратын сатып алу-сату мәмілелерін жасау шарттары мен тәртібі Биржаның «ASTS+ сауда-клирингтік жүйесіндегі қор нарығында мәмілелерді жасау тәртібі» құжатымен белгіленеді.

Биржа ОК функцияларын жүзеге асырмайтын сатып алу-сату мәмілелерін жасау шарттары мен тәртібі Биржаның бөлек «T+2 схемасы бойынша мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер жасау тәртібі» және «толық қамсыздандырылған T+0 схемасы бойынша бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысу жүргізу регламенті (гросс-есептер)» құжаттарымен белгіленеді. Онда соның ішінде сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық өткізу қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ережелер, Биржаның өндіріп алатын айыппұлдары мен тұрақсыздық айыптарының көлемі мен төлеу тәртібі қамтылады. Қоғам клиенттерге тиесілі ақшаларды есепке алу және сақтау үшін онымен үлестес емес банктерден және/немесе бағалы қағаздардың Орталық депозитарийінен және/немесе клирингтік ұйымдардан және/немесе басқа есеп айырысу ұйымдарынан және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарынан банк есепшоттарын ашады. Клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) алдында міндеттемелерді орындауды қамсыздандыру мақсатында Қоғам клирингтік ұйымдардың шоттарына ақшалар аударуға құқылы. Қоғам клиенттердің ақшаларын есепке алуға және сақтауға арналған банк шоттарына аудару үшін клиенттерден қолма-қол ақшалар қабылдамайды.

46. Қоғамға мәмілелерді 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі есептік аралықпен жасауға рұқсат ерітеді, бұл ретте мәміленің бір тарапының қаржылық құралдарды немесе ақшаларды жеткізіп беру бойынша міндеттемелерін орындауы басқа тараптың ақшаларды немесе қаржылық құралды жеткізіп беру бойынша қарсы мәмілелерді мәміле жасалған күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде орындаумен мүмкін болады. Көрсетілген мәмілелер бойынша есеп айырысулар Орталық депозитарий немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте мәміле тарапының қаржылық құралдарды жеткізіп беру бойынша міндеттемелерін орындауы оның өзге қаржылық құралдарды алу бойынша қарсы талаптарды орындамай немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолданумен мүмкін емес.

47. Қоғам ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен мәмілелерді 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі есептік кезеңмен:

- 1) «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша;
- 2) клирингтік ұйымның және/немесе орталық контрагенттіктің немесе AIX-тің қызметтерін қолданып, Биржаның ішкі қағидаларымен белгіленген қағидаттар мен әдістер бойынша жасайды.

48. Қоғам мәміленің мәні болып табылатын, шарттары қаржылық құралдарды кері сатып алу не болмаса кері сату міндеттемесін көздейтін ұйымдастырылмаған нарықта қаржылық құралдармен мәмілелерді жасамайды.

49. Қор биржасының сауда жүйесіндегі «репо» операциялары, сондай-ақ Қоғамның (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында жүзеге асыратын мәміленің мәні болып табылатын қаржылық құралдарды кері сатып алу немесе сату міндеттемесін көздейтін операциялар Қоғамның меншікті ақшалары есебінен не болмаса брокерлік шарттың аясында клиенттің бұйрығына сәйкес жасалады, күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге (көрсетілген операциялардың бастапқы мерзімін ұзартуды есепке алғанда) жасалады.

50. Құны криптография және/немесе компьютерлік есептеу құралдарын қолданып, орталықсыздандырылған ақпараттық жүйеде жасалатын және есепке алынатын мөлшерлер құнына (құнның өзгеруі) тәуелді, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес қаржылық

құралдар немесе қаржылық активтер болып табылмайтын және әлдебіреуге талап ету құқығы жоқ қаржылық құралдар Қоғам жүзеге асыратын мәміленің мәні болып табылмайды.

51. Қоғамның шоттарындағы клиенттің активтерінің ең төменгі құны жасалған маржиналдық мәмілелер болған кезде маржаның шектеулі деңгейін ескермегенде, осы клиенттің тапсырмасымен қор Биржасының сауда жүйесінде ұдайы Қоғамның «тікелей тәсілмен» жасалған «репо» ашу барлық операцияларының сомасының кемінде отыз пайызын құрайды.

Клиенттің активтері ретінде Регламенттің осы тармағында мыналар танылады:

- ақшалар;
- Қазақстан Республикасының екінші деңгейді банктеріндегі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы салымдар;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
- Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша рейтингтік бағалауы «В-» төмен емес немесе Moody's Investors Service немесе Fitch агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингтік бағалауы бар бағалы қағаздар.

Осы тармақтың талаптары Қоғамның орталық контрагенттің қызметтерін қолданып, «тікелей тәсілмен» қор биржасының сауда жүйесінде жасаған «репо» операцияларына таралмайды.

52. Қоғам брокердің және/немесе дилердің немесе оның тапсырмасымен мәміле жасау жоспарланатын клиенттің тиісті шотында бағалы қағаздардың немесе ақшалардың қажетті мөлшері болған кезде, есеп айырысуы «төлемге қарсы жеткізу» (мәміленің бір тарапының қаржылық құралдарды немесе ақшаларды жеткізіп беру міндеттемелерін орындау мәміленің екінші тарапының ақшаларды немесе қаржылық құралды жеткізіп беру бойынша қарсы міндеттемелерін орындаумен мүмкін болатын) қағидаты бойынша жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен мәмілені жасамайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің қолданысы орталық контрагенттіктің қызметтерін пайдаланып жасалатын және (немесе) осы клиентке тәуекелді сипаттайтын көрсеткіштің мәндері уәкілетті органның талаптарына сәйкес келгенде, клиенттің тапсырмасымен, есебінен және оның мүддесін көздеп жасалатын мәмілелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің, бейрезидент-банктерінің филиалдарының бағалы қағаздармен жасайтын мәмілелеріне таралмайды.

53. Егер мәміленің объектісі болып табылатын бағалы қағаздар немесе ақшалар есеп айырысулар жүргізілетін сәтке дейін бұрын жасалған мәміленің негізінде Қоғамның немесе оның клиентінің шотына есепке алынса, мәміле жасалған сәтте брокердің және (немесе) дилердің немесе оның тапсырмасымен мәміле жасау жоспарланған клиенттің тиісті шотында бағалы қағаздардың немесе ақшалардың қажетті мөлшері болмаған кезде, Қоғам есеп айырысуы мәміле жасалған күннен кейін жүргізілетін бағалы қағаздармен мәмілені жасайды.

54. Қоғам қазақстандық және халықаралық (шетелдік) бағалы қағаздар нарықтарында қазақстандық және шетелдік эмитенттердің қаржылық құралдарын сатып алу-сату бойынша мәмілелерді осы қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша есеп айырысулар мәміле тарапының қаржылық құралдарды жеткізіп беру бойынша міндеттемелерін орындау оның өзге қаржылық құралдарды алу бойынша қарсы талаптарын орындамай мүмкін болмайтын немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолданатын «төлемге қарсы жеткізу» қағидаты бойынша шетелдік есеп айырысу ұйымдары арқылы жүзеге асырылған жағдайда жасайды.

55. Брокер ретінде қаржылық құралдармен мәміле жасаған кезде Қоғам клиенттің тапсырмасын үздік орындауға мүмкін болған барлық күш-жігерін жұмсайды. Осы мақсатта Брокер клиентке түрлі депозитарийлерде клиентке ашылған жеке шоттардағы қаржылық құралдармен мәмілелер жасауға қажетті клиенттің активтерінің барына сүйеніп, клиенттік тапсырыс берген сәтте оны орындаудың ағымдағы жағдайлары, мәмілелерді жасаумен байланысты шығыстардың көлемдері, сондай-ақ түрлі сауда алаңдарында тиісті қаржылық құралдар бойынша өтімділіктің болуы туралы хабарлайды. Брокерлік шартпен көзделген жағдайларда, не болмаса осы клиенттің мүдделерін қорғау мақсатында Қоғам қаржылық құралдармен мәміле жасауды басқа брокерге және/немесе дилерге тапсырады. Қоғамның қаржылық құралдармен мәміле жасауды басқа брокерге және/немесе дилерге тапсыруы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілген қаржылық құралдармен мәміле туралы мәліметтер осы мәмілені жасау жүктелген брокердің және/немесе дилердің атауы көрсетіліп, Қоғамның ішкі есеп журналында көрсетіледі.

56. Брокерлік және дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса атқарған кезде Қоғамның меншікті қаражаттары есебінен қаржылық құралдармен мәмілелерді жасау туралы шешімдерді инвестициялық комитеті қабылдайды.

57. Қоғам орталық депозитарий жүргізетін тізілімге (бұдан әрі - тізілім) ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржылық құралдармен мәмілелерді енгізу

үшін есепті аптадан кейінгі аптаның бірінші жұмыс күнінің Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 14-00-ден кешіктірмей уәкілетті органмен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру Қағидаларының және Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Орталық депозитарийге ақпарат табыстайды. Ақпарат ақпарат табысталған күнге қарай ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда туынды қаржылық құралдармен жасалған барлық қолданыстағы мәмілелер, сондай-ақ есепті кезеңде жасалған және орындалған мәмілелер бойынша ұсынылады.

58. Осы Регламенттің 59 тармағында көрсетілген тізілімге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, Қоғам Орталық депозитарийге тізілімге жаңартылған ақпаратты және өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу себептерін көрсетіп, жазбаша түсініктеме табыстайды.

59. Қоғам уәкілетті органның шетелдік валютамен айырбас операциялар (қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбас операциялары бөлігінде) жасауға лицензия болған кезде Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасының мақсаттары үшін валюталық бақылау агентінің функцияларын атқаратын уәкілетті банк болып танылады.

Қоғам валюталық бақылау агентінің функцияларын атқаратын уәкілетті банк болып танылған жағдайда, шетелдік валютамен сатып алу немесе сату бойынша мәмілелерді (соның ішінде қор биржасының ішкі құжаттарына сай валюталық своп операцияларына жататын мәмілелерді) тек қолма-қол ақшасыз түрде:

- 1) меншікті активтері есебінен;
- 2) өз клиенттерінің активтері есебінен және тапсырмасымен;
- 3) басқаруындағы активтердің есебінен (брокерлік және/немесе дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса атқарғанда) жасайды.

60. Клиентке қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату қызметтерін көрсетуді Қоғам Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүргізу рәсімімен, брокерлік шартпен клиенттік активтерге қатысты көзделген және Қоғамның ішкі құжаттарымен меншікті активтерге және/немесе басқаруындағы активтерге қатысты (инвестициялық портфельді басқару қызметін қоса атқарғанда) көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Қоғамдағы валюталық операциялардың мониторингі мен бақылауын жүзеге асыратын және уәкілетті органға жүргізілген валюталық операциялар туралы есеп табыстайтын жауапты бөлімше Комплеанс-бақылау департаменті (бұдан әрі - КБД) болып табылады.

61. Қоғамның Биржада қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу және сату мәмілелерін жасауы келесі тәсілдермен:

- 1) сатып алынатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны толық алдын ала төлеу немесе сатылатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны алдын ала жеткізу шарттарымен;

- 2) Биржаның (клирингтік ұйымның) ішкі құжаттарына сәйкес сатып алынатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны ішінара алдын ала төлеу немесе сатылатын қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны ішінара алдын ала жеткізу шарттарымен жүзеге асырылады.

Клирингтік ұйымның және/немесе орталық контрагенттің қызметтерін қолданып, Биржада қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен мәмілелер жасаудың шарттары мен тәртібі, сондай-ақ мұндай мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындауды қамсыздандыру шарттары мен тәртібі Биржаның, клирингтік ұйымның және/немесе орталық контрагенттің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

Қоғамның ішкі құжаттарымен қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен мәмілелер жасау тәртібіне (жасауға өтінім беруге) қосымша талаптар белгіленеді.

1.4. Шетелдік валютамен қолма-қол ақшасыз айырбас операцияларын жүргізу тәртібі

62. Қоғам банк операцияларын тек уәкілетті органның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға тиісті лицензияның негізінде ғана жүзеге асыруға құқылы.

63. Қоғам брокерлік шарттың аясында қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату мәмілелерін қор биржасында жасайды.

64. Клиентке қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны сатып алу немесе сату қызметтерін көрсетуді Қоғам осы Регламентте, Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілген «Фридом Финанс» АҚ-нда қолма-қол шетелдік валютамен айырбас операцияларын жүзеге асыру қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылы 30 наурыздағы № 40 «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен, клиенттік активтерге қатысты брокерлік шартпен және меншікті активтерге

және/немесе басқаруындағы активтерге қатысты Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

65. Валюталық бақылау агентінің функцияларын атқаратын уәкілетті банк болып танылатын Қоғам Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 64 «Қазақстан Республикасында Валюталық операциялар мониторингі қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес жүргізілген валюталық операциялар туралы есептер жолдайды.

66. Қоғам брокерлік шарттың аясында клиенттерге тиесілі қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны есепке алу және сақтау үшін Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылмайтын банктерде және/немесе Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарында банк шоттарын ашады.

Аталған талап Қоғамға және оның клиенттеріне тиесілі қолма-қол ақшасыз шетелдік валюта қор биржасында есепке алынған және сақталған жағдайда таралмайды.

67. Қолма-қол ақшасыз шетелдік валютаны өзінің жеке шотына/Қоғамдағы өзінің жеке шотынан аударуды ниет еткен Клиент егер көрсетілген мәліметтер Қоғамның есепке алу жүйесінде жоқ болса, Қоғамға тиісті валютадағы банк деректемелері туралы мәліметтер ұсынады, бұл ретте қолма-қол ақшасыз шетелдік валюта тек Клиенттің жеке банк шотына ғана аударылады, үшінші тұлғалардың банктердегі шоттарына аударымдарға тыйым салынады.

1.5. Есепке алуды ұйымдастыру

68. Қоғамға тиесілі қаржылық құралдар мен ақшалар оның клиенттерінің қаржылық құралдары мен ақшаларынан бөлек есепке алынуы тиіс. Бұл мақсаттарда Қоғам Қазақстан Республикасының банктерінде, бейрезидент-банктерінің филиалдарында және/немесе Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және/немесе кастодиандарда (тек шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары бойынша) және/немесе клирингтік ұйымдарда және/немесе есеп айырысу ұйымдарында және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарында Қоғамға және оның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдар мен ақшаларды бөлек есепке алуға және сақтауға арналған бөлек жеке шоттар (қосалқы шоттар) мен банк шоттарын ашады.

69. Клиенттерден түсетін қаржылық құралдар мен ақшаларды Қоғам Қазақстан Республикасының банктерінде, бейрезидент-банктерінің филиалдарында және/немесе Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде және/немесе кастодиандарда (тек шетелдік эмитенттердің бағалы қағаздары бойынша) және/немесе клирингтік ұйымдарда және/немесе есеп айырысу ұйымдарында және/немесе шетелдік есеп айырысу ұйымдарында Қоғамға және оның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдар мен ақшаларды есепке алуға және сақтауға арналған шоттарға қаржылық құралдар мен ақшалар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде есепке алуы тиіс.

69-1. Егер уәкілетті органның аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы болмаса, Қоғам егер бұл тапсырма клиенттің Қоғам арқылы қаржылық құралдармен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты болмаса, клиенттің ақшаларын үшінші тұлғалардың пайдасына аудару (есептен шығару) туралы оның тапсырмасын орындамайды.

70. Қоғам «Ішкі есеп журналдарын және құжаттамасын жүргізу қағидаларында» көрсетілген есеп журналдарын жүргізу арқылы Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен дәйекті және өзекті есепке алуды (есеп деректерін өзгерту үшін негіздемелер туындаған күні) жүзеге асырады. Осы тармақта тізбеленген журналдарды электрондық құжат нысынан жүргізуге рұқсат етіледі.

70-1. Қоғамның меншікті активтері есебінен жасалған мәмілелерге қатысты қабылданған инвестициялық шешімдерді есепке алу журналы брокерлік және дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса атқарған кезде жүргізіледі.

71. Клиенттің бағалы қағаздармен мәмілелерді жасау, жеке шот ашу және жүргізу, сондай-ақ есеп деректерін өзгерту мақсатында ұсынған, соның ішінде баламалы байланыс түрлерімен ұсынған құжаттарын Қоғам осы жеке шот жабылған күннен бастап 6 (алты) жыл бойына сақтауы тиіс.

72. Қоғам халықаралық (шетелдік) нарықтарда мәмілелер жасай отырып, жасалған мәміленің орындалуы туралы, сондай-ақ халықаралық (шетелдік) нарықтарда мәміле жасаған күні осы қаржылық құрал бойынша қалыптасқан бағалардың ең жоғары және ең төмен мәндерін және мәмілені жасаған күнге және уақытқа осы бағалы қағаздар бойынша нарықта белгіленген бағалардың параметрлерін растайтын құжаттарды сақтауды қамтамасыз етеді.

Қаржылық құралдар бойынша нарықтағы белгіленген бағаларды растайтын құжат ретінде Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдамалық жүйелердің ақпараты не болмаса мұндай белгіленген бағалар болмаған жағдайда, почта, электрондық почта немесе факс байланысы арқылы алынған қарсы әріптестердің ұсыныстары танылады.

73. Қоғам клиенттің тапсырмасы негізінде есеп айырысу Қоғамның клиентке қайтарымдылық және ақылылық шарттарымен ұсынған ақшаларды немесе бағалы қағаздарды пайдаланып жүргізлетін бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелерін (бұдан әрі - маржиналдық мәмілелер) жасамайды.

1.6. Андеррайтингтік қызмет

74. Қоғам бағалы қағаздар нарығында андеррайтингтік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте көрсетілген мәртебеде өз бетінше және эмиссиялық консорциумның құрамында таныла алады.

Егер эмиссиялық консорциумның көмегімен іске асырылатын эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында және шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздар нарығында жүргізлетін болса, эмиссиялық консорциумға қатысушылар болып мұндай мемлекеттердің бағалы қағаздар нарықтарында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымдар да танылады.

75. Қоғам мен эмиссиялық консорциумға қатысушылардың арасында жасалатын бірлескен қызмет туралы шарт (бұдан әрі - андеррайтерлер арасындағы шарт) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге ықтимал нормалардан бөлек, келесі нормаларды қамтиды:

- 1) эмиссиялық консорциумға қатысушылардың функциялары;
- 2) эмиссиялық консорциумға қатысушылар арасындағы құқықтарды, міндеттер мен жауапкершілікті бөлісу;
- 3) бірлескен қызмет туралы шарттың қолданылу мерзімі.

76. Бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасындағы қатынастар жазбаша түрде жасалған шартпен реттеледі. Эмиссиялық консорциуммен шарт жасалған жағдайда соңғының қатысушылары атынан эмиссиялық консорциумның басқарушысы қол қояды.

Бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасындағы шарт андеррайтерлер арасындағы шарт жасалғанға дейін де, жасалғаннан кейін де жасалады. Бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасындағы андеррайтердің басқарушысы өзі болып танылатын эмиссиялық консорциумды құру құқығын көздейді.

77. Бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасындағы шарт эмиссиялық бағалы қағаздардың шығарылымын орналастырудың келесі тәсілдерінің бірін белгілейді:

- 1) «Тұрлаулы міндеттемелер» тәсілі, мұнда Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмитенттен орналастырылатын бағалы қағаздарды оларды әрі қарай басқа инвесторларға сату үшін сатып алады. "Тұрлаулы міндеттемелер" тәсілімен андеррайтердің (эмиссиялық консорциумның) қызметтерін бірінші санатты брокер/немесе дилер жүзеге асырады.

Қосымша шарт осы функцияларды Қоғамның ішкі құжаттарында – осы Регламентте, Қоғамның Инвестициялық банкінг департаменті туралы ережеде және көрсетілген қызметтер түрін ұсынудың тәртібін регламенттейтін Қоғамның өзге ішкі құжаттарында міндетті түрде бекітілуі болып табылады;

- 2) «үздік күш-жігерлер» тәсілі, мұнда Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздарды инвесторларға ұсыну арқылы оларды орналастыруға өзінің мүмкін болған барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді;

3) бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың өзге тәсілі.

78. «Тұрлаулы міндеттемелер» тәсілін пайдаланғанда Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмитенттен Қоғамның бағалы қағаздарын есепке алуға арналған және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашық Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) жеке шотына есепке алынатын орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алады.

«Үздік күш-жігерлер» тәсілін пайдаланғанда Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған, бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашық жеке шотындағы бағалы қағаздарды орналастырады.

Шарттың талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың өзге тәсілін пайдаланғанда, Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмитенттен орналастырылатын бағалы қағаздардың бір бөлігін сатып алады, бұл бағалы қағаздар Қоғамның бағалы қағаздарын есепке алуға арналған және бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашық Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) жеке шотына есепке алынады.

Шарттың талаптарына сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастырудың өзге тәсілін пайдаланғанда, Қоғам (эмиссиялық консорциум) эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруға өзінің мүмкін болған барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді, бұл бағалы қағаздарды орналастыру

эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған, бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашық жеке шотынан жүргізіледі.

79. Бағалы қағаздарды өзге тәсілмен орналастыру Регламенттің осы тармағының талаптарын ескере отырып, бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасында жасалған шарттың талаптарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

80. Бағалы қағаздарды орналастырған кезде бағалы қағаздар эмитентінің «тұрлаулы міндеттемелер» тәсілін пайдалануды көздейтін шарттарды қоспағанда, бірнеше андеррайтерлермен шарттар жасасуына рұқсат етіледі.

Егер бұл бағалы қағаздар эмитенті мен Қоғамның (эмиссиялық консорциумның) арасында жасалған шарттың және андеррайтерлердің арасындағы шарттың талаптарына қайшы келмесе, Қоғам (эмиссиялық консорциумның басқарушысы) орналастырылатын шығарылымның бағалы қағаздарын сатуға эмиссиялық консорциумның мүшелері емес (егер бағалы қағаздар шығарылымын орналастыруды эмиссиялық консорциум жүзеге асырса) басқа брокерлерді және/немесе дилерлерді (мұндай мемлекеттердің бағалы қағаздар нарықтарында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымдарды) қатыстырады.

1.7. Маркет-мейкерлік қызметтер

81. Қоғам KASE-нің және/немесе AIX-тің ішкі құжаттарына және маркет-мейкерлік қызметтерді көрсету туралы шарттарға сәйкес бағалы қағаздар эмитенттеріне маркет-мейкерлік қызметтер көрсетуге құқылы.

83. Маркет-мейкерлік қызметтерді көрсету шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау мақсатында клиент Қоғаммен брокерлік қызметтер көрсету шартын (нақтылы ұстаумен) жасайды), оның аясында клиентке Қоғамнан жеке шот (шоттар) ашылады.

Клиентке ашылған жеке шотқа (шоттарға) қызмет көрсету онымен жасалған шарттың, осы Регламенттің және ҚР қолданыстағы заңнамасының негізінде жүзеге асырылады.

84. Қоғамның маркет-мейкерлік қызметтер көрсету шартының талаптары тараптардың келісімімен анықталады.

1.8. Облигацияларды ұстаушылардың мүдделері өкілінің қызметтері

85. Қоғам облигацияларды шығарған және айналымы кезінде эмитенттің алдында облигацияларды ұстаушылардың мүдделеріне өкілдік етуге (бұдан әрі - өкіл) құқылы. Өкілдің қызметтер көрсету тәртібі мен шарттары заңнамамен және эмитентпен және Қоғамның арасында жасалатын облигацияларды ұстаушылардың мүдделеріне өкілдік ету туралы шартпен белгіленеді.

86. Эмитент өкілді бағалы қағаздар нарығында кастодиандық және/немесе брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың арасынан өз бетінше таңдайды.

Өкіл эмитенттің үлестес тұлғасы болмауы тиіс.

87. Өкіл эмитенттен шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мерзімдік есептерді алу, сондай-ақ эмитентке тиісті сұраныстарды жолдау және одан эминенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында міндеттемелерді орындау туралы мәліметтерді алу арқылы эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында міндеттемелерді орындауын бақылайды.

88. Облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін мән-жайлар болған жағдайда, соның ішінде егер эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында міндеттемелерінің қамсыздандырылуы болып табылатын мүліктің жай-күйі немесе кепілгердің қамсыздандырылған облигациялар бойынша қаржылық жағдайы эмитенттің міндеттемелерін толық көлемде орындауын қамтамасыз етпесе, өкіл облигацияларды ұстаушыларды тізбесі шартта көзделген бұқаралық ақпарат құралдарында хабарламалар жариялау арқылы хабарлайды.

89. Эмитенттің облигациялардың сыйақысын және/немесе нақтылы құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, сондай-ақ заңнамамен және облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген талаптарды орындамаумен байланысты салдарларға әкеп соқтыратын жағдайлар басталған кезде, өкіл заңнамамен белгіленген мерзімдерде өз функцияларын және эмитентпен жасалған шарт бойынша өз құқықтарын жүзеге асыру аясында өзі қабылдайтын шаралардың сипаттамасымен бірге бұл туралы уәкілетті органға, облигацияларды ұстаушыларға және сауда-саттықты ұйымдастырушыға (егер облигациялар сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген жағдайда) хабарлайды.

90. Өкіл эмитенттің облигацияларды орналастыру нәтижесінде алған ақшалардың тәртібі мен мақсатты пайдалануын бақылау шараларын қабылдайды және бақылау нәтижесінде алынған ақпаратты заңнамамен көзделген тәртіппен және мерзімдерде облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

91. Қоғамның облигацияларды ұстаушылардың мүдделері өкілінің қызметтерін көрсету шартының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес анықталады.

1.9. Қаржылық консультация беру және оқыту

92. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары аясында бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты консультациялық қызметтер ұсыну қызметтерін көрсетуге құқылы.

93. Қызметтің осы бағыты аясында Қоғам тиісті шарттардың негізінде келесі қызметтерді көрсетеді:

- 1) бағалы қағаздар шығарылымдарын (эмиссияларды) тіркеумен байланысты қызметтер;
- 2) эмитенттің бағалы қағаздарын сауда-саттыққа кіргізу және/немесе эмитенттің бағалы қағаздарын Биржаның белгіленетін бағалар тізіміне енгізу мақсатындағы қызметтер;
- 3) Биржамен өзара іс-қимыл кезінде уәкілетті қаржы консультанты қызметтері;
- 4) эмитенттерге бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты ашып көрсету бойынша консультация беру;
- 5) эмитенттің және оның бағалы қағаздарының «Road Show» таныстырылымдары;
- 6) бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептерді дайындау кезінде консультация беру;
- 7) әзірленген бағдарламалар аясында Қоғам клиенттерді және Қоғамға бағалы қағаздар нарығындағы қызмет саласында жүгінген өзге тұлғаларды соның ішінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың талаптарына ақылы негізде, Қоғамның интернет-ресурсына орналастырылған Қоғамның тарифтеріне сәйкес оқытуды ұйымдастырады;
- 8) бағалы қағаздар нарығының, соның ішінде шетелдік бағалы қағаздар нарығының жай-күйі мен даму перспективалары туралы талдамалық және ақпараттық есептерді қалыптастыру;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге қызметтер.

94. Қоғамның консультациялық қызметтер көрсету шартының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді.

1.10. Ішкі бақылау

95. Ішкі бақылаудың негізгі функциялары басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және Қоғам қызметіндегі кемшіліктерді жедел анықтау және жоюды қамтиды.

Қоғам ішкі бақылауды ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырады. Ішкі бақылауды ішкі бақылау объектісі болып табылатын іс-әрекеттерді тікелей атқаратын Қоғам жұмыскерлерінің жүзеге асыруына жол берілмейді.

Бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қоғамның басшы қызметкерлері мен Қоғамның жауапты бөлімшелерінің тарапынан орындауға және клиенттердің ақшаларды аударуға тапсырмаларын қаржылық құралдарды сатып алумен байланысты емес үшінші тұлғалардың пайдасына орындауға алу фактілеріне жол бергені үшін дербес жауапкершілік белгіленеді.

95-1. Қоғамның Басқармасы:

- жауапты бөлімшенің есептері негізінде клиенттердің операцияларын бақылауды және талдауды жүргізеді және Қоғамның директорлар кеңесіне тәуекелдердің әсерін азайту, сондай-ақ орындауға және клиенттердің ақшаларды аударуға тапсырмаларын қаржылық құралдарды сатып алумен байланысты емес үшінші тұлғалардың пайдасына орындауға алу фактілеріне жол бермеу, бағалы қағаздардың бағаларымен айла-шарғы жасау фактілеріне жол бермеу, жүргізілетін репо операцияларының уәкілетті органның нормативтік талаптарына, KASE ішкі құжаттарына сәйкестігі, ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жүргізілетін мәмілелердің/операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның және оның бөлімшелерінің қызметі туралы ақпаратты табыстайды;

- клиенттердің жасалатын операцияларына қосарлы бақылау жүйесін күшейтуді қамтамасыз етеді;

- № 9 Қағидалардың 31 тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаржылық құралдармен мәмілелер жасаған кезде Қоғамның клиенттеріне ұсынымдар түрінде ақпарат пен мәліметтердің табысталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

- ҚР заңнамасымен және Қоғамның тәуекелдерді басқарудың ішкі саясаттарымен белгіленген шектеулер аясында тәуекелдердің қолайлы деңгейін ұстап тұруды ескере отырып, қаржылық құралдармен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

95-2. Ішкі аудит департаменті:

- Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бөлігінде бақылауды күшейтуді қамтамасыз етеді;

- жүргізілетін репо операцияларының, сондай-ақ ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтардағы мәмілелердің/операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігін жүйелі тексеруді қамтамасыз етеді;

1) Тәуекелдерді басқару департамент мен ДКК бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бөлігінде тәуекелдерді басқару және комплеанс-бақылау жүйесін жетілдіру процесіне қатысады және жасау жоспарланған бағалы қағаздармен мәмілелерді бағалармен айла-шарғы жасауға мониторинг жүргізеді.

2) Инвестициялық портфельді басқару департаменті (бұдан әрі – ИПБД) меншікті портфель бойынша және инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің актвтерімен мәмілелер жасаған кезде бағалармен айла-шарғы жасауға жол берілмеуіне бақылау жүргізеді;

3) СОД мен Қазынашылық департаменті мәмілелерді жасар алдында мәмілелерді жасау кезінде бағалармен айла-шарғы жасауға жол бермеу мақсатында клиенттік тапсырыстарды бақылауды жүргізеді.

4) ЕжЕД:

- клиенттердің бұйрықтарын жауапты жұмыскер орындауға қабылдаған кезде олар бойынша деректерді салыстырып тексеруді жүргізуді қамтамасыз етеді.

96. Қоғам айына сирек дегенде бір мәрте қаржылық құралдардың және жеке шоттер мен банк шоттарындағы ақшалардың көлемінің өзіндік есеп деректерін Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің, клирингтік ұйымдардың және/немесе есеп айырысу ұйымдарының, кастодиандардың, Қазақстан Республикасының банктері мен бейрезидент-банктерінің филиалдарының қаржылық құралдар мен Қоғамға ашылған шоттардағы ақшалардың көлемі туралы деректермен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салыстырып тексеру акті ретінде қаржылық құралдар мен ақшалардың көлемінде айырмашылықтар болмаған жағдайда, шетелдік есеп айырысу ұйымы ұсынған үзінді де танылады. Егер Қоғамның клиенті (контрагенті) оны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған деректердің қателіктері туралы мәлімдемесе, үзінді дұрыс деп есептеледі және салыстырып тексеру акті ретінде танылады.

Қоғам күн сайын Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде ашылған шоттағы және эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржылық құралдармен мәмілелер жасауға арналған әр клиенттің ақшаларының сомасы туралы мәліметтерді Бағалы қағаздардың орталық депозитарийіне табыстайды.

97. Қоғам клиенттің бірінші талап етуімен талапты (сұранысты) алған күннен бастап екі жұмыс күнінің ішінде клиентке танысу үшін осы клиенттің ақшаларын, қаржылық құралдарын және өзге активтерін есепке алудың өзіндік жүйесі деректерінің олардың кастодианның және/немесе Орталық депозитарийдің деректеріне сәйкестікке салыстырып тексеру актінен үзіндіні ұсынады.

2 ТАРАУ. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ НАҚТЫЛЫ ҰСТАУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖАСАУ ТӘРТІБІ

2.1. Жалпы ережелер

98. Қоғам клиентпен нақтылы ұстау туралы шарт жасағаннан кейін клиентке нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот және Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шот ашады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шот ашу үшін нақтылы ұстаушы осы Регламенттің 104, 105 тармақтарының талаптарына сәйкес оны ашу үшін қажетті барлық деректемелерді көрсетіп, клиент туралы мәліметтерді Орталық депозитарийге ұсынады.

Жасырын жеке шоттар мен қосалқы шоттар, сондай-ақ ойдан шығарылған аттарға жеке шоттар мен қосалқы шоттар ашуға жол берілмейді.

98-1. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді тіркеу қашықтық тәсілімен іскерлік қатынастарды анықтағанға дейін ҚКЗТҚ туралы Заңның 6-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

98-2. Қашықтық тәсілімен клиентпен іскерлік қатынастарды анықтаудың міндетті шарттары:
1) клиенттің қаржы мониторингі субъектілерінің қашықтан қатынау жүйесіне өзінің жеке не болмаса бизнес сәйкестендіру нөмірін енгізуі;

2) клиентті сәйкестендіру және түпнұсқаландыру;

3) ҚКЗТҚ туралы Заңның 5-бабы 3 тармағының 1), 2) 2-1) және 4) тармақшаларымен көзделген клиент туралы мәліметтерді тіркеу болып табылады.

98-3. Клиентті сәйкестендіру және түпнұсқаландыру үшін келесі тәсілдер пайдаланылады:

1) жеке немесе заңды тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы;

2) немесе әріптердің, сандардың немесе символдардың жиынтығын білдіретін бірегей сәйкестендіргіш немесе қаржы мониторингі субъектісінің клиентті сәйкестендіру үшін белгілеген және онымен келісілген өзге сәйкестендіргіш.

Одан бөлек, Қоғам клиенттерді түпнұсқаландырудің өзге тәсілдерін жүзеге асыра алады.

98-4. Клиентті сәйкестендіруді растайтын ол туралы мәліметтерді тіркеу:

1) клиенттің сәйкестендірудің қажетті тәсілдерімен өзінің сәйкестендіру деректерін толтыруы арқылы;

2) не болмаса Қоғамның клиентті түпнұсқаландыру рәсімін өткізгеннен кейін осы Регламенттің 98-3 тармақшасында көрсетілген тәсілдермен жүзеге асырылады.

Одан бөлек, Қоғам Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 «Қаржы мониторингі субъектілерімен іскерлік қатынастарды қашықтық тәсілімен анықтаған жағдайда клиенттерді тиісті түрде тексеруге қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына сәйкес «Іскерлік қатынастарды қашықтан анықтаған жағдайда клиенттерді тиісті түрде тексеру рәсімдерін» немесе ҚКЗТҚ туралы Заңды орындау мақсатында оны алмастыратын уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісін әзірлейді және белгіленген тәртіппен бекітеді.

99. Жеке тұлға-клиентке жеке шот (қосалқы шот) ашқан кезде Қоғам осы жеке тұлға-клиент ұсынған мәліметтер негізінде жеке тұлға-клиенттің салықтық резиденттілігін айнықтайды. Клиенттің жеке шотына Қоғам жеке нөмір тағайындайды.

100. Қоғамның операциялық күні бір күннің ішінде жұмыс уақытының кемінде жеті сағатын құрайды.

101. Клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шотында және Орталық депозитарийдегі қосалқы шотында міндетті түрде келесі мәліметтер болады:

1) тіркелген тұлға туралы (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты немесе бағалы қағаздарды ұстаушының атауы, клиенттің резиденттігінің белгілері, жеке тұлғаның азаматтығы туралы мәліметтер, экономиканы секторы, заңды тұлғаны тіркеуді растайтын құжат туралы мәліметтер немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер, жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) (бар болса), почталық және заңды мекенжайлары, банк деректемелері (қажет болған жағдайда бағалы қағаздар бойынша өтеме сыйақылар мен сомалар аударуға арналған банк деректемелері және бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған банк деректемелері), салық жеңілдіктері туралы мәліметтер және Орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығына және/немесе Қоғамның ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитарийге және/немесе Қоғамға тиісінше қосалқы шот және/немесе жеке шот ашуға қажетті басқа ақпарат;

2) осы жеке шотта (қосалқы шотта) тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі және сәйкестендіру нөмірі;

3) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығының саны мен сәйкестендіргіші;

4) ауыртпалық салынған (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) бағалы қағаздардың саны;

5) бағалы қағаздардың ауыртпалығы (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) пайдасына жүзеге асырылған тұлғалар;

6) бұғатталған (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) бағалы қағаздар саны;

7) «репо» операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздардың саны;

8) осы жеке шот бойынша тіркелген мәмілелер және нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетілген операциялар:

мәміленің (операцияның) түрі;

оның тіркелген күні мен уақыты;

мәмілені (операцияны) жүргізудің негіздемесі;

операцияға қатысатын жеке шоттардың нөмірлері;

оларға қатысты мәмілеле тіркелген бағалы қағаздардың саны, түрі, сәйкестендіру нөмірі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығының саны мен сәйкестендіргіші);

9) операциялардың (мәмілелердің) белгілі бір түрлеріне қажетті басқа мәліметтер.

102. Жеке шоттарда келесі бөлімдер ашылады:

«негізгі» - оларға мәмілелерді өткізуге шектеулер (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) белгіленбеген бағалы қағаздарды есепке алуға арналған;

«бұғаттау» - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мұндай шешім қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімдері негізінде оларға бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) сақталуына кепілдік беру мақсатымен жүзеге асырылатын бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

«репо» - автоматты тәсілмен және орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланбай жасалған «репо» операциясының мәні болып табылатын бағалы қағаздарды есепке алуға арналған;

«ауыртпалық» - бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) ұстаушының азаматтық-құқықтық мәміле негізінде басқа тұлғалардың алдында туындаған міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін оларға мәмілелерді жүзеге асыруға шектеулер қойылған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқығы) есепке алуға арналған;

«клирингтік ұйым (орталық контрагент) бөлімі» – клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік қорларына жарналар, маржалық жарналар, қор Биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және/немесе орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындаудың толық және/немесе ішінара қамсыздандыруы болып табылатын қаржылық құралдарды есепке алуға арналған, бұл бөлім бойынша операциялар тек клирингтік қатысушының жасалған мәмілелер бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан және/немесе дефолтты реттеу рәсімдерін өткізгеннен кейін клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) тиісті өкімі бар болған кезде ғана жасалуы мүмкін.

Қоғам бағалы қағаздарды есепке алу үшін жеке шоттан қосымша бөлімдер аша алады.

103. Қоғамның жеке шоты ол шетелдік бағалы қағаздарға қатысты немесе нақтылы ұстаушы функцияларын жүзеге асыратын шетелдік ұйымдарға нақтылы ұстаушы қызметтерін көрсеткен кезде жеке шотты ашуға бұйрықтың және Орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығымен немесе кастодианның ішкі құжатымен белгіленген құжаттардың негізінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде немесе кастодианның есепке алу жүйесінде ашылады.

104. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке тұлғаға жеке шот ашу жеке шот ашу туралы бұйрықтың, жеке басын куәландыратын құжаттың және брокерлік шарттың (нақтылы ұстаумен) негізінде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаға ақпараттық жүйелерді пайдаланып, электрондық құжат немесе клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы куәландырылған өзге электрондық-цифрлық нысанда (нақтылы ұстау клиенті электрондық қызметтер алуға жүгінген жағдайда) жеке шот ашуға бұйрық берген кезде жеке тұлғаның электрондық бұйрығына осы жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және оның жеке сәйкестендіру нөмірі тіркеледі.

105. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде заңды тұлғаға жеке шот ашу келесі құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) жеке шот ашу туралы бұйрық;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі;

3) нақтылы ұстау туралы шарт;

4) Қазақстан Республикасының заңды тұлға-резиденті үшін:

жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қою құқығына ие заңды тұлғаның өкілдері қолтаңбаларының нотариатпен куәландырылған үлгілері бар құжат, ол мынадай мәліметтерді қамтиды:

Қоғамның атауы;

құжатқа қол қоюға құқық беретін Қоғамның заңды тұлға-клиентінің атауы;

Қоғам клиентінің өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қолтаңбалардың үлгілері Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті болып есептелетініне нұсқау;

Қазақстан Республикасының заңды тұлға-бейрезиденті үшін:

жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қою құқығына ие заңды тұлғаның өкілдері қолтаңбаларының үлгілері бар құжат;

заңды тұлғаның өкілінің жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қоюға өкілеттігін растайтын заңды тұлғаның уәкілетті органының сенімхаттары немесе шешімдері.

Қоғамның нақтылы ұстау жүйесінде заңды тұлғаға екі және одан көп жеке шот ашылған жағдайда, осы тармақтың 2), 3), 4) тармақшаларында тізбеленген құжаттар бірінші жеке шотты ашқан кезде ұсынылады.

106. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде инвестициялық пай қорының жеке шотын ашу келесі құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

1) инвестициялық портфельді басқарушының жеке шот ашу туралы бұйрығы;

2) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қою құқығына ие инвестициялық портфельді басқарушының өкілдері қолтаңбаларының нотариатпен куәландырылған үлгілері бар құжат, келесі мәліметтерді қамтиды оның мөрінің бедері:

нақтылы ұстаушы ретінде Қоғамның атауы;

инвестициялық пай қорының атауы;

инвестициялық портфельді басқарушының атауы;

инвестициялық портфельді басқарушының өкілдерінің лауазымы, тегі, аты, бар болса әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қолтаңбалардың үлгілері Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған инвестициялық пай қорының жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті болып есептелетініне нұсқау;

3) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге құжаттар.

Бағалы қағаздар нарығында нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті инвестициялық портфельді басқару қызметімен қоса атқаратын Қоғам Қоғамның инвестициялық басқаруындағы инвестициялық пай қорының бағалы қағаздарды ұстаушысын қоспағанда, инвестициялық портфельді басқару шартын жасаған клиенттің бағалы қағаздарын нақтылы ұстауды жүзеге асырмайды.

107. Қоғам инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның (бұдан әрі - инвестициялық портфельді басқарушы) клиенттеріне жеке шоттарды келесі құжаттардың негізінде ашады:

1) инвестициялық портфельді басқару шартына немесе клиенттің сенімхатына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушы не болмаса оның клиентінің өз бетінше берген жеке шот ашу туралы бұйрығы;

2) Регламенттің 104 және 105 тармақтарында көрсетілген құжаттар;

3) инвестициялық портфельді басқару шартының немесе клиенттің клиенттің шот бойынша бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыруға сенімхатының көшірмелері;

4) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қою құқығына ие инвестициялық портфельді басқарушының өкілдері қолтаңбаларының нотариатпен куәландырылған үлгілері бар құжат, келесі мәліметтерді қамтиды оның мөрінің бедері:

нақтылы ұстаушы ретінде Қоғамның атауы;

құжатқа қол қою құқығын беретін нақтылы ұстау клиентінің атауы (тегі, аты, бар болса әкесінің аты);

инвестициялық портфельді басқарушының атауы;

инвестициялық портфельді басқарушының өкілдерінің лауазымы, тегі, аты, бар болса әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

осы құжаттағы қолтаңбалардың үлгілері Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті болып есептелетініне нұсқау;

5) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге құжаттар.

Қоғам Қоғамның инвестициялық басқаруындағы инвестициялық қордың бағалы қағаздарды ұстаушысын қоспағанда, инвестициялық портфельді басқару шартын жасаған клиенттің бағалы қағаздарын нақтылы ұстауды жүзеге асырмайды.

108. Уәкілетті органның кастодиандық қызметті және/немесе брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар қаржы ұйымдары қайта құрылған кезде бағалы қағаздарды ұстаушыларға жеке шот ашу операцияларын Қоғам Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүзеге асырады.

109. Эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты жеке шот ашу туралы бұйрықтың және андеррайтингтік келісімнің, сондай-ақ Регламенттің 99 тармағында көрсетілген құжаттар негізінде бағалы қағаздар орналастырылған жағдайда Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде ашылады.

110. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты эмитентке оның жеке шот ашу туралы бұйрығының, сондай-ақ осы Регламенттің 105 тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде ашылады.

111. Эмитенттің орналастырылмаған және сатып алынған бағалы қағаздары Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес қажетті эмитенттің барлық деректемелерін ашып көрсете отырып, Қоғамның Орталық депозитарийде ашқан тиісті қосалқы шоттарында есепке алынады.

112. Жеке шотты ашу туралы бұйрыққа заңды тұлғаның өкілі (жеке тұлға немесе оның өкілі) қол қояды және онда келесі ақпарат болады:

- 1) заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса әкесінің аты);
- 2) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы мен деректемелері;
- 3) жеке тұлғаның туған күні;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні мен нөмірі;
- 5) заңды тұлғаның тұрған жері (жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы), почта мекенжайы;
- 6) жеке тұлғаның ЖСН-і немесе заңды тұлғаның БСН-і (ол бар болса), бағалы қағаздарға қатысты оған таралатын салық жеңілдіктері туралы мәліметтер;
- 7) жеке тұлғаның тіркелген жері (жеке тұлғаның азаматтығы) туралы мәліметтер;
- 8) экономика секторы;
- 9) банк деректемелері;
- 10) Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес тиісінше Орталық депозитарийге және/немесе Қоғамға қажетті басқа да мәліметтер.

113. Қоғам нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректерді резервтік көшірмелеуді және сақтауды жүзеге асырады.

Нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректерді резервтік көшірмелеуді Қоғам күнделікті жүзеге асырады. Резервтік көшірмелер ақпаратқа рұқсатсыз кіруден қорғалуы тиіс.

Резервтік көшірмелер Қоғаммен үлестес емес сейфтік операцияларды жүзеге асыратын ұйымда сыртқы тасығыштарда (CD-R, CD-RW, Flash-Drive және өзге сыртқы ақпарат тасығыштарда) сақтайды.

Резервтік көшірмелерді сақтау үшін сейфтік операцияларды жүзеге асыратын ұйыммен шарт жасаған (бұзған) сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қоғам бұл туралы шарт жасалған (бұзылған) ұйымның атауын, жасалған шарттың күні мен нөмірін көрсетіп, уәкілетті органға хабарлайды.

Резервтік көшірмелер оларды жаңартылған резервтік көшірмелермен айырбасталғанға дейін сақталады. Резервтік көшірмелерді сейф ұяшықтарында жаңартылған резервтік көшірмелерге айырбастауды Қоғамның жауапты тұлғасы Қоғамның Басқарма Төрағасының бұйрығымен белгіленген мерзімділікпен, бірақ сирек дегенде аптасына бір мәрте жүргізеді.

114. Сейфтік операцияларды жүзеге асыратын ұйыммен шартта уәкілетті органға сақталатын резервтік көшірмелердің нақты бар екенін және мазмұнын тексеруге мүмкіндік беретін шарттар қарастырылуы қажет.

2.2. Бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу шарттары мен тәртібі

115. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарымен) мәмілелерді тіркеу жеке шоттар бойынша тиісті операцияларды жүргізу арқылы жасалады.

Эмитенттің айналым мерзімі аяқталған және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелері орындалмаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын есепке алуды Қоғам осы эмиссиялық бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірін көрсетіп,

Орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен белгіленген тәртіппен орталық депозитарий тағайындаған сәйкестендіргіш бойынша жүзеге асырады.

Тіркелген тұлғалардың жеке шоттарындағы эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарының сандық мөлшері осы талап ету құқықтары туындаған эмиссиялық бағалы қағаздардың (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде оларды бұғаттау бойынша операциялар жүргізілген эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) санына сәйкес анықталады.

116. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде келесі операциялар түрлері жүзеге асырылады:

- 1) жеке шоттар бойынша операциялар:
 - жеке шотты ашу;
 - бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтерді өзгерту (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары); бағалы қағаздардың күшін жоюы;
 - бағалы қағаздарды өтеу;
 - бағалы қағаздарды ұстаушылардың шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу);
 - бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан (шоттарына) (шотына/шоттарына) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару (есепке алу);
 - орналастырылған акциялар (эмитент сатып алған акцияларды шегергенде) санының ұлғаюына байланысты бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына (қосалқы шотына) акциялар санының ұлғайғаны туралы жазбалар енгізу;
 - эмитенттің бағалы қағаздар мен өзге ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы жазбалар енгізу;
 - эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу;
 - бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалықтар салу және ауыртпалықты алып тастау;
 - бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) бұғаттау және бұғаттауды алып тастау;
 - сенімді басқарушы туралы жазбалар енгізу және сенімді басқарушы туралы жазбаларды жою;

- жеке шотты жабу;
- 2) ақпараттық операциялар:
 - жеке шоттан үзінді беру;
 - жүргізілген операциялар туралы есептерді беру;
 - бағалы қағаздарды ұстаушылардың, Орталық депозитарийдің, эмитенттер мен уәкілетті органның сұратуымен басқа да есептерді дайындау және беру.

117. Қоғам ішкі құжатпен белгіленген тәртіппен тіркеу журналдарын жүргізу жолымен:

1) қабылданған клиенттік бұйрықтарды жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды және олардың орындалуын (орындалмауын) тіркеуге;

2) жеке шоттар бойынша операцияларды;

3) жеке шоттар бойынша операцияларды және ақпараттық операцияларды тіркеуге құжаттарға қол қоюға сенімхаттарды дәйекті және өзекті есепке алуды жүзеге асырады.

118. Қоғамның клиенттері арасында операцияны жүргізген кезде Қоғам бағалы қағаздар бойынша құқықтардың ауысуын тіркейді және Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Қоғам Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі клиенттің қосалқы шоты бойынша тиісті бұйрықты Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттар бойынша операциялар жүргізілетін күні жолдайды. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі Қоғамның клиенттері арасындағы операциялар Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде операциялар жүргізілген күнмен көрсетіледі. Қоғам клиентке оның бұйрығының орындалғаны туралы есепті Орталық депозитарийден жүргізілген операциялар туралы растаманы алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды.

Жоғарыда көрсетілген талаптар Қоғамның атына ашылған және Қоғамның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдарды біріктірме есепке алуға арналған Қоғамның қосалқы шоттары бойынша операциялар жүргізілген жағдайларына қолданылмайды.

Қоғамның атына ашылған және Қоғамның клиенттеріне тиесілі қаржылық құралдарды біріктірме есепке алуға арналған Қоғамның қосалқы шоттары бойынша операциялар жүргізілген жағдайларда, Қоғам бағалы қағаздар бойынша құқықтардың ауысуын тіркейді, Қоғам клиентке оның

бұйрығының орындалғаны туралы есепті операция жүргізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды.

Бұйрықтың орындалғаны туралы есеп клиентке почтамен жолданады не болмаса клиенттің немесе оның заңды өкілінің қолына беріледі не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен электронды құжат нысанында немесе электрондық цифрлық нысанда әзірленеді және беріледі.

Қоғамның клиенттері мен басқа нақтылы ұстаушылары арасында операция жүргізілген кезде бағалы қағаздар бойынша құқықтардың ауысуы Орталық депозитарийдегі олардың жеке шоттарында тіркеліп, әрі қарай Қоғамның есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Қоғам Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде клиенттің қосалқы шоты бойынша мәмілені тіркеу туралы бұйрықты Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі клиенттің тиісті бұйрығы тікелген күні жолдайды. Орталық депозитарийден жеке шоттар бойынша операция жүргізілгені туралы растаманы алғаннан кейін бір сағаттың ішінде Қоғам бұл операцияны Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде көрсетеді.

Ұйымдастырылмаған нарықта тіркеушінің клиенті мен Қоғамның клиенті арасында операцияны жүргізген кезде бағалы қағаздар бойынша құқықтардың ауысуын тіркеуші тіркеушінің және депоненттің бұйрығы негізінде әрекет ететін Орталық депозитарийдің клиентінің жеке шоттары бойынша мәміленің қатысушыларының қарсы бұйрықтары негізінде тіркейді.

Сот шешімімен бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгеруін немесе доғарылуын Қоғам заңнамаға сәйкес барлық қажетті деректемелер қамтылған атқару парағының негізінде тіркейді және Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі. Қоғам тіркеген соттың шешімімен бағалы қағаздар бойынша құқықтардың өзгеруі немесе доғарылуы Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шоттар бойынша операция жүргізілген күні көрсетіледі.

119. Қоғам ол туралы Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде мәліметтер жоқ клиенттің өтінімі негізінде оған осы клиенттің басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруына өтінім беру туралы тапсырманы осындай өтінім алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды.

120. Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде (Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде) эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша және эмитенттің сатып алған бағалы қағаздарын есепке алуға арналған жеке шоты (қосалқы шоты) бойынша операция жүргізілген кезде Қоғам (Орталық депозитарий) тіркеушіге жүргізілген операциялар туралы хабарлама (есеп) жолдайды.

121. Эмитент ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған облигацияларды сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген эмитенттің осындай операция жүргізуін көздейтін сауда-саттықты жүргізу әдісімен сатып алған кезде Орталық депозитарийде Қоғамның нақтылы ұстаушысының жеке шоты аясында ашылған эмитенттің қосалқы шоты көрсетіледі.

Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрығы негізінде Регламенттің осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген орналастырылған облигацияларды сатып алу аясында жасалған мәмілелерді тіркеу бойынша операцияларды жүргізеді.

122. Жеке шоттар бойынша операцияларды жүргізер алдында Қоғам бұйрықтардағы қолтаңбаларды олардың заңды тұлғаның өкілдерінің нотариатпен куәландырылған қолтаңбалары үлгілері бар құжатта немесе мәміленің тарапы болып табылатын жеке тұлғаның не болмаса оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға сәйкестігін салыстырып тексереді.

Бұйрықтағы қолтаңбаның үлгісі көзбен көргенде заңды тұлғаның өкілдерінің нотариатпен куәландырылған қолтаңбалары үлгілері бар құжатта немесе мәміленің тарапы болып табылатын жеке тұлғаның не болмаса оның өкілінің жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қолтаңбаларға сәйкес келмегенде, егер бұйрыққа клиент Қоғамның жауапты жұмыскерінің қатысуымен қол қоймаған жағдайда, Қоғам клиентке оның бұйрықта көрсетілген іс-әрекетті жасау ниетін растау туралы сұраныс жолдайды.

122-1. Қоғам орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен жылына сирек дегенде бір мәрте нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесіндегі клиенттер туралы деректерді орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі осындай клиенттер туралы деректермен салыстырып тексереді.

Осы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша Қоғамның нақтылы ұстаушыны есепке алу жүйесінде клиент туралы деректерде орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде осындай клиент туралы деректермен салыстырғанда айырмашылық анықталған кезде Қоғам өзінің ішкі құжаттарымен көзделген тәртіппен клиент туралы деректерлі өзектендіру және өзінің есепке алу жүйесіне тиісті өзгерістер енгізу қажеттігін анықтайды, осыдан кейін Қоғамның ішкі құжаттарымен

белгіленген тәртіппен, мерзімде және тәсілмен орталық депозитарийден алынған ақпарат негізінде мұндай клиентке оның деректері жаңартылған жағдайда хабарлама жолдайды.

123. Қоғам мына жағдайларда бұйрықтың орындалмау себептерін көрсетіп, ЭҚЖЭЦҚ турады Заңға және Қоғамның ішкі құжатына сәйкес жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында немесе өзге электрондық-цифрлық нысанда бас тартуды ресімдейді:

- 1) бұйрықтардағы қолтаңбалар нотариатпен куәландырылған үлгілерге сәйкес келмеген;
- 2) қарсы бұйрықты операция жасау туралы бұйрықты алған күннен кейін күнтізбелік 2 (екі) күннің ішінде табыстамаған;
- 3) бұйрықтар деректемелерінің Қоғамның ішкі құжатымен бекітілген типтік үлгілермен белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың (қосалқы шоттың) деректемелеріне сәйкес келмеген;
- 4) клиенттердің жеке шоттарында (қосалқы шоттарында) бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары) қажетті көлемі болмаған;
- 5) мәміленің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген;
- 6) клиенттің мәмілені тіркеу үшін белгіленген мерзім ішінде уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда ірі қатысушы мәртебесін алуға келісімін растайтын құжатты табыстамаған;
- 7) тиісті мемлекеттік органдардың не болмаса соттың бағалы қағаздардың айналымын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы шешімдері бар болған;
- 8) «Атқару өндірісі және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Атқару өндірісі туралы Заң) 65-бабының 6-1 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және/немесе жеке шот немесе қосалқы шот бұғатталған;
- 9) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы Заң) сәйкес банктер қосылу түрінде қайта құрылған кезде, олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген кезде тіркелген тұлғалардың жеке шотынан (жеке шоттарынан) (шотына (шоттарына) (қосалқы шотынан/қосалқы шоттарынан) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) бойынша операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) ауыртпалық салынған;
- 10) бұйрықты қабылдау сәтінде және/немесе осы бұйрықтың қолданылу кезеңінде клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімі аяқталған;
- 11) Қоғамның ішкі құжатында көзделген жағдайларда.

124. Орталық депозитарийден эмитенттің айналым мерзімі аяқталған және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелері орындалмаған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша дефолтқа жол бергені, эмитенттің мұндай эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына тағайындалған сәйкестендіргіш және Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде айналым мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды депоненттердің және олардың клиенттерінің қосалқы шоттарынан есептен шығару және эмитенттің мұндай эмиссиялық бағалы қағаздар жөнінде міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын есепке алу бойынша жүргізілген операциялар туралы хабарлама алғаннан кейін Қоғам бір жұмыс күнінің ішінде өз клиенттерінің қосалқы шоттары бойынша айналым мерзімі аяқталған эмиссиялық бағалы қағаздарды (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде бұғаттау операциясы жүргізілген нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі эмиссиялық бағалы қағаздарды қоспағанда) есептен шығару және осы бағалы қағаздар бойынша туындаған міндеттемелерді (ауыртпалық, сенімгерлік басқару) сақтай отырып, эмитенттің мұндай бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын есепке алу бойынша ұқсас операциялар жүргізеді.

Регламенттің осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген барлық операциялар жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде Қоғам эмитентке, сенімді басқарушыларға, сондай-ақ пайдасына айналым мерзімі өткен және олар бойынша эмитент өтеу жөніндегі міндеттерін орындамаған бағалы қағаздарға ауыртпалық салынған тұлғаларға хабарламалар (есептер) жолдайды.

Егер айналым мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша бұрын Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың актілері негізінде бұғаттау операцияларын жүзеге асырса, Қоғам Орталық депозитарийден осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде актісі негізінде бағалы қағаздарды бұғаттау операциялары жүргізілген тиісті мемлекеттік органға бұл

бағалы қағаздар бойынша айналым мерзімінің өткені және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелерін орындамағаны және бұл бағалы қағаздардың эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарына айырбасталуы тиіс екені хабарлама жолдайды.

ҚКЗТҚ туралы Заңмен көзделген негіздер бойынша бұғаттау жүзеге асырылған кезде хабарлама қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша өзге шаралар қабылдайтын мемлекеттік органға жолданады.

Бұл ретте мұндай эмиссиялық бағалы қағаздарды оларды ұстаушылардың жеке шоттарынан есептен шығару және бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде ашылған айналым мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алуға арналған эмитенттің жеке шотына есепке алу, сондай-ақ эмитенттің мұндай бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шоттарына есепке алу операцияларын Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқыққа ие мемлекеттік органның актілері негізінде эмиссиялық бағалы қағаздарды бұғаттауды алу операциясы жүргізілгеннен кейін жүргізеді.

Эмитент айналым мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушының алдында міндеттемелерін орындаған кезде Қоғам мұндай бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтарын оларды ұстаушылардың жеке шотынан есептен шығару және осы Регламенттің 127 тармағымен белгіленген бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде ашылған эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша сатып алған талап ету құқықтарын есепке алу операциясын жүргізеді.

125. Жеке шоттағы ұстаушы туралы мәліметтерді өзгерту операциясын Қоғам көрсетілген тұлғаның өзі туралы мәліметтерді өзгерту туралы бұйрығының және осы өзгерістерді растайтын құжатының негізінде жүргізеді.

Жеке шоттағы инвестициялық пай қоры туралы мәліметтерді өзгерту операциясын Қоғам осы қордың компания басқарушысының қор туралы мәмілеттерді өзгерту туралы бұйрығының және осы өзгерістерді растайтын құжаттардың негізінде жүргізеді.

126. Айналым мерзімі өткен және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелері орындалмаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу талап ету құқықтарын беруші тұлғаның жеке шотынан осы бағалы қағаздар жөнінде эмитенттің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын есептен шығару және пайдасына эмитенттің осы бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын беру жүргізілетін тұлғаның жеке шотына есепке алу операцияларын жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Айналым мерзімі өткен және эмитенттің оларды өтеу бойынша міндеттемелері орындалмаған эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу операциясын жүргізу осы Регламенттің 115 тармағымен белгіленген бағалы қағаздар бойынша құқықтардың ауысуын тіркеу тәртібін есепке ала отырып жүргізіледі.

127. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) бағалы қағаздарды ұстаушылардың шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) есептен шығару (есепке алу) операцияларын Қоғам келесі жағдайларды қоспағанда бағалы қағаздарды ұстаушылардың бұйрықтары негізінде жүргізеді:

1) Орталық депозитарийдің және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырылған нарықта жасалған операциялар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық қажетті деректемелер қамтылған атқару парағының негізінде сот шешімімен бағалы қағаздар бойынша құқықтарды өзгерту немесе доғару операциялары;

3) клиенттердің жеке шоттарынан оларға тиесілі Банктер туралы Заңның 16-бабы 6 тармағына сәйкес мәжбүрлеп сатып алынуға жататын екінші деңгейлі банктердің акцияларын есептен шығару және осы акцияларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шотына есепке алу операциялары. Олар уәкілетті органның қаулысымен бекітілген «Банктің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және оларды инвесторларға міндетті түрде сату қағидаларының» 6 тармағымен белгіленген тәртіппен қабылданған уәкілетті органның шешімі негізінде тіркеледі;

4) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) мұраға қалдыру, бұл кезде тіркелген тұлғалардың жеке шотынан (жеке шоттарынан) (жеке шотына/жеке шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операциялары мұрагер немесе оның өкілі берген тиісті бұйрықтың, мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасының немесе оның нотариатпен куәландырылған көшірмесінің, мұрагердің өкілеттігін растайтын құжаттардың және мұрагерде нақтылы ұстау жүйесінде жеке шот болмаған

жағдайда, осы Регламенттің 104 және/немесе 105 тармақтарында көрсетілген құжаттардың негізінде тіркеледі;

5) эмитенттің бағалы қағаздары мен өзге ақшалай міндеттемелерін эмитенттің жай акцияларына айырбастау, эмитенттің бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы эмитенттің басқа түрдегі акцияларына айырбастау, бұл кезде тиісті жазбаларды енгізу операциялары эмитенттің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады немесе Орталық депозитарийдің хабарламасы негізінде көрсетіледі;

6) қаржы ұйымдары қайта құрылған кезде бағалы қағаздарды бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан (жеке шоттарынан) (жеке шотына/жеке шоттарына) есептен шығару (есепке алу) операциялары, олар Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінен алынған тіркелген операциялар туралы есептің негізінде жүзеге асырылады;

7) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының лицензиясынан айырылған немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясын ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдаған және бұл ретте клиенттен оған хабарлама жолданған күннен бастап 90 (тоқсан) күннің ішінде активтерді есептен шығару туралы бұйрық алынбаған не болмаса клиент тұрған жерінде (тұрғылықты мекенжайда) жоқ деген хабарлама алған жағдайда нақтылы ұстаушының клиентінің жеке шотынан бағалы қағаздарды (айналым мерзімі өткен бағалы қағаздар бойынша талап ету құқықтары) есептен шығару операциялары, сондай-ақ тіркеушінің Қоғам клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде ашқан жеке шотқа осы бағалы қағаздарды (талап ету құқықтарын) есепке алу операциялары.

Егер мәміле тараптарының біріне оны жасау үшін уәкілетті органның рұқсаттамасы (келісімі) қажет болса, Қоғам мұндай келісімнің барын растайтын құжатты сұратады. Уәкілетті органның талап ететін рұқсаттамасы (келісімі) болмаған кезде Қоғам мәмілені тіркеуден бас тартады.

Осы тармақтың екінші бөлігінің талабы бағалы қағаздарды сенімгерлік басқаруға берген кезде Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жүргізілетін операцияларға қатысты да таралады.

Бағалы қағаздарды ұстаушылардың шоттары бойынша эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығымен «репо» операцияларын Қоғам жүргізбейді.

128. Егер бағалы қағаздармен (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарымен) мәміле жасау туралы шарттың тараптарымен шарттың талаптары өзгертілсе немесе мұндай шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 401-бабының 1 тармағына сәйкес тараптардың келісімімен бұзылса, тіркелген тұлғалардың шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операцияларын Қоғам шарт тараптарының қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді.

129. Егер тіркелген тұлғалардың шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операциялары жүргізілгеннен кейін мәміле тараптарымен олардың ұсынған мұндай операцияларды жүргізу туралы бұйрықтарында көрсетілген мәліметтердің мәміле жасау туралы шарттың талаптарына сәйкес еместігін анықталса, олардың жіберген қателігінің салдарынан, қателіктерді түзету мақсатында тіркелген тұлғалардың шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару (есепке алу) операцияларын Қоғам шарт тараптарының қарсы бұйрықтары және мәміленің шарттарын растайтын шарттың көшірмесі негізінде жүргізеді.

130. Қоғам бөліну немесе қосылу түрінде қайта құрылған жағдайда мұндай қайта құру нәтижесінде пайда болған және қайта құрылған Қоғамның лицензиясын Қазақстан Республикасының «Рұқсаттамалар мен хабарламалар туралы» Заңымен белгіленген тәртіппен қайта рәсімдеген заңды тұлға Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - № 307 Қағидалар) 37 тармағында көрсетілген операцияларды жасау туралы бұйрығын уәкілетті органнан қайта рәсімделген лицензияны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде береді.

Нақтылы ұстаушылар бірігу түрінде қайта құрылған жағдайда өзіне бірігу жүргізілген нақтылы ұстаушы Орталық депозитарийге № 307 Қағидалардың 37 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген операцияларды жасау туралы бұйрығын Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес тараптардың табыстау актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннің ішінде береді.

131. Қоғамның лицензиясы тоқтатыла тұрған не болмаса айырылған жағдайда, сондай-ақ Қоғам нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, Орталық депозитарий (кастодиан) Қоғамның не болмаса оның бағалы қағаздарының (эмитенттің эмиссиялық қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарының) есебі осы Регламенттің 95 тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылған Орталық депозитарийдің (кастодианның) есепке алу жүйесіндегі қосалқы шотта жүргізілетін клиентінің бұйрығы негізінде Қоғамның шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығаруды жүзеге асырады.

Қоғамның лицензиясы тоқтатылғаннан кейін ақпараттық операциялар мен «репоны» жабу операцияларын, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген операцияларды қоспағанда, жеке шоттар бойынша операциялар жүргізілмейді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын «репо» операциялары егер осы нақтылы ұстаушының клиенті онымен жасалған шарттың негізінде өзінің қаржылық құралдарын Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жаңа нақтылы ұстаушыда ашылған өзінің қосалқы шотына аударуға бұйрық бермеген жағдайда, Қоғамның лицензиясы тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде жабылады.

Ұйымдастырылған нарықта автоматты тәсілмен жүзеге асырылатын «репо» операциялары Қоғамның нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы тоқтатылған жағдайда, сауда-саттықты ұйымдастырушының қағидаларына сәйкес жабылады.

Кепілзаттың мәні болып табылатын қаржылық құралдар Қоғамның лицензиясы тоқтатылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде клиентпен жасалған шарттың негізінде оның Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жаңа ұстаушыда ашылған қосалқы шотына аударылады. Тараптардың келісімімен кепілзаттың мәні болып табылатын қаржылық құралдармен жасалған мәміленің мерзімінен бұзылуы мүмкін.

132. Қоғам лицензиясынан айырылған жағдайда, сондай-ақ Қоғам лицензиясын ерікті түрде қайтару туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қоғам клиенттердің нақтылы ұстауға берген активтерін қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында оларға Қоғамға клиентпен жасалған нақтылы ұстау туралы шарттың аясында ашылған Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі клиенттердің шоттарындағы активтерді есептен шығаруға бұйрықтарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.

Клиенттен активтерді есептен шығаруға бұйрықтар алған жағдайда Қоғам осы Регламенттің 125 тармағының бірінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді орындайды.

Клиентке осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жолдаған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннің ішінде одан клиенттен активтерді есептен шығаруға бұйрық алынбаған не болмаса клиент тұрған жерінде (тұрғылықты мекенжайда) жоқ деген хабарлама алған жағдайда, Қоғам:

- Орталық депозитарийге Қоғамның клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жеке шот ашу туралы бұйрықты және Қоғамға оның клиенті Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашуға ұсынған құжаттарды жолдайды;

- Орталық депозитарийден Қоғамның клиентіне клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде жеке шот ашу туралы хабарламаны алғаннан кейін Орталық депозитарийге тіркеушінің бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) әрі қарай Қоғамның клиентіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған жеке шотқа есепке алуы мақсатында Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған Қоғамның шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығаруға бұйрықты жолдайды;

- клиенттің ақшаларын депозитке оларды әрі қарай Қоғамның клиентіне беру үшін нотариусқа береді және мұндай нотариус туралы мәліметтерді Орталық депозитарийге ұсынады.

Егер одан осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарлама жолданғаннан кейін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннің ішінде активтерді есептен шығаруға бұйрық алынбаған Қоғам клиентінің активтері ҚР бейрезидент-эмитенттерінің бағалы қағаздарын (бұдан әрі – шетелдік бағалы қағаздар), Қоғам:

- шетелдік бағалы қағаздарға қатысты нақтылы ұстау қызметтерін көрсететін кастодианға кастодианның есепке алу жүйесінде ашылған Қоғамның шотынан шетелдік бағалы қағаздарды есептен шығаруға бұйрық және Орталық депозитарийге шетелдік бағалы қағаздарды Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Қоғам клиентіне ашылған қосалқы шотқа есепке алуға бұйрық жолдайды;

- Орталық депозитарийге мұндай қосалқы шот болмаған жағдайда «жоғалған клиент» мәртебесімен Қоғам клиентіне қосалқы шот ашуға бұйрық не болмаса Қоғам клиентінің бұрын ашылған қосалқы шотына «жоғалған клиент» мәртебесін беруге бұйрық жолдайды;

- Орталық депозитарийден «жоғалған клиент» мәртебесімен Қоғам клиентіне қосалқы шот ашу не болмаса Қоғам клиентінің бұрын ашылған қосалқы шотына «жоғалған клиент» мәртебесін беру туралы хабарламаны алғаннан кейін Орталық депозитарийге Қоғам клиентіне Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған қосалқы шотқа шетелдік бағалы қағаздарды есепке алуға бұйрық жолдайды.

Орталық депозитарийдің жеке есебінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған барлық бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығарғаннан кейін және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар есепке алынған барлық қосалқы шоттарға «жоғалған клиент» мәртебесі берілгеннен кейін Қоғам Орталық депозитарийге оның атына ашылған жеке шотқа «жоғалған клиент» мәртебесін беруге бұйрық жолдайды.

Егер Қоғамның клиентінің жеке шотында оларға мәмілелер жүргізуге шектеулер белгіленген бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алынса, онда Регламенттің осы тармағында көрсетілген іс-әрекеттер ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіппен осы шектеулер күшін жойғаннан (алынып тасталғаннан) кейін ғана жүзеге асырылады.

133. Орталық депозитарий Қоғамның клиентке бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімдері жүйесінде жеке шот ашуға бұйрығын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде тіркеушіге Қоғамға оның клиентінің Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жеке шот ашуға ұсынған құжаттарды және бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде Қоғамның клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне жеке шот ашуға бұйрық жолдайды.

Орталық депозитарий Қоғамның Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған шотынан бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алуға бұйрығын алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде тіркеушінің оларды әрі қарай бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде Қоғамның клиентіне ашылған жеке шотқа аударуы мақсатында бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде Қоғамның клиенті болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иесіне ашылған жеке шотқа оның өзіне тиесілі бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алуға және бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде ашылған Орталық депозитарийдің жеке шотынан онда есепке алынған бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығаруға бұйрықтар жолдайды.

Орталық депозитарий Қоғамның клиентке «жоғалған клиент» мәртебесімен қосалқы шотты ашуға не болмаса Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде клиентке ашылып қойған қосалқы шотқа «жоғалған клиент» мәртебесін беруге және клиенттің мұндай қосалқы шотына шетелдік бағалы қағаздарды есепке алуға бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күннің ішінде:

- Қоғамның жеке шоты аясында клиентке қосалқы шот ашады және осы қосалқы шотқа «жоғалған клиент» мәртебесін береді, не болмаса Қоғамның клиентінің ашылып қойған қосалқы шотына Орталық депозитарийдің қағидалары жинағымен белгіленген тәртіппен осындай мәртебе береді;

- Орталық депозитарийге шетелдік бағалы қағаздарға қатысты нақтылы ұстау қызметтерін көрсететін есепке алу ұйымына шетелдік бағалы қағаздарды есепке алуға бұйрықты (бұйрықтарды) жолдайды.

Егер Қоғамның осы жеке шоты бойынша басқа ашылған қосалқы шоттар болмаған жағдайда, Орталық депозитарий оның аясында клиенттің (клиенттердің) «жоғалған клиент» мәртебесімен қосалқы шоты (қосалқы шоттары) ашылған Қоғамның жеке шотына Орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен белгіленген тәртіппен Қоғамның бұйрығы негізінде «жоғалған клиент» мәртебесін береді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарының) меншік иесі Орталық депозитарийге жүгінген жағдайда, Орталық депозитарий бағалы қағаздардың осы меншік иесіне бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде ашылған оның жеке шотының деректемелерін және осы клиенттің ақшаларын нотариусқа депозитке берген жағдайда нотариус туралы мәліметтерді ұсынады.

Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен белгіленген «жоғалған клиент» мәртебесі берілген Қоғамның клиентінің қосалқы шоты бойынша депоненттің клиентінің бұйрығы негізінде

нақтылы ұстаудан шетелдік бағалы қағаздарды шығару не болмаса мұндай бағалы қағаздарды басқа нақтылы ұстаушының нақтылы ұстауына аудару операциялары жүргізіледі.

134. Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ұйымдастырылған нарықтағы пайларды орналастыру бойынша операцияларды жасау тәртібі орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен белгіленеді.

Орталық депозитарий инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру бойынша сауда-саттық өткізген және мәмілелерді Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде тіркеген күні Қоғамға орналастырылған пайлардың санын көрсетіп, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде операциялардың орындалғаны туралы растама жолдайды.

Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясы Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде операцияның орындалғаны туралы растаманы алғаннан кейін бір сағаттың ішінде осы инвестициялық пай қорының пайларды ұстаушылардың тізімдері жүйесін жүргізетін тіркеушіге кастодианмен расталған басқарушы компанияның бұйрығында көрсетілген санмен пайлардың есепке алынғаны туралы бұйрық жолдайды.

135. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шоттар бойынша операциялар жүргізуге бұйрықтарында келесі мәліметтер қамтылады:

- 1) бұйрықтың нөмірі, тіркелген күні мен уақыты;
- 2) эмитенттің немесе инвестициялық пай қорының атауы;
- 3) мәмілеге қатысатын тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәмілеге қатысатын тұлғалардың жеке шоттарының нөмірлері;
- 5) бағалы қағаздардың түрі, ұлттық сәйкестендіру нөмірі (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш);
- 6) операция жүргізуге арналған бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын);
- 7) бағалы қағаздарға қатысты мәмілемінің (операцияның) түрін көрсету;
- 8) кепілзат мәмілесін тіркеген кезде кепіл ұстаушыға берілетін бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) қатысты мәліметтер;

9) мәміленің мәні болып табылатын бір бағалы қағаздың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) бағасы немесе мәмілемінің сомасы туралы мәліметтер.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 9) тармақшасында көзделген мәліметтер осы бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) меншік құқықтарының ауысуын қарастырмайтын, сондай-ақ бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) сыйға тартуға және мұраға қалдыруға байланысты бағалы қағаздарды ұстаушылардың бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есептен шығару және есепке алу операцияларын жүргізуге бұйрықтарында көрсетілмейді.

136. Жеке шоттар бойынша операция жүргізуге бұйрыққа мәмілеге қатысушы тұлға немесе оның өкілі немесе осы Регламенттің 130 тармағында көрсетілген жағдайда Қоғам қол қояды, және егер мәміле тарапы заңды тұлға болса, мөрмен куәландырылады.

Инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының ақпараттық операцияларды қоспағанда, пайлармен операциялар жүргізуге бұйрығына оның өкілі қол қояды, мөрімен куәландырылады, сондай-ақ инвестициялық пай қорының активтерін есепке алуды қамтамасыз ететін кастодианның бөлімшесінің басшысы қол қояды не болмаса кастодианмен оның Қоғамға өзінің жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен инвестициялық пай қорының басқарушы компаниясының пайлармен операциялар жүргізуге бұйрығының растамасын жолдау арқылы расталады.

Кастодианның басқарушы компанияның бұйрығын растамасының нысаны мен мазмұны кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

Қоғамның клиенті электрондық қызметтер алуға жүгінген жағдайда бұйрықтарды электрондық құжат нысанында немесе клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендірудің көмегімен, сонымен бірге SWIFT, Bloomberg, Reuters жүйелерін пайдаланып куәландырылған электрондық цифрлық нысанда беруге рұқсат етіледі. Бұйрықтарды беру тәртібі мен шарттары, сондай-ақ олардың пішімдері Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

137. Бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу бойынша операцияларды Қоғам бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету

құқықтарына) ауыртпалық салынатын ұстаушының және Регламенттің 137-1 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда пайдасына оларға ауыртпалық салу жүргізілетін тіркелген тұлғаның қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді. Бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салған кезде бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына пайдасына ауыртпалық салынатын тұлға туралы жазба жасалады, ал бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) «негізгі» бөлімнен осы жеке шоттың «ауыртпалық» бөліміне есепке алынады. Пайдасына ауыртпалық салу жүргізілетін тіркелген тұлғаның жеке шотына ауыртпалық салынған бағалы қағаздардың түрі, саны, олардың сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын сәйкестендіргіш), сондай-ақ бағалы қағаздарына (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салынған ұстаушы туралы жазба енгізіледі.

Бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалықты алып тастау операцияларын Қоғам мәмілеге қатысушы тұлғалардың ауыртпалықты алып тастау туралы қарсы бұйрықтары негізінде жүргізеді. Ауыртпалықты алып тастаған кезде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) «ауыртпалық» бөлімінен бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотының «негізгі» бөліміне ауыстырылады. Тіркелген тұлғаның жеке шотында бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу туралы жазба жойылады.

Банктер туралы Заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген, банктер қосылу түрінде қайта құрылған кезде тіркелген тұлғалардың жеке шотынан (жеке шоттарынан) (жеке шотына/жеке шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу) операцияларын жүргізгенде, ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау операциялары БҚН туралы Заңның 37-1 бабымен белгіленген тәртіппен Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шоттан (қосалқы шоттан) үзінділер негізінде жүргізіледі.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бағалы қағаздарға (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарына) ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау операцияларын тіркеу тәртібінің ерекшеліктері Орталық депозитарийдің қағидалар жинағымен белгіленеді.

138. Банктер туралы Заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген, банктер қосылу түрінде қайта құрылған кезде қосылатын банктің бағалы қағаздары барлық жеке шоттарының (қосалқы шоттарының) барлық бөлімдерінен есептен шығарылып, қосып алатын банктің жеке шотына (қосалқы шотына) есепке алынады.

Банктер туралы Заңға сәйкес олардың біріне қатысты қайта құрылымдау жүргізілген, банктер қосылу түрінде қайта құрылған кезде, орналастырылатын бағалы қағаздар:

1) қосылатын банктің бағалы қағаздары есептен шығарылған бағалы қағаздарды ұстаушылардың немесе бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушылардың жеке шоттарына (қосалқы шоттарына) есепке алынады және эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған немесе жарияланған бағалы қағаздарды есепке алуға арналған жеке шоттарына (қосалқы шоттарына) есепке алынбайды;

2) қосылатын банктің жеке шоттарының (қосалқы шоттарының) бағалы қағаздар есептен шығарылған бөлімдеріне есепке алынады.

139. Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) бұғаттау және бұғаттан шығару операцияларын Қоғам Атқару өндірісі туралы Заңның 65-бабының 6-1 тармағының талаптарын ескеріп, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен осындай құқыққа ие мемлекеттік органдардың тиісті құжаттары немесе ҚКЗТҚ туралы Заңмен көзделген терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі негізінде бұғаттау және бұғаттан шығару операцияларын қоспағанда, клиенттің бұйрығы негізінде Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жүргізеді. Бұғаттау операциясын жүргізген кезде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) «негізгі» бөлімнен бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотының «бұғаттау» бөліміне ауыстырылады. Бұғаттаудан шығару операциясын жүргізген кезде бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) «бұғаттау» бөлімінен «негізгі» бөлімге ауыстырылады.

140. Қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару тағайындалғанда Банктер туралы Заңның 47-1-бабының 3 тармағымен, 2000 жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы Заң) 53-1-бабының 3 тармағымен, БҚН туралы Заңның 72-3-бабының 3 тармағымен көзделген жағдайларда, Қоғам Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде уәкілетті органның қаржы ұйымының акцияларын сенімгерлік басқару тағайындау туралы шешімі және сенімді басқарушының сенімді басқарушы туралы жазбаны бағалы қағаздарды осы ұстаушының жеке шотына енгізу туралы бұйрықтың негізінде қаржы ұйымы акцияларының меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотына сенімді басқарушы туралы жазбаны енгізу операциясын жүргізеді.

Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымының акцияларын сатқан жағдайда, Қоғам осы акцияларды олардың меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан есептен шығару және сенімді басқарушының бұйрығы және Банктер туралы Заңның 17-1-бабымен, Сақтандыру қызметі туралы Заңның 26-бабымен және БҚН туралы Заңның 72-1-бабымен көзделген жағдайларда уәкілетті органның қаржы ұйымының (банк не болмаса сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге бұйрығы негізінде осы акцияларды сатып алушының жеке шотына (жеке шоттарына) есепке алу операциясын жүргізеді.

Сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымының акцияларының меншік иесі болып табылатын бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан сенімді басқарушы туралы жазбаны жою операциясын Қоғам сенімді басқарушының бағалы қағаздарды осы ұстаушының жеке шотынан сенімді басқарушы туралы жазбаны жою туралы бұйрығының негізінде жүргізеді.

Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде жүргізілген бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан (жеке шотына) сенімді басқарушы туралы жазбаны енгізу (жою) операциялары Қоғамның бұйрығы негізінде осы операция жүргізілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

141. Ұйымдастырылмаған нарықтағы «репо» операциясын Қоғам мәмілені тіркеуге қарсы бұйрықтар негізінде тіркейді.

141-1. «Репо» операциясы мыналарға бөлінеді:

- «репоны» ашу – бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, ол осы мәміленің сомасындағы ақшаларды «репо» операциясына қатысушылардың бірінен екіншісіне аударуды және бағалы қағаздардың белгілі бір бөлігін «репо» операциясына екінші қатысушының біріншісіне табыстауын болжамдайды;

- «репоны» жабу - «репоны» ашу мәмілесі жағдайындағы бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілесі, ол осы мәміленің сомасында ақшаларды «репо» операциясына екіншісі қатысушыдан біріншісіне табыстауды және «репоны» ашу мәмілесіндегідей сол шығарылымдағы бағалы қағаздардың санын «репо» операциясына бірінші қатысушының екіншісіне қайтаруын болжамдайды.

141-2. Қоғамның клиенттері арасында «репоны» ашу жүргізілген кезде бағалы қағаздар сатушының жеке шотының «негізгі» бөлімінен сатып алушының жеке шотының «негізгі» бөліміне аударылады. Қоғамның клиенттері арасында «репоны» жабу жүргізілген кезде бағалы қағаздар сатып алушының жеке шотының «негізгі» бөлімінен сатушының жеке шотының «негізгі» бөліміне аударылады.

141-3. Репо операциясын жүргізудің негіздемелері болып клиенттік тапсырыс/клиенттің бұйрығы немесе биржа куәлігі қызмет етеді.

141-4. Жасау әдісі бойынша «репо» операциялары былайша жіктеледі:

- 1) ұйымдастырылмаған нарықта жасалатын «репо» операциялары;
- 2) ұйымдастырылған нарықта тікелей тәсілмен жасалатын «репо» операциялары;
- 3) ұйымдастырылған нарықта автоматты тәсілмен, орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланбай жасалатын «репо» операциялары;
- 4) ұйымдастырылған нарықта автоматты тәсілмен, орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланып жасалатын «репо» операциялары.

141-5. «репо» операциялары орталық депозитарийдің қағидалары жинағымен белгіленген тәртіппен тіркеледі.

142. Акциялардың күшін жою операциясын Қоғам уәкілетті органның жеке шоттардың барлық бөлімдерінен акцияларды есептен шығару жолымен акциялардың күшін жою туралы хабарламасын алған күні жүргізеді.

Бағалы қағаздарды өтеу операциясын Қоғам Орталық депозитарийдің хабарламасы негізінде жеке шоттың барлық бөлімдерінен бағалы қағаздарды есептен шығару жолымен жүргізеді.

143. Орталық депозитарий тіркеушіден эмитентке уәкілетті орган берген, орналастырылған акциялардың санын ұлғайту есебінен жарияланған акциялар санының ұлғаюына нұсқау бар жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін және Орталық депозитарийдің шотынан үзіндіні алғаннан кейін бір сағаттың ішінде жеке шоттарында куәлікте көрсетілген эмитент акцияларының есебі жүргізілетін нақтылы ұстаушыларға көрсетілген

құжаттардың көшірмелерін жолдайды және осы нақтылы ұстаушылардың жеке шоттары бойынша тиісті операцияларды жүргізеді.

Орталық депозитарийден жоғарыда көрсетілген құжаттарды алған Қоғам күннің аяғына дейін Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіне тиісті өзгерістерді енгізеді.

144. Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын жабу операциясын Қоғам:

1) клиенттің жеке шотты жабуға бұйрығы негізінде;

2) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бірге брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын Қоғам лицензиядан айырылған жағдайда клиентке активтерді қайтарған кезде жүргізеді.

Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотын жабуға бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарының) осы жеке шотында соңғы он екі айдың ішінде уәкілетті органның шешімі негізінде нақтылы ұстаушы болмаса (егер бұл шешім осы ұстаушымен жасалған нақтылы ұстау туралы шарттың талаптарына қайшы келмесе) рұқсат етіледі.

Оларға қатысты банкроттық және тарату рәсімі аяқталған және мұндай жеке шоттарда бағалы қағаздар болмаған кезде, заңды тұлғалардың жеке шоттарын жабу операциясы заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанын растайтын бизнес сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

Қайтыс болған деп танылған не болмаса қайтыс болған деп жарияланған жеке тұлғаның жеке шотын нақтылы ұстаушы мұндай жеке шотта бағалы қағаздар болмаған кезде қайтыс болу туралы куәліктің және (немесе) соттың тиісті шешімі негізінде жабады.

Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шоты жабылған кезде клиентке осы тармақтың үшінші және төртінші бөліктерімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, нақтылы ұстаушының ішкі құжатымен белгіленген нысанмен тиісті хабарлама жолданады.

145. Ақпараттық операцияларды Қоғам бағалы қағаздарды ұстаушының жазбаша өкімдері (бұйрықтары) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдардың сұраныстары негізінде жүргізеді.

Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген жағдайларда бағалы қағаздарды ұстаушының өкімі (бұйрығы) ақпараттық жүйелерді пайдаланып, клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында немесе электрондық-цифрлық нысанда әзірленеді және табысталады.

146. Жеке шоттан үзінді Қоғамның ішкі құжаттарына сай нысанда әзірленеді және келесі мәліметтерді қамтиды:

жеке шоттың нөмірін;

бағалы қағаздарды ұстаушы заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі мен күні (жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері);

эмитенттің атауы және оның тұрған жері не болмаса инвестициялық пай қорының, сондай-ақ осы қордың басқарушы компаниясының атауы және оның тұрған жері;

бағалы қағаздардың түрлері мен сәйкестендіру нөмірлері немесе қаржылық құралдардың өзге сәйкестендіргіштері;

облигацияларды (исламдық бағалы қағаздарды) өтеу күні;

күнге қарай жағдай бойынша жеке шотта тіркелген ауыртпалық салынған және/немесе бұғатталған және/немесе «репо» бөлімінде есепке алынған саны көрсетілген бағалы қағаздардың жалпы саны (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары туралы мәліметтер) және үзінді әзірленген уақыт;

Қоғамның атауы, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензияның нөмірі, оның заңды мекенжайы, телефон нөмірі, факс нөмірі;

жеке шоттан үзінді қалыптастырылғанға қарайғы уақыт және күні;

нақтылы ұстаушының ішкі құжатымен көзделген өзге мәліметтер.

Орталық депозитариймен ұсынылатын жеке шоттан үзінді Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен белгіленген нысан бойынша әзірленеді.

Жеке шоттан үзіндіге нақтылы ұстаушының ішкі құжатына сәйкес ақпараттық операцияларды жүзеге асыратын Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысы не болмаса оны алмастыратын тұлға қояды.

Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жеке шоттан үзіндіні электрондық құжат нысанында немесе SWIFT нысанында әзірлеуге және табыстауға рұқсат етіледі.

Клиентпен келісім бойынша Қоғам клиенттің портфелінде қаржылық құралдар болмаған кезде есепті кезеңнің аяғында үзіндіні ұсынбайды.

147. Орталық депозитарий Қоғамның нақтылы ұстауды есепке алу жүйесіндегі жеке шоттар бойынша операциялар жүргізілген күннен кейінгі күні тіркеушіге:

- эминеттердің жеке шоттары бойынша өзгерістер;

- пайдасына талап ету құқықтары берілген тұлға туралы мәліметтер көрсетілген эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын беруді тіркеу бойынша жүргізілген операциялар туралы мәліметтерді жолдайды.

148. Апараттық операцияны Қоғам осы Регламенттің 144 тармағының екінші бөлігімен белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздарды ұстаушының жазбаша өкімдері (бұйрықтары) немесе мемлекеттік органдардың сұраныстары тіркелген сәттен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде жүргізеді.

2.3. Орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуімен нақтылы ұстаушының бағалы қағаздары өзінің нақтылы ұстауындағы клиенттер туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

149. Орталық депозитарий уәкілетті органнан, тіркеушіден немесе эмитенттен сұранысты алған күннен кейінгі күннен кешіктірмей бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын бағалы қағаздардың меншік иелеріне және/немесе нақтылы ұстаушыларға жеке шоттар ашқан депоненттерге сұраныстар жолдайды.

Қоғамның нақтылы ұстауындағы және меншік иелеріне тиесілі бағалы қағаздардың (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарының) саны туралы ақпарат сұратқан тұлғаға Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі бар мәліметтер негізінде ұсынылады.

150. Жеке шоттарында меншік иелеріне тиесілі бағалы қағаздар (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтары) бар Қоғам уәкілетті органнан, Орталық депозитарийден, тіркеушіден немесе эмитенттен сұранысты алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде сұратқан тұлғаға тиісті мәліметтерді ұсынады.

Бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын нақтылы ұстаушыларға жеке шоттар ашқан депоненттер акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысатын акционерлердің тізімін әзірлеуге қажетті ақпаратты Орталық депозитарийдің сұранысын алған күннен бастап күнтізбелік 23 (жиырма үш) күннің ішінде ұсынады.

Орталық депозитарий бағалы қағаздарды (эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын) есепке алу үшін ҚР бейрезиденттері болып табылатын нақтылы ұстаушыларға жеке шоттар ашқан өз депоненттерінен акционерлердің тізімін әзірлеуге қажетті ақпаратты алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде оны тіркеушіге жолдайды.

151. Қоғам ақпаратты егер көрсетілген талапта өзге күн белгіленбесе, тіркеушінің, Орталық депозитарийдің және эмитенттің талаптарын алған күнге қарай әзірлейді.

152. Тіркеушімен, орталық депозитариймен және эмитентпен келісім бойынша Қоғам клиенттер туралы қағаз немесе электронды тасығыштарда ақпарат табыстайды.

153. Акционерлердің тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген нысандарға сәйкес әзірленеді және акциялары нақтылы ұстаудағы меншік иелері туралы ақпаратты оларға тиесілі акциялардың санын көрсетіліп, қамтылады, қосымша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес акционерге берілген салық салу бойынша жеңілдіктердің бар екені туралы ақпарат қосымша, сондай-ақ мәліметтері Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жоқ меншік иелеріне тиесілі акциялар туралы ақпаратты қамтиды.

Акционерлер тізіміне Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздардың есебін жүргізетін Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

Акционерлердің тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес электрондық құжат нысанында немесе электрондық цифрлық нысанда әзірлеуге де рұқсат етіледі.

154. Қоғамның клиенттері трансфер-агенттіктің қызметтерін пайдаланған жағдайда Қоғамға уәкілетті органмен белгіленген нысандар бойынша ақпарат табыстайды.

155. Лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда Қоғам уәкілетті органнан бұл туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде лицензияның қолданылуы тоқтатылған күнге өзінде шарттар жасалған өз клиенттеріне жазбаша хабарлама жолдайды.

Лицензиядан айырылған жағдайда Қоғам лицензиядан айырылған күнге шарттар жасалған клиенттерге күнтізбелік үш күннің ішінде лицензиядан айырылғаны және олармен шарттардың бұзылғаны туралы жазбаша хабарлама жолдайды.

Шарт бұзылған жағдайда Қоғам клиентпен шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік жеті күннің ішінде клиенттің жазбаша хабарламасында көрсетілген жаңа нақтылы ұстаушыға осы клиенттің нақтылы ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын құжаттарды береді.

3 ТАРАУ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

156. Қоғамның электрондық қызметтерді көрсету тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және Қоғамның электрондық қызметтерді ұсыну туралы қағидаларымен белгіленеді.

Электрондық қызметтерді Қоғам клиентке Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында және/немесе халықаралық бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға арналған Биржаның сауда жүйесімен және/немесе өзге сауда (ақпараттық) жүйесімен кіріктірілген «TRADERNET» сауда платформасындағы (бұдан әрі – Сауда платформасы) клиенттің жеке кабинеті арқылы ұсынады.

157. Жеке кабинетке кіру үшін клиент электрондық цифрлық қолтаңбаны не болмаса Қоғамның электрондық қызметтерді ұсыну туралы қағидаларымен және брокерлік шартпен көзделген түпнұсқаландырудың кез келген құралдарын пайдаланады.

158. Электрондық қызметтерді Қоғам қашықтан байланыс арналары арқылы дербес және планшеттік компьютерлердің, мобилді телефондардың көмегімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін арнайы қосымшаларды (бағдарламаларды) пайдаланып, ұсынады.

159. Қоғам клиентке электрондық қызметтерді ұсынған кезде клиенттің шоттарынан (шотынан) (шоттарына/шотына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салу, ауыртпалықты алып тастау операцияларын және ақпараттық операцияларды қоспағанда, сауда операцияларын, жеке шот бойынша операциялар клиенттің тапсырмасы негізінде клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдаланып және/немесе біржолғы (бір мәртелік) не болмаса көп мәртелік кодты пайдаланып, клиентті динамикалық және (немесе) биометриялық сәйкестендіру арқылы жүргізіледі.

160. Жеке тұлға болып табылатын клиентті сәйкестендіру кезінде қашықтан сәйкестендіру құралдарын пайдаланып, СДАО және (немесе) мемлекеттік қатысуы бар кредиттік бюролардың қызметтерін пайдалануға рұқсат етіледі.

Клиентті биометриялық сәйкестендіру құралдары ретінде мобилді құрылғылардың (смартфондардың) функцияларын немесе клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін оқуға мүмкіндік беретін қосымшаларды пайдалану физиологиялық және биологиялық ерекшеліктер деректерін СДАО-мен және (немесе) мемлекеттің қатысуы бар кредиттік бюролармен салыстырып тексеру жүргізбей клиенттің жеке басының растамасы болып табылмайды.

161. Электрондық қызметтерді ұсыну және клиентке жеке кабинетке кіруге рұқсат беру тәртібі мен шарттары Қоғамның электрондық қызметтерді «TRADERNET» сауда платформасы мен «Tradernet.kz» мобилді қосымшаның көмегімен ұсыну қағидаларымен (бұдан әрі – Электрондық қызметтерді ұсыну қағидалары) және брокерлік шартпен регламенттеледі.

162. Қоғамның сауда платформасы:

1) сауда операцияларын, жеке шот бойынша операцияларды және/немесе ақпараттық операцияларды жүзеге асыруды;

2) сауда операцияларын жүргізген кезде мазмұны өзіне № 9 Қағидалармен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген деректемелерді қамтитын клиенттік тапсырыстарды қалыптастыруды;

3) клиенттік тапсырыстардың орындалғаны туралы есептерді қалыптастыруды;

4) мазмұны өзіне уәкілетті органмен белгіленген ақпаратты, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелер бойынша талап ету құқықтарын беруді, орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және (немесе) нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінділер ұсынуды және орталық депозитарийдің немесе эмитенттің талап етуімен нақтылы ұстаушының бағалы қағаздары өзінің

нақтылы ұстауындағы клиенттер туралы ақпаратты ұсынуын қамтитын клиенттің бұйрықтарын қалыптастыруды;

5) уәкілетті органмен белгіленген мәліметтерді қамтитын клиенттің жеке шотынан үзінділерді қалыптастыруды;

6) жүргізілген операциялар және клиенттің сұратуымен басқа операциялар туралы есептерді қалыптастыруды;

7) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен көзделген клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуды қалыптастыруды;

8) өзгертілетін деректердің сақталуын және клиентті іздеуді, соның ішінде бұрынғы деректер бойынша іздеуді, брокердің клиентінің тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) немесе толық атауын өзгерткен кезде бүкіл кезең ішіндегі барлық сауда операциялары, жеке шот және/немесе ақпараттық операциялар бойынша ақпараттың сақталуын;

9) жеке сұраныс бойынша және сұранысты сақтай отырып, кез келген критерийлер бойынша ақпаратты іздеуді, сондай-ақ ақпаратты кез келген параметрлер бойынша сұрыптауды және алдыңғы күндердегі ақпаратты қарап шығу мүмкіндігін;

10) барлық күндер бойынша қысқартуларсыз барлық операциялар бойынша ақпаратты өңдеуді және сақтауды;

11) Қоғамның Электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларымен көздеген өзге функцияларды қарастырады.

Биржаның сауда жүйесімен кіріктірілген сауда платформасы қаржылық құралдар және олардың бағалары, Биржадағы және/немесе халықаралық бағалы қағаздар нарығындағы сауда-саттықтың барысы мен нәтижелері туралы трансляциялайды.

Қоғамның сауда платформасы жаһандық Nasdaq (NASDAQ GLOBAL DATA) деректеріне қолжетімділікті де қамтамасыз ете алады және клиент Nasdaq қағидаларына және/немесе жаһандық Nasdaq деректерін ұсыну рәсімін регламенттейтін өзге құжаттарға сәйкес жаһандық Nasdaq деректеріне жазылым бойынша оларға қолжетімділік ала алады.

163. Клиенттерге шынайы уақыт режимінде трансляцияланатын ақпаратқа қолжетімділік ұсынудың тәртібі мен шарттары брокерлік шартпен және Қоғамның Электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларымен белгіленеді.

164. Қоғамның электрондық қызметтерді ұсынуы Қоғамның Электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларымен және брокерлік шартпен белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.

165. Қауіпсіздік рәсімдері мыналарды қамтиды:

1) клиентті дәйекті түпнұсқаландыруды;

2) ендірілетін деректердің толықтығын бақылауды (функцияларды немесе операцияларды барлық жолдарды толық толтырмай орындаған жағдайда бағдарлама тиісті хабарлама береді);

3) бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа және клиенттің дербес деректеріне рұқсат етілмеген кіруден қорғауды;

4) мыналар:

- бағдарламалық жасақтаманың кез келген бөлігінде кез келген уақытта электр қуатын толық немесе ішінара ажыратқанда;

- желілерде, телекоммуникацияларда апат болғанда, орнатылған физикалық және виртуалдық жалғанымдар үзілгенде электрондық архивтер мен деректер базаларында ақпараттың тұтастығы мен толық сақталуын қамтамасыз етуді.

Ақпараттың сақталуы соның ішінде деректер базасының резервтік көшірмесін және қосымша сервердегі транзакциялардың жүйелік журналын жүйелі сақтау арқылы қамтамасыз етіледі;

5) сауда платформасына және клиенттің жеке кабинетіне рұқсат етілмеген кіруді болдырмауды.

166. Электрондық қызметтерді ұсынудың түпнұсқалылығы клиенттің Қоғамның Электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларымен және брокерлік шартпен белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін орындауы нәтижесінде орнатылады.

167. Электрондық қызметтерді Қоғам клиент Қоғамның Электрондық қызметтерді ұсыну қағидаларымен және брокерлік шартпен белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін орындамаған жағдайда ұсынбайды.

168. Бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа және клиенттің дербес деректеріне рұқсат етілмеген кіру, оларды рұқсат етілмеген өзгертулер, электрондық қызметтерді ұсыну кезінде туындайтын рұқсат етілмеген сауда операцияларын, жеке шот бойынша операциялар мен ақпараттық операциялар анықталған кезде, Қоғам бұл туралы клиентке оларды анықтаған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

169. Осы Регламенттің 168 тармағында көрсетілген рұқсат етілмеген іс-әрекеттер туындаған жағдайда, Қоғам тез арада олардың себептерін жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

170. Сауда платформасында мыналар қарастырылмайды:

1) белгіленген орындау тәртібін бұзатын белгілі бір функциялар мен операцияларды орындауға мүмкіндік беретін құралдардың болуын;

2) қалыптастырылып қойған есептерге тікелей өзгерістер енгізуге мүмкіндік беретін функциялардың болуын;

3) жүргізілген операциялар және осыған арнайы арналған операцияларды (функцияларды) қоспағанда жеке шоттардың жай-күйі туралы деректерді өзгертуді (жоюды);

4) шығыс нысандарын, соның ішінде клиенттік тапсырысты, клиенттің бұйрығын, клиенттің жүргізілген операциялары туралы есебін, клиенттің жеке шотынан үзіндіні қайта пішімдеуді (өзгертуді).

171. Қоғамның электрондық қызметтерді көрсету тәртібі Қоғамның және клиенттің құқықтары мен міндеттерін, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасымен және олардың арасында жасалған брокерлік шартпен белгіленген олардың жауапкершілігін қарастырады. Қоғам мен клиенттер брокерлік шарттың талаптарын сақтауға, шарттардың талаптарымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға міндетті.

172. Қоғам мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және негіздемелер бойынша ұсына отырып, өз клиенттерінің операциялар/мәмілелер бойынша құпиясына кепілдік беруге міндетті.

173. Клиент Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасы және/немесе халықаралық құқық/халықаралық шарттар, үкіметаралық келісімдер, өзге мемлекетаралық уағдаластықтар немесе халықаралық ұйымдардың қарарлары талаптары аясында өз міндеттерін орындауына қажетті ақпаратты ұсынуға міндетті.

174. Клиент Клиенттің логин және біржолғы парольдер туралы ақпаратты жариялау салдарынан клиенттің келісімімен немесе келісімінсіз өзге тұлғалардың «TRADERNET» сауда платформасында жасаған барлық өз операциялары/мәмілелері үшін жауапкершілік алады.

Қоғам:

- клиенттің Қоғамның «TRADERNET» сауда платформасы арқылы операциялар/мәмілелер жасау кезінде өзі енгізген деректері;

- клиенттің бұл туралы Қоғамға жазбаша хабарлаған клиенттің байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруімен туындаған клиенттің хабарламаны алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

175. Қоғам клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды, хабарламаларды берген кезде жаңылыстар үшін және/немесе оның көмегімен клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар/хабарламалар берілуі және/немесе алынуы (клиенттен – Қоғамға немесе Қоғамнан - клиентке) тиіс жабдықтың, бағдарламалық жасақтаманың, интернет желісінің немесе өзге байланыс арналарының жаңылыстарына байланысты болған кез келген жабдықтың ақаулары үшін жауапкершілік алмайды.

176. Ұсынылатын қызмет бойынша даулы жағдайдар туындаған кезде клиент Қоғамға жазбаша сұраныспен жүгінеді:

- Қоғам клиенттің жүгінуін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімдерде қарайды және даудың мәніне қарай клиентті жүгінуді түпкілікті қараудың мерзімі туралы хабарлай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүгінуді қараудың қосымша мерзімін белгілей алады;

- клиенттің арыз-шағымы негізді болып танылған жағдайда, Қоғам туындаған жағдайда реттеу үшін қажетті іс-әрекеттер жасайды;

- клиенттің арыз-шағымы негізсіз болып танылған жағдайда, клиент Қоғамға ұсынылған арыз-шағымды қарауға байланысты барлық шығыстардың есесін толтырады.

177. Клиенттердің арыз-шағымдарын қарау нәтижелері бойынша (клиенттермен кері байланыс нәтижелері бойынша) қажет болған жағдайда Қоғамның кемшіліктерді жою және клиенттерге қызметтерді көрсету рәсімдерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленуі мүмкін.

178. Қоғам клиенттерге соттарға немесе құзырына қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау функциялары кіретін уәкілетті мемлекеттік органға жүгіну құқығы туралы хабарлайды.

179. Қоғам сонымен бірге клиенттің/клиенттердің шартты міндеттемелерін мәжбүрлі түрде орындауын қамтамасыз ету мақсатында соттарға жүгінуге құқылы.

4 ТАРАУ. БРОКЕРЛІК ЖӘНЕ ДИЛЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ІСКЕ АСЫРҒАН КЕЗДЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУ ШАРТТАРЫ

180. Қоғаммен брокерлік шарт жасауға қажетті құжаттарды жинақтау процесін КТД мен филиалдардың жұмыскерлері жүзеге асырады.

181. Жасалған брокерлік шарт туралы ақпаратты, сондай-ақ сауалнамалық деректерді Қоғамның есепке алу жүйесіне енгізуді, клиенттермен жасалған шарттарды тіркеу журналында брокерлік шарттарды тіркеуді ЕжЕД жұмыскерлері жүзеге асырады.

183. Қоғамның нақтылы ұстау жүйесіндегі жеке шоттар мен Қоғам клиенттерінің Орталық депозитарийдің/кастодианның есепке алу жүйесінде қосалқы шоттарын ашу рәсімі, клиенттердің Қоғамның нақтылы ұстау жүйесінде операцияларды жасауға бұйрықтарын орындауды ЕжЕД жұмыскерлері жүзеге асырады.

184. Қоғам нақтылы ұстауды есепке алу жүйесінде клиенттің жеке шоты бойынша операцияларды Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленетін нысанға сәйкес тиісті түрде ресімделген және клиенттің (немесе оның уәкілетті тұлғасының) қолы қойылған немесе бұйрықты Сауда платформасы (мобилді қосымша) арқылы берген кезде бір жолғы (бір мәртелік) кодтың көмегімен расталған ЭЦҚ арқылы берілген бұйрықтың негізінде жүргізеді.

Қоғам келесі клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды қабылдауды және орындауды қамтамасыз етеді:

- 1) қаржылық құралдарды сатып алуға/сатуға клиенттік тапсырыс;
- 2) репо/авторепо операциясын жасауға клиенттік тапсырыс;
- 3) репо операциясының параметрлерін өзгертуге клиенттік тапсырыс;
- 4) жеке тұлғаларға/заңды тұлғаларға жеке шоттар ашуға бұйрық;
- 5) жеке/заңды тұлға туралы мәліметтерді өзгертуге бұйрық;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған қаржылық құралдарды нақтылы ұстауға/нақтылы ұстауға енгізуге және/немесе шығаруға бұйрық (орындалу мерзімі күнтізбелік 2 күнге дейін);
- 7) Ақша қаражаттарын айырбастауға бұйрық;
- 8) Ақша қаражаттарын есептен шығаруға бұйрық (орындалу мерзімі 3 жұмыс күніне дейін);
- 9) Жеке шоттан (есептік құжаттардың) үзінді беру туралы бұйрық;
- 10) Қаржылық құралдарды есепке алуға/есептен шығаруға бұйрық (орындалу мерзімі күнтізбелік 2 күнге дейін);
- 11) Қаржылық құралдардың сақталу орнын ауыстыруға бұйрық (орындалу мерзімі 3 жұмыс күніне дейін);
- 12) Бағалы қағаздарға ауыртпалық салуға/ауыртпалықты тоқтатуға (қаржылық құралдардың құқықтар кепілге қоюды/ауыртпалықты тіркеуге) бұйрық.

Клиенттің шотынан (шоттарынан) (шотына/шоттарына) бағалы қағаздарды есептен шығару (есепке алу), сондай-ақ бағалы қағаздарға ауыртпалық салу және ауыртпалықты алып тастау операциялары клиенттің ЭЦҚ пайдаланып немесе клиенттің (клиенттің уәкілетті өкілінің) қолы қойылған қағаз тасығыштағы клиенттің бұйрығының негізінде ғана жүргізіледі.

Қағаз тасығыштағы клиенттердің бұйрықтарын ЕжЕД орындауға алады.

184-1. Клиенттік тапсырыстың типтік нысандары қаржылық құралдармен мәмілелер жасау барысында мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және/немесе фактілері туралы хабарлау, мұндай мәмілені айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мүмкіндігі туралы хабарлау туралы мәліметтерді қарастырады. Бұл клиенттердің Қоғамның интернет-ресурсына және/немесе сауда платформасына (бағдарламалық жасақтамасына) орналастырылатын осы хабарламалар туралы хабардарлығының қосымша растамасы болып табылады.

184-2. Қоғам клиенттерді бағалы қағаздар нарығында мәмілелер/операциялар жүргізумен байланысты тәуекелдер, сонымен бірге Қоғам репо операцияларын жүзеге асырған кезде тәуекелдер, клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын қаржылық құралдармен мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлайды, брокердің клиенттерге ұсынымдары туралы мәліметтер (хабарламалар Қоғамның ресми интернет-ресурсына және/немесе Қоғамның сауда платформасына (бағдарламалық жасақтамасына) орналастырылады, және/немесе мұндай хабарламаны жолдауға негіздеме туындаған күні электрондық почтамен немесе мүмкін болған өзге байланыс құралдарымен жолданады).

184-3. Клиенттердің жеке шоттары бойынша қандай да бір операциялар жасауға бұйрықтың және/немесе өкімнің (өтініштің) типтік нысаны болмаған жағдайда, операция жасауға бұйрықты /өкімді (өтінішті) клиент мұндай операцияны жүргізуге қажетті барлық деректемелерді көрсетіп, жазбаша түрде ерікті нысанда береді және клиент екі данамен жазбаша түрде табыстайды.

184-4. Сауда операцияларын жасауға клиенттік тапсырыстарды Сауда операциялары департаменті мен Қазынашылық департаменті орындайды.

185. Бұйрықтың/клиенттік тапсырыстың/хабарламалардың типтік нысандары, қаржылық құралдармен мәмілелерді жасау барысында мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және/немесе фактілері туралы клиенттерге арналған жадынаманың, жеке шоттан үзіндінің, Қоғамның ішкі есепке алу жүйесіндегі тіркеу журналдарының нысаны Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

Осы Регламенттің аясында қызметін жүзеге асыратын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері есепке алу журналын және операциялар бойынша құжаттаманы және Қоғамның есепке алу жүйесінде мәмілелерді тіркеуді Қазақстан Республикасының, уәкілетті органның заңамасымен, осы Регламентпен және Қоғамның өзге ішкі құжаттарымен көзделген талаптарға сәйкес жүргізуді қамтамасыз етеді.

186. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері осы Регламенттің талаптарын орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жауапкершілік алады.

187. Қоғам маржиналдық сауда қызметтерін көрсетпейді Общества.

187. Услуги по маржинальной торговле Обществом не предоставляются.

II. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

188. Осы Регламентпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес шешілуі тиіс.

189. Егер осы Регламенттің жекелеген бөлімдері/тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, олар күшін жояды және осы Регламентке тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Осы Регламенттің жекелеген нормаларының жарамсыздығы басқа нормалардың және тұтастай алғанда Регламенттің жарамсыздығына әкеп соқтырмайды.

190. Осы редакциядағы осы Брокерлік және дилерлік қызмет регламенті 2020 жылғы 09 қазаннан бастап күшіне енеді.

III. ҚОСЫМШАЛАР

Фридом Финанс» акционерлік қоғамының
Брокерлік және дилерлік қызмет туралы
Регламентіне
1 Қосымша
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
(2020 ж.05 қазанда №10/05 хаттама)

Клиенттерге арналған хабарламалар

1. «Фридом Финанс» АҚ клиенттеріне брокерлік шарт жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген брокерлік шартқа сәйкес жасалады деп болжамдалатын (жасалған) қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлау:

Осымен «Фридом Финанс» АҚ (бұдан әрі - Компания) ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген **Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларының 19 тармағын орындау мақсатында** Сіздерге брокерлік шарт жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген брокерлік шартқа сәйкес жасалады деп болжамдалатын (жасалған) қаржылық құралдармен мәмілелерге қатысты ҚР заңнамасымен белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлайды:

«19 т. Брокер және (немесе) дилер клиентке осы клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын қаржылық құралдармен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлайды.

Клиентке осы клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын қаржылық құралдармен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше шарттар туралы хабарлама брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарымен белгіленген нысанда ресімделеді және брокердің және (немесе) дилердің интернет-ресурсына және (немесе) сауда платформасына орналастырылады және (немесе) мұндай хабарламаны жөнелтудің негіздемесі туындаған күні электрондық почтамен немесе мүмкін болған өзге байланыс түрлерімен жолданады.

Егер клиенттің есебінен және оның мүддесін көздеп жасалады деп болжамдалатын не болмаса клиенттің тапсырысы негізінде жасалатын мәміленің шарттары Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келсе, брокер және (немесе) дилер бір мезгілде клиентке Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жолдай отырып, уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жолдайды».

2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-II «Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі - Заң) 56-бабының 1 тармағына сай бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қатысты келесі тыйымдар белгіленген:

1) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар нарығындағы іс-қимылын өзгерту мақсатында оларға кез келген нысанда ықпал етуге;

2) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын ахуалға ықпал ету мақсатында анық емес мәліметтер таратуға;

3) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға тыйым салынады.

Заңның 56-бабының 5 тармағына сәйкес ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған және келесі жағдайлардың кез келгеніне сәйкес келетін:

1) орындалуы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен белгіленген талаптармен және тәртіппен осы мәмілелердің тараптарында болған осы бағалы қағаздардың және (немесе) ақшалар санының едәуір өзгеруіне әкелмеген бағалы қағаздарды сатып алу-сату мәмілелері;

2) клиенттің екі немесе одан көп брокерге бір шығарылымдағы бағалы қағаздарды сатуға және сатып алуға берген қарсы бұйрықтары негізінде жасалған мәміле не болмаса бірнеше мәміле;

3) мұндай мәміле жасалғанға дейін бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан осы бағалы қағаздардың бағаларынан едәуір ерекшеленетін бағамен ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәміле;

4) инсайдерлік ақпаратты пайдаланып жасалған мәміле;

5) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған, сұраныстың және (немесе) ұсыныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленген бағалы қағаздар бағаларынан жоғары немесе төмен белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға және (немесе) бағалы қағазбен сауда көрінісін жасауға бағытталған мәміле.

6) сараптама комитеті белгілеген қосымша талаптарға сәйкес келетін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жасалған өзге мәмілелер бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалғанын анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жатады.

Заңның 56-бабының 6 тармағына сәйкес ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалғанын анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жататын өзге қаржылық құралдармен мәмілелер жасау тәртібі мен шарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады.

Заңның 56-бабының 7-8 тармақтарына сәйкес:

Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жасалған мәмілені бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тануды уәкілетті орган бағалы қағаздар және өзге қаржылық құралдар нарығы субъектілері ұсынған құжаттарды талдау не болмаса бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметін тексеру нәтижелері бойынша жүзеге асырады. Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздар мен өзге қаржылық құралдармен жасалған мәмілелерді айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану тәртібі мен шарттары уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының
Брокерлік және дилерлік қызмет туралы
Регламентіне
2 Қосымша
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
(2020 ж. 05 қазандағы № 10/05 хаттама)

Репо операцияларын жасаған кезде туындайтын тәуекелдер туралы хабарлама

1) Repo (жайғасымдардың ауысуын пайдаланатын репо) мәмілелерін Қоғамның клиенті клиенттік тапсырыстың негізінде оның T+2 схемасы бойынша қор нарығында мәмілелер жасаған кезде жасалуы мүмкін, бұл ретте Қоғам клиентінің жеке шотындағы активтерінің (қаржылық құралдар мен ақша қаражаттары) ең төменгі құны репо ашылған сәтте (бұдан әрі – репоның қамсыздандырылуы) Қоғамның Биржаның сауда жүйесінде осы клиенттің тапсырмасымен жасаған барлық «репоны» ашу операциясының сомасынан Биржаның «Қаржылық құралдардың тәуекел параметрлерін анықтау әдістемесі» ішкі құжатына сәйкес есептелген ең төменгі маржиналдық талаптардан аз болмауы тиіс.

2) Repo операцияларын жасаған кезде туындайтын тәуекелдер туралы хабарламаның (бұдан әрі – Тәуекелдер туралы хабарлама) мақсаты – Клиентке мұндай мәмілелерді жасауға байланысты ықтимал залалдар туралы ескерту және Клиентке мәмілелердің осы түрінің тәуекелдерін түсінуге жәрдемдесу.

3) Қор нарығында операциялар жүргізумен байланысты негізгі тәуекелдерден бөлек, репо операцияларын жасаған кезде дәл осы операциялар түріне тән ерекше тәуекелдер туындайды:

- репо операцияларын жасаған кезде, Клиент баға тәуекеліне ұшырайды. Баға тәуекелі – бағалы қағаздардың бағаларының кенеттен өзгеруі тәуекелі, ол Клиенттің портфелінің құнының құлдырауына, соның салдарынан табыстылықтың азаюына немесе тіптен тікелей залалдарға әкеп соқтыруы мүмкін.

- Клиент репо операциялары бойынша туындаған барлық міндеттемелерді өтеуге міндеттенеді, бұл ретте бағалы қағаздардың нарықтық құны бір күн ішінде айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Repo операциясын жасай отырып, Клиент бағалы қағаздардың нарықтық бағасының өзгеруіне байланысты барлық тәуекелдерді сезінеді және нарық жағдаятының өзгеруіне қарамастан туындаған барлық міндеттемелерді өтеуге міндеттенеді.

- Өтімділік тәуекелі – міндеттемелерді ықтимал орындалмауымен не болмаса уақтылы орындалмауымен байланысты тәуекел. Активтер ретінде бағалы қағаздардың өтімділігін жоғалту тәуекелі оларды төмен шығасылармен және қолайлы бағалармен жылдам сату мүмкіндігімен айқындалады.

- Пайыздық тәуекел – репо бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі.

- Клиент репо операциясын жүзеге асырған кезде комиссия алынатынын, Клиенттің оны төлеуі таза пайданы азайтатынын немесе оның залалдарын ұлғайтатынын ескерген жөн.

4) Тәуекел дәрежесінің артуына ықпал ететін қосымша фактор Клиенттің брокерлік шотында қаражаттардың (активтердің) қажетті деңгейін ұстап тұру бойынша талап болып табылады. Егер қаражаттардың (активтердің) жеткіліктілігінің ағымдағы деңгейінің мәні азаятын болса, Қоғам клиенттен оны қажетті мөлшерге дейін жеткізу мақсатымен белгілі бір іс-әрекеттерді жасауды талап етеді. Бұл нарықтық бағалардың жай-күйіне қарамастан Клиенттің активтерінің бір бөлігін сату қажеттілігіне және мұндай сатудан әрі қарайғы залалдарға немесе Биржаның клиринг қағидаларына сәйкес клирингтік сессиялар жүргізу кезеңінде репо операцияларын және/немесе своп операцияларын жасау арқылы жайғасымдарды ауыстыру рәсімін қолдануға әкеп соқтыруы мүмкін.

Репоны ашу және жабу мәмілелеріне Биржаның клиринг қағидаларымен белгіленген тәртіппен неттинг (жайғасымдарды ауыстыру) тәсілін пайдалануды қарастыратын клиринг рәсімдері қолданылады. Репоны ашу мәмілесінен туындайтын талаптар мен міндеттемелер тиісінше осы ашу мәмілесі жасалған күні нетто-талаптардың және нетто-міндеттемелердің есебіне, ал репоны жабу мәмілесін жасаудан туындайтын талаптар мен міндеттемелер жабу мәмілесі орындалған күні нетто-талаптар мен нетто-міндеттемелер есебіне енгізіледі.

5) Repo мәмілесін жүзеге асыруға тапсырма берген клиент өзіне репо мәмілесі бойынша барлық міндеттемелерді алады және Қоғамның талап етуімен репо мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған Қоғам алдындағы берешегі мөлшерінде ақша қаражаттарын өтеуге міндетті немесе өзінің

жеке шотындағы бағалы қағаздар Клиенттің репо мәмілесін жасау бойынша міндеттемелерін өтеуге қажетті көлемде сатылатын болады.

Егер Клиенттің брокерлік шотындағы қамсыздандырудың көлемі белгіленген шекті деңгейдің мәнінен төмен болса, Қоғам қамсыздандырудың шекті деңгейін қалпына келтіру операцияларынан басқа Клиенттің жайғасымын мәжбүрлі түрде жабуға/барлық операцияларын тоқтата тұруға құқылы. Бұл ретте Клиент қосымша қамсыздандыруді енгізу бойынша жауапкершілік алатын болады, қамсыздандырудың тапшылығы Клиенттің жайғасымын жабу кезінде туындауы мүмкін.

6) Клиент репо мәмілесін жасау нәтижесінде туындайтын Қоғам алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған және Тәуекелдер туралы осы Хабарламаның 1 тармағында белгіленген репоның қамсыздандырылуы деңгейі оның ең төменгі мәніне дейін азайған жағдайда, Қоғамға репоның мәні болып табылатын клиенттің бағалы қағаздарын сатуға құқық береді.

7) Клиент репо операцияларын жасау нәтижесінде туындайтын өзінің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында клиенттің бағалы қағаздарын сатуға және/немесе өзіне тиесілі және өзінің жеке шотында сақталатын ақша қаражаттарын есептен шығаруға құқық береді, бұл ретте репо операцияларын жасау нәтижесінде туындаған клиенттің берешегі көлемінде ақша қаражаттары клиенттің жеке шотынан Қоғамның акцептсіз ұстап қалуына (акцептсіз есептен шығаруға) жатады.

8) Репоның қамсыздандыру деңгейі оның ең төменгі мәндеріне дейін азайған жағдайда, «TRADERNET» сауда платформасында клиентке репоны әрі қарай жасаудың мүмкін еместігі туралы хабарлау көзделген, бұл Қоғамның репоның мәні құрайтын қаржылық құралдарды немесе оның жеке шотындағы өзге бағалы қағаздарды дефолттың басталуы мүмкіндігіне жол бермеу және/немесе оны реттеу үшін қажетті көлемде ықтимал сатуын білдіреді.

9) Егер клиент репоны жабу операциясын өтеу үшін ақша қаражаттарын жеткізуді қамтамасыз етпеген жағдайда, Қоғам оның өзіне тиесіні және жеке шотында сақталатын активтерін репо операцияларын жасау нәтижесінде туындаған клиенттің міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында репоны жабу операциясын өтеу үшін қажетті көлемде сатуға құқылы, бұл ретте репо операцияларын жасау нәтижесінде туындаған клиенттің берешегі көлеміндегі ақша қаражаттары клиенттің жеке шотынан Қоғамның акцептсіз ұстап қалуына (акцептсіз есептен шығаруға) жатады.

10) Клиенттің Брокерлік қызмет көрсету (нақтылы ұстаумен бірге) Шартына қосылу туралы Өтінішке қол қоюы, сонымен бірге Клиенттің Қоғамның www.almaty-ffin.kz ресми сайтына орналастырылған «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының Брокерлік және дилерлік қызмет регламентімен және клиенттің жасайды деп болжамдалатын (жасаған) бағалы қағаздармен мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектеулер мен ереше шарттар туралы хабарламалармен және клиенттің репо мәмілелерін жасаған кезде туындайтын тәуекелдері туралы осы Хабарламамен танысуы клиенттің репо операцияларын жасаған кезде туындайтын барлық ықтимал залалдарды сезінетінін, олармен келісетінін және оларды толық көлемде қабылдайтынын білдіреді.

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының
Брокерлік және дилерлік қызмет туралы
Регламентіне
3 Қосымша
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
(2020 ж. 05 қазандағы № 10/05 хаттама)

«Фридом финанс» АҚ-ның бірінші талап еткенде клиенттің танысуына ұсынылатын құжаттарының тізімі	Құжаттың атауы	Жауапты бөлімше	Ескертпе
1	- Нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметпен шұғылдануға; инвестициялық портфельді басқару қызметімен шұғылдануға лицензия; - банк операцияларын жүргізуге лицензия (қолма-қол шетелдік валютамен айырбас операцияларын қоспағанда, шетелдік валютамен айырбас операциялары)	Клиенттерді тарту департаменті, филиалдар	Нотариатпен куәландырылған көшірме
2	Қаржы есептемесі (соңғы есепті кезең)	Бухгалтерлік есеп департаменті	Көшірме, Қоғамның ресми сайты
3	Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Заң департаменті	Көшірме, Қоғамның ресми сайты
4	Жарғы	Заң департаменті	Көшірме, Қоғамның ресми сайты
5	БСН	Бухгалтерлік есеп департаменті	Қоғамның мемлекеттік тіркеу туралы құжатының көшірмесі
6	Пруденциялық нормативтерді сақтау деңгейі туралы мәліметтер	Қаржы департаменті	Есептер көшірмелері
7	Брокерлік қызметтерді (нақтылы ұстаумен) көрсету туралы үлгі шарт	Заң департаменті	Қоғамның ресми сайты;
8	Клиенттердің активтерін инвестициялау саясаты, Активтерді сенімгерлік басқару туралы шарт	Инвестициялық портфельді басқару департаменті	Көшірме, Қоғамның ресми сайты
9	Брокерлік және дилерлік қызмет регламенті	Есеп және есептеме департаменті	Көшірме, Қоғамның ресми сайты

10	Инвестициялық портфельді басқару қызметінің регламенті	Инвестициялық портфельді басқару департаменті	Көшірме
11	Тарифтер	Клиенттерді тарту департаменті, филиалдар	Қоғамның ресми сайты, Клиенттер үшін
12	Уәкілетті орган қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, шектелген ықпал ету шаралары және санкциялар туралы мәліметтер	Заң департаменті	Бар болса (Қоғамның ресми сайты)
13	Күнтізбелік кезекті соңғы он екі айдың ішінде Қоғамға немесе жұмыскерлерге қатысты қабылданған кәсіби ұйымның және/немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының шешімдері	Заң департаменті	Бар болса (Қоғамның ресми сайты)
14	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 «Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және валюталық бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Қоғамның бірінші басшысы (ол болмаған кезеңде – оның орнын басатын тұлға) қол қойған және Қоғамның мөрінің бедерімен куәландырылған Бағалы қағаздармен мәмілелер жасаған кезде оның брокердің және/немесе бірінші санатты дилердің тәуекелдерін өтеуді сипаттайтын көрсеткіштер мәндерінің уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкестігі туралы Қоғамның жазбаша растамасы	Заң департаменті	Клиенттің жазбаша сұранысы болған жағдайда
15	Қоғамның клиенттер алдында ақпаратты ашып көрсету бойынша міндеттері	Заң департаменті	Клиенттер үшін, Брокерлік және дилерлік қызмет Регламенті, Қоғамның ресми сайты

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының
Брокерлік және дилерлік қызмет туралы
Регламентіне
4 Қосымша
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
2020 ж. 05 қазандағы № 10/05 хаттама
Приложение 4
к Регламенту брокерской и дилерской
деятельности
Акционерного общества «Фридом Финанс»
решением Советом директоров
Протокол №10/05 от 05 октября 2020 г.

**Қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар
Құжат
Документ
с образцами подписей и оттиска печати**

Брокер/дилердің клиенті Клиент брокер/дилера	Белгілері Отметки
Клиенттің мекенжайы Местонахождение Клиента Заңды мекенжайы: Юридический адрес: Нақты мекенжайы: Фактический адрес:	
«Фридом Финанс» акционерлік қоғамына беру үшін Для предоставления в Акционерное общество «Фридом Финанс»	
Брокер/дилердің мекенжайы Местонахождение брокера/дилера Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 77/7, 3а т.ү. г. Алматы, пр. Аль-Фараби, 77/7, н.п.3а	

Лауазымы Должность	ТАӘ ФИО	Жеке басты куәландыратын құжат (құжаттың атауы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы) Документ, удостоверяющий личность (наименование документа, номер, дата выдачи, наименование органа, выдавшего документ)	Қойылған қолдың үлгісі Образец подписи	Мөр бедерінің үлгісі Образец оттиска печати
Бірінші қолы Первая подпись				
Екінші қолы Вторая подпись				

Үлгілерді куәландыратын ұйымның атауы Наименование организации, удостоверяющей образцы	Үлгілерді куәландыруға уәкілетті тұлғалардың тегі және аты-жөні Фамилия и инициалы лиц, уполномоченных удостоверить образцы	Куәландырылған күні Дата удостоверения	Үлгілерді куәландыратын тұлғалардың қойған қолдары мен мөрлері Подписи и печати лиц, удостоверяющих образцы

Осы құжатта көрсетілген үлгілер «Фридом Финанс» АҚ нақтылы ұстау жүйесінде ашылған клиенттің жеке шоты бойынша барлық операцияларды жүзеге асырған кезде міндетті болып есептелсін
Образцы, указанные в настоящем документе, считать обязательными при осуществлении всех операций по лицевому счету клиента, открытому в системе номинального держания АО «Фридом Финанс»

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының
Брокерлік және дилерлік қызмет туралы
Регламентіне
5 Қосымша
Директорлар кеңесінің шешімімен
Бекітілген
(2020 ж. 05 қазандағы № 10/05 хаттама)

**КЛИЕНТТЕРДІҢ ІШІНАРА ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН МӘМІЛЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ЖӘНЕ
ӨТЕЛМЕГЕН ЖАЙҒАСЫМДАРЫН АУЫСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

Алматы, 2020

1. Жалпы ережелер

1. «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының Клиенттердің ішінара қамсыздандырылған мәмілелер жасау және өтелмеген жайғасымдарын ауыстыру жөніндегі нұсқаулығы «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының Клиенттердің ішінара қамсыздандырылған мәмілелер жасау және өтелмеген жайғасымдарын ауыстыру жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) бағалы қағаздар нарығындағы (бұдан әрі - БҚН) қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына (бұдан әрі - заңнама), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (және/немесе Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің) (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының («Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа немесе KASE) және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Орталық депозитарий) қағидаларына сәйкес әзірленген.

2. Осы Нұсқаулықтың талаптары Қоғамның барлық жұмыскерлері мен клиенттерінің орындауы үшін міндетті.

3. Клиенттің Брокерлік қызмет көрсету (нақтылы ұстаумен бірге) Шартына қосылу туралы өтінішке қол қоюы ішінара қамсыздандырылған және өтелмеген жайғасымдарды ауыстыру бойынша мәмілелерді жасаған кезде туындайтын барлық ықтимал тәуекелдер мен салдарларды сезінетінін, олармен келісетінін және оларды толық көлемде қабылдайтынын білдіреді.

4. «Тікелей» тәсілмен репо операциясына қатысушылар «тікелей» тәсілмен жасалған репо операциялары, соның ішінде осыған байланысты Қоғамға келтірілген залалдарды/зиянды өтеу бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындамаған жағдайда жауапкершілік алады.

5. Ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді жасаған сауда-саттыққа қатысушылар есеп айырысу күні мұндай мәмілелер, соның ішінде Биржаның тарапынан айыппұл санкцияларын төлеу салдарынан келтірілген Қоғамның залалдарын өтеу бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершілік алады.

6. Қоғам клиентке ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді тек KASE-нің және Қоғамның сайтында жарияланатын ішінара қамсыздандырылған мәмілелер жасауға рұқсат етілген қаржылық құралдармен ғана жасауға құқық береді.

7. Клиент тапсырады, ал Қоғам клиенттің жасаған ішінара қамсыздандырылған мәмілелер бойынша міндеттемелерін орындауға қажетті көлемде клиенттің қосалқы шотында есепке алынған бағалы қағаздарды сатады.

8. Клиент тапсырады, ал Қоғам клиенттің ақша қаражаттары есебінен клиенттің жасаған ішінара қамсыздандырылған мәмілелер бойынша клиенттің бағалы қағаздарды жеткізіп беру бойынша міндеттемелерін орындауға қажетті көлемде бағалы қағаздарды сатып алады.

9. Қоғам клиентке клиенттің меншікті қаражаттарының құны, бастапқы маржаның мөлшері, ең төменгі маржаның, «Тәуекелдер» бөліміндегі ағымдағы артық лимиттің (НПП1) және шектен тыс артық лимиттің мөлшері туралы ақпаратқа «Tradernet» сауда платформасын пайдаланып қорғалған қатынау ұсынады.

10. Қоғамның бастапқы және ең төменгі маржаның мөлшерлерін есептеу үшін пайдаланатын тәуекелдің мөлшерлемелерін Қоғам Биржамен белгіленетін және оның сайтында жарияланатын шоғырландыру мөлшерлемелері негізінде өз бетінше айқындайды. Клиент Биржа мен Қоғамның көрсетілген оқиғаларға байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайтынына байланысты тиісінше шоғырландыру мөлшерлемелерін және тәуекел мөлшерлемелерін өзгертуге құқылы екенін қабылдайды және онымен келіседі.

11. KASE сайтында жарияланатын шоғырландыру мөлшерлемелерінің мәндері өзгерген жағдайда, тәуекел мөлшерлемелерінің жаңа мәндерін Қоғам «Tradernet» сауда платформасында көрсетілген сәттен бастап бастапқы және ең төменгі маржаның мөлшерлерін есептеу үшін қолданады.

12. Тәуекелдің мөлшерлемелерін Қоғам клиенттердің назарына «Tradernet» сауда платформасын пайдаланып жеткізеді.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

13. Маржин-колл – бұл:

а) Биржаның қор нарығына ішінара қамсыздандырылған қатысушыға орталық контрагентпен мәмілелер жасауға пайдаланатын оның сауда-клирингтік шоты бойынша бірыңғай

лимитінің теріс мәнін KASE-нің «Қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік операцияларды жүзеге асыру қағидаларындағы» қор нарығының ерекшеліктерімен белгіленген тәртіппен теріс емес мәнге келтіру туралы талабы;

b) Қоғамның ішінара қамсыздандырумен мәміле жасаған клиентке оның меншікті қаражаттары мөлшерін бастапқы маржаның деңгейіне дейін келтіру туралы талабы;

14. Есеп айырысулар күні – Биржаның белгілі бір қаржылық құрал бойынша міндеттемелерді орындау бойынша есеп айырысулар жүргізетін күні;

15. Дефолт – клирингтік қатысушының және/немесе клиенттің өз міндеттемелерін орындамауы (уақтылы немесе тиісті түрде орындамауы);

16. Бірыңғай лимит – клирингтік қатысушының сауда-клирингтік (меншікті немесе клиенттік) шотында қамсыздандырудың жеткіліктілігін өлшейтін теңгемен көрсетілген шама, өтінімдер беру мен «ішінара қамсыздандырылған» мәмілелер жасау үшін қажет;

17. Клиринг (қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет) – клирингтік қатысушылардың қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша неттоға және/немесе гросс негізінде талаптары және/немесе міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру процесі;

18. Нетто негізіндегі клиринг – клирингтік қатысушылардың жасалған және/немесе өздері жасаған неттингін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған орындауы тиіс талаптарын және/немесе міндеттемелерін анықтау процесі, сондай-ақ жасалған мәмілелер бойынша талаптарды және/немесе міндеттемелерді тоқтатуға және осы мәмілелердің неттингі нәтижелері бойынша талаптардың және/немесе міндеттемелердің туындауына негіздеме болып табылатын құжаттарды (ақпаратты) дайындау және табыстау;

19. Неттинг – өзара есептеу арқылы қаржылық құралдармен жасалатын мәмілелер нәтижесінде туындайтын белгілі бір клирингтік шот бойынша есепке алынатын талаптар мен міндеттемелердің толық немесе ішінара тоқтатылуы;

20. Орталық контрагент (бұдан әрі - ОК) – Биржаның сауда жүйесінде клирингтік қатысушылардың немесе олардың уәкілетті қатысушыларының жасайтын қаржылық құралдармен мәмілелері бойынша тарап болып табылатын заңды тұлға;

21. ОК-мен режимдер – мұндай режимдер "Сауда-саттық режимдерінің және ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің операцияларының тізімдері" ішкі нормативтік құжатымен белгіленгендей, оларды пайдаланып Биржа орталық контрагент функцияларын іске асыратын мәмілелер жасайды;

22. ОК-мен мәмілелер – Биржалық қызмет қағидаларымен белгіленген мәмілелер, олар бойынша Биржа орталық контрагент функцияларын іске асырады;

23. Қамсыздандыру – есеп айырысу ұйымында клирингтік қатысушы жасайтын мәмілелердің қамсыздандыруы, сондай-ақ оның нетто-міндеттемелерін орындауы ретінде есепке алынатын ақшалар және/немесе бағалы қағаздар. Репо мәмілесінің қамсыздандыруы – репо мәмілелері бойынша есеп айырысуды жүргізу және клиенттердің міндеттемелерін орындауы үшін қабылданатын клиенттің активтері;

24. Ішінара қамсыздандыру (жартылай өтеу) – ОК-мен мәмілелер жасау шарты, мұнда Биржаның қағидаларына сәйкес олар бойынша міндеттемелер орындалған сәтке дейін қамсыздандырудың жеткіліктілігін бақылау жүзеге асырылады;

25. Ақша қаражаттары бойынша өтелмеген жайғасым – клиенттің меншікті қаражаттарының құндық мәнімен анықталатын ақша қаражаттары бойынша жоспарлы жайғасымының теріс шамасы. Ақша қаражаттары бойынша өтелмеген жайғасымды анықтаған кезде соның ішінде клиенттің Қоғамның комиссиялық сыйақысын, тұрақсыздық айыбы, залалдар, шығыстар сомаларын төлеу бойынша берешегі есепке алынады;

26. БҚ бойынша өтелмеген жайғасым – сандық мәнде, сонымен бірге құндық мәнде айқындалатын жартылай өтелген сату мәмілелерін жасау нәтижесінде туындаған бағалы қағаздар бойынша жоспарлы жайғасымның теріс шамасы.

27. Меншікті қаражаттар – клирингтік қатысушының клирингтік (меншікті немесе клиенттік) шотында есепке алынатын және бірыңғай лимитті есептеуге пайдаланылатын қаржылық құралдардың жиынтығы (ақшалар және/немесе бағалы қағаздар, туынды қаржылық құралдар);

28. Меншікті қаражаттардың құны – барлық есеп айырысу күндерімен бірге міндеттемелер мен талаптардың сомасы және теңгедегі қамсыздандыру сомалары;

29. Репо операциясы – тараптары екі бір және сол тұлға (репо операциясына қатысушылар) болып табылатын, репо операциясының мәні болып табылатын бір және сол атауы

бар бағалы қағаздармен орындау мерзімдері бойынша ерекшеленетін және біріне бірі қарама-қарсы бағытта, бір мезгілде жасалатын екі мәміленің жиынтығы.

Репо операциялары сауда-клирингтік жүйеде екі тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін:

"тікелей" тәсілмен – тікелей мәмілелер жасау әдісімен жүргізілетін сауда-саттықта;

"автоматты" тәсілмен – үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жүргізілетін сауда-саттықта.

Сауда-клирингтік жүйеде сауда-саттық режиміне қарай Биржа орталық контрагенттің функциясын атқаратын (бұдан әрі – ОК-мен бірге репо операциялары) және орталық контрагенттің функциясын атқармайтын (бұдан әрі – ОК-сыз репо операциялары) репо операциялары жүзеге асырылуы мүмкін.

30. Сауда-саттықты ұйымдастырушының Сауда жүйесі (Сауда жүйесі) – Сауда-саттықты ұйымдастырушының материалдық-техникалық құралдары мен өзге қажетті активтері мен рәсімдерінің жиынтығы, оларды пайдалана отырып, осы Сауда-саттықты ұйымдастырушының мүшелері арасында эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге бағалы қағаздармен мәмілелер жасалады;

31. Қазақстандық қор биржасы (KASE) - акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

32. Орталық депозитарий – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы - мамандандырылған коммерциялық емес ұйым, оның негізгі функциясы депозитарлық қызметті жүзеге асыру болып табылады;

33. Шоғырландыру мөлшерлемесі – тәуекел параметрі болып табылады және осы қаржылық құрал үшін белгіленген шоғырландыру лимитінің мөлшерінен асатын мөлшерде оның ашық жайғасымын жою кезінде қаржылық құралдың бағасының өзгеруінің нарықтық тәуекелін бағалауға арналған. Қаржылық құрал бойынша шоғырландыру мөлшерлемесі пайыздармен белгіленеді және қамсыздандырудың жеткіліктілігін есептегенде және бірыңғай лимитті есептеген кезде қолданылады. Шоғырландыру мөлшерлемелерін Биржа KASE қаржылық құралдардың тәуекел параметрлерін есептеу әдістемесіне сәйкес есептейді;

34. Тәуекел мөлшерлемесі – ішкі тәуекел параметрі болып табылады, оны Қоғам бастапқы және ең төменгі маржаның мөлшерлерін есептеу үшін есептеп шығарады. Тәуекел мөлшерлемесі мына формула бойынша есептеледі:

Тәуекел мөлшерлемесі = $1 - (1 - \text{шоғырландыру мөлшерлемесі})^2$.

Бағалы қағаздар үшін тәуекел мөлшерлемесінің ең төменгі мәні $T + 25\%$ тең;

35. Шектеу уақыты – KASE-дегі бірінші клирингтік сессияның басталу уақыты;

36. Сауда-клирингтік шот – Биржаның сауда/сауда-клирингтік жүйесіндегі шот, ол сауда шоты мен оған нөмірі бойынша сәйкес келетін осындай шотты пайдаланып жүзеге асырылатын мәмілелерді орындауды, есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ететін клирингтік шоттың жиынтығын білдіреді;

37. Репо операциясының мөлшерлемесі – жылдық пайыздармен есептелетін, сауда-саттыққа қатысушы өтінімде көрсететін және жабу мәмілесінің сомасын есептеуге пайдаланылатын репоның сандық сипаттамасы;

38. Репоны сатып алушы – ашу мәмілесін жасаған кезде репо операциясының мәнін сатып алатын және жабу мәмілесін жасаған кезде оны сататын репо операциясына қатысушы;

39. Репоны сатушы – ашу мәмілесін жасаған кезде репо операциясының мәнін сататын және жабу мәмілесін жасаған кезде оны сатып алатын репо операциясына қатысушы;

40. «Tradernet» сауда платформасы немесе Сауда платформасы – қор биржасының сауда жүйесінде қаржылық құралдармен жасалатын операциялар, қор биржасының сауда жүйесінде шетелдік валютамен операциялар (қолма-қол ақшасыз шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде), клиенттің бағалы қағаздары мен өзге қаржылық құралдарының құрамы туралы ақпаратты, өзге ақпаратты алуды, сонымен бірге клиентке электрондық қызметті ұсынуды қамтамасыз ететін Брокердің ақпараттық жүйесін қоса алғанда, оның бағдарламалық және техникалық құралдарының жиынтығы;

41. Бастапқы маржа – KASE сайтында жарияланатын қаржылық құралдардың тәуекел параметрлері негізінде «Tradernet» сауда платформасымен есептелетін шама. Бастапқы маржа ішінара қамсыздандырылып сатылатын және олардың тәуекел мөлшерлемелеріне сәйкес келетін барлық қаржылық құралдар бойынша жайғасымдардың көбейтінділері сомасына тең.

42. Ағымдағы артық лимит (НПР1) – клиенттің тапсырмасын орындау кезінде тәуекелді өтеу нормативі, клиенттің меншікті қаражаттарының құны мен бастапқы маржаның мөлшері

арасындағы айырманы білдіреді. Ағымдағы артық лимиттің ең төменгі шекті сандық мәні 0 мөлшерінде белгіленеді.

Ағымдағы артық лимит мына формуламен есептеледі:

$$\text{НПР1} = S - M0,$$

мұнда:

S – клиенттің портфелінің құны,

M0 – бастапқы маржаның мөлшері.

43. Ең төменгі маржа – «Tradernet» сауда платформасымен есептелетін, бастапқы маржаның жартысына тең шама.

44. Шектен тыс артық лимит (НПР2) – клиенттің меншікті қаражаттарының құны өзгерген кезде тәуекелді өтеу нормативі, клиенттің меншікті қаражаттарының құны мен ең төменгі маржаның мөлшері арасындағы айырманы білдіреді. Шектен тыс артық лимиттің ең төменгі шекті сандық мәні 0 мөлшерінде белгіленеді.

Шектен тыс артық лимит мына формуламен есептеледі:

$$\text{НПР2} = S - Mm,$$

мұнда:

S – клиенттің меншікті қаражаттарының құны,

Mm – ең төменгі маржаның мөлшері.

3. Клиенттердің ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді жасауға клиенттік тапсырыстарын қабылдау және орындау тәртібі

45. Ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді Қоғам «Tradernet» сауда платформасы арқылы бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға клиенттік тапсырыстар неізіңде жасайды. Ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді жасауға клиенттік тапсырысты берген кезде клиент клиенттің сауда-клирингтік шотында міндеттемелер туындаған жағдайда «тікелей» тәсілмен репо операциясын арқылы өтелмеген жайғасымдарды ауыстыруға тапсырма береді.

46. Ішінара қамсыздандырылған мәмілені жасау Қоғамның жасалған мәмілелер және Қоғамның жеке шоты бойынша операциялар туралы тиісті есебімен расталады, ол клиентке «Tradernet» сауда платформасы арқылы ұсынылады.

47. Ішінара қамсыздандырылған мәмілелерді жасауға клиенттік тапсырыстарды Қоғам егер мұндай клиенттік тапсырыстарды орындау нәтижесінде клиенттің меншікті қаражаттарының құны оған сәйкес келетін «Tradernet» сауда платформасында есептелетін НПР1 мөлшерінен аз болған жағдайда қабылдамайды.

48. Клиент клиенттің сауда-клирингтік шотына қосымша ақша қаражаттарын есепке алу немесе меншікті қаражаттарының құнының ұлғаюына және/немесе бастапқы және ең төменгі маржаның мәндерінің азаюына әкелетін мәмілені жасау арқылы ақша қаражаттары бойынша өтелмеген жайғасымдарды өз бетінше жабуға құқылы.

49. Клиент «Tradernet» сауда платформасында «Тәуекелдер» бөлімінде бастапқы маржаның, ең төменгі маржаның, ағымдағы артық лимиттің (НПР1), шектен тыс артық лимиттің (НПР2) мәндерін өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

50. Егер клиенттің меншікті қаражаттарының құны бастапқы маржаның мөлшерінен аз болған (НПР1 0-ден төмен мәнді қабылдаған) жағдайда, Қоғам клиентке бұл туралы электрондық адрес арқылы клиенттің меншікті қаражаттарының құны, бастапқы және ең төменгі маржаның мөлшері туралы мәліметтер қамтылған хабарлама жолдауға құқылы. Егер клиенттің меншікті қаражаттарының құны ең төменгі маржаның мөлшерінен аз болған (НПР2 0-ден төмен мәнді қабылдаған) жағдайда, Қоғам клиентке бұл туралы хабарламаны электрондық адрес арқылы, сондай-ақ өтелмеген жайғасымды жабу үшін Қоғамның қолданып жатқан іс-әрекеттері туралы ақпаратты жоғарыда көрсетілген мән-жайлар басталған күні ұйымдастырылған сауда-саттықтың өткізілу уақыты аяқталудан кеш емес мерзімде жолдауға құқылы.

51. Ақша қаражаттары бойынша өтелмеген жайғасымды және/немесе бағалы қағаздар бойынша өтелмеген жайғасымды жабудың негіздемесі келесі мән-жайлардың кез келгенінің басталуы болып табылады:

1) Клиенттің меншікті қаражаттарының құны Қоғамның «Tradernet» сауда платформасында клиенттің меншікті қаражаттарына қатысты есептейтін ең төменгі маржаның мөлшерінен төмен азайған (НПР2 0-ден төмен мәнді қабылдаған).

2) Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімі аяқталатын күннен күнтізбелік 40 күн бұрын өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтерін/деректемелерін

өзгертуге тапсырма бермеуі. Қоғам клиентке жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімі аяқталатын күннен бұрын смс және/немесе электрондық хат жолдау арқылы оған күнтізбелік 60 күн бұрын жеке басын куәландыратын құжаттың мерзімі аяқталатыны туралы хабарлайды.

Қоғам клиенттің өтелмеген жайғасымдарын өз еркімен кез келген уақытты жабуға құқылы.

52. Ақша қаражаттары бойынша өтелмеген жайғасымды жабудың негіздемесі болып табылатын мән-жайлар басталған жағдайда, клиент Қоғамға қайтарып алынбайтын түрде бастапқы маржаның мөлшерін (НПР 1) оң мәнге келтіру үшін қажетті клиенттің бағалы қағаздарды сатуды тапсырады.

53. Бағалы қағаздар бойынша өтелмеген жайғасымды жабудың негіздемесі болып табылатын мән-жайлар басталған жағдайда, клиент Қоғамға қайтарып алынбайтын түрде бастапқы маржаның мөлшерін (НПР 1) оң мәнге келтіру үшін қажетті бағалы қағаздарды сатып алуды тапсырады.

54. Клиенттің өтелмеген жайғасымын мәжбүрлі түрде жабу мүмкіндігін қамтамасызету мақсатында, Қоғам Биржаға клиенттік тапсырыстар негізінде берілген орындалмаған өтінімдердің барлығын немесе бір бөлігін алып тастауға (күшін жоюға) құқылы.

55. Клиенттердің өтелмеген жайғасымдары жабылған кезде Қоғам қаржылық құралдарды сатып алудың/сатудың кезектілігін өз бетінше (өз еркімен) анықтайды. Қаржылық құралдарды сату меншікті қаражаттардың құнын бастапқы маржаның мөлшеріне дейін қалпына келтіру үшін ең төменгі қажетті көлемде, ал бағалы қағаздардың саны жеткіліксіз болған жағдайда – клиенттің меншікті қаражаттарының барынша көп ықтимал құнына жеткенге дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте НПР2 меншікті қаражаттардың құнын бастапқы маржаның деңгейіне дейін қалпына келтіру үшін сату қажет қаржылық құралдардың бағалануын көрсетеді.

56. Қоғам НПР2 мәні 0-ден төмен азайған кезде клиенттің өтелмеген жайғасымдарын келесі мерзімдерде жабуға құқылы:

Егер НПР2 0-ден төмен мәнді қабылдаған жағдайда, онда сауда күнінің ішінде жайғасымдарды жабудың шектелген уақытына дейін Қоғам клиенттің жайғасымдарын осы сауда күнінің ішінде жабады.

Егер НПР2 0-ден төмен мәнді қабылдаған жағдайда, онда сауда күнінің ішінде жайғасымдарды жабудың шектелген уақытынан кейін Қоғам клиенттің жайғасымдарын осы мән-жай басталған сауда күнінен кейінгі жуықтағы сауда күнінің ішінде шектелген уақыттан кешіктірмей жабады.

Егер клиенттің жайғасымдары жабылғанға дейін бағалы қағаздармен ұйымдастырылған сауда-саттықтар тоқтатылып, олар жайғасымдарды жабудың шектелген уақытынан кейін қайта басталған жағдайда, Қоғам клиенттің жайғасымдарын НПР2 0-ден төмен мәнді қабылдаған сауда күнінен кейінгі жуықтағы сауда күнінің жайғасымдарды жабудың шектелген уақытынан кешіктірмей жабады.

4. Өтелмеген жайғасымдарды ауыстыру тәртібі

57. Клиенттің міндеттемелерін реттеу Биржаның ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде қор нарығында мәмілелерді жасау тәртібіне сәйкес «тікелей» тәсілмен жүзеге асырылатын ОК-мен репо операцияларын жасау арқылы жүзеге асырылады.

58. Егер жасаудың белгіленген сәтінде оған жататын ашу және жабу мәмілелері осы операцияның мәні ретінде пайдаланылады деп болжамдалатын бағалы қағаздардың толық немесе ішінара өтелуі жүргізілетін осы операцияның болжалды мерзімі ішінде белгілі болса, «тікелей» тәсілмен ОК-мен репо операциясын жүзеге асыруға тыйым салынады. Бұл ретте, мұндай операцияларды жасаудың мүмкін болмауына байланысты барлық тәуекелдер мен салдарларды клиент өзіне алады.

59. Клиенттің теңдегегі кез келген ақшалай міндеттемелерін орындау мерзімі басталған шектелген уақытқа дейін жасалған, орындау мерзімі басталған ішінара қамсыздандырылған мәмілелер, соның ішінде ішінара қамсыздандырылған мәмілелер бойынша міндеттемелерін, ОК-мен тікелей репоның ақша қаражаттарын қайтару және олар бойынша пайыздарды төлеу міндеттемелерін, клиенттің комиссиялық сыйақыны төлеу және Қоғамның шығыстарының есесін толтыру бойынша міндеттемелерін анықтау сәтінде мұндай міндеттемелерді орындауға жеткілікті ақша қаражаттарының бос қалдығының жоқтығы Қоғамның клиентке «тікелей» тәсілмен ОК-мен репо мәмілесін клиенттің ақша қаражаттарының бос қалдығының сомасы мен орындау мерзімі басталған ақшалай міндеттемелерінің шамасы арасындағы айырмаға тең сомада жасауға құқығын таниды.

60. Анықтау сәтінде бағалы қағаздар бойынша кез келген міндеттемелердің орындалу мерзімі басталған шектелген уақытқа дейін жасалған, орындау мерзімі басталған ішінара қамсыздандырылған мәмілелері бойынша міндеттемелердің, соның ішінде ОК-мен тікелей репоның бағалы қағаздарын қайтару бойынша міндеттемелердің жоқтығы Қоғамның клиентке «тікелей» тәсілмен ОК-мен репо мәмілесін клиенттің сауда-клирингтік шотында бағалы қағаздардың саны мен орындау мерзімі басталған бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің саны арасындағы айырмаға тең көлемде жасауға құқығын таниды.

61. Қоғамның клиентке ашқан өтелмеген жайғасымдарды ауыстыру бойынша «тікелей» тәсілмен ОК-мен репоның мерзімі бір сауда күнін құрайды.

62. Клиенттің өтелмеген жайғасымдарын ауыстыру үшін «тікелей» тәсілмен ОК-мен репо мәмілелері үшін комиссиялық сыйақының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен шарттары Қоғамның тарифтерімен айқындалады.

5. Айрықша жағдайлар

63. Қоғам клиентінде бағалы қағаздар эмитентінің дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалардың тізілімі тіркелген күн ретінде белгілеген күні «тікелей» тәсілмен ОК-мен ашық репо бар болған жағдайда, Қоғам алынған дивидендтердің сомасын «тікелей» тәсілмен ОК-мен репо мәмілелері бойынша сатушы болып табылатын клиентке табыстайды. Дивидендтерді аудару KASE-нің Қаржылық құралдармен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру қағидаларына сай жүргізіледі.

64. Осы Нұсқаулық клиенттердің назарына олар күшіне енгенге дейін кем дегенде 3 (үш) жұмыс күні бұрын оны Қоғамның ресми интернет-ресурсына орналастыру арқылы жеткізіледі.

